**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі**

**Инновациялық Еуразиялық Университеті**

**Батхолдин К.С.**

# Кредиттің оқу жүйесінде жоғары оқу орнында тәрбие жұмысының педагогикалық – психологиялық негіздері

**МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ**

**6М010300 «Педагогика және психология» мамандығы**

**Павлодар 2015**

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі**

**Инновациялық Еуразиялық  Университеті**

**«Педагогика және спорт» департаменті**

«Қорғауға жіберілді»
___________ департамент
директоры  ___________ **В.В. Сергеева**

# МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

**Тақырыбы:  «Кредиттің оқу жүйесінде жоғары оқу орнында тәрбие жұмысының педагогикалық – психологиялық негіздері»**

**6М010300  «Педагогика және  психология» мамандығы бойынша**

**Орындаған**
**ПжП (м)-202 тобының**
**магистранты** **К.С.Батхолдин**
**Ғылыми жетекшісі,**
**п.ғ.д., проф.** **Б.Д. Каирбекова**

**Павлодар 2015**

**Министерство образования и науки Республики Казахстан**

**Инновационный Евразийский Университет**

**Департамент «Педагогика и спорт»**

**Батхолдин К.С.**

# Психолого-педагогические основы воспитательной работы в вузе при кредитной системе обучения

**6М010300 «Педагогика и психология»**

**РЕФЕРАТ**

**Диссертации на соискание академической степени магистра образования по специальности «Педагогика и психология»**

**Павлодар, 2015**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразиялық Университеті

«Педагогика және спорт» департаменті

Батхолдин К.С.

# Кредиттің оқу жүйесінде жоғары оқу орнында тәрбие жұмысының педагогикалық – психологиялық негіздері

6М010300 «Педагогика және психология»

«Педагогика және психология» мамандығы бойынша білім магистрі академиялық дәрежесін алу үшін диссертация

## РЕФЕРАТЫ

Павлодар, 2015

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы.- Алматы, 1995.
2 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі № 409-І.- Астана, 1999.
3 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымындағы № 873 «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» қаулысына - Астана, 2012.
4 ҚР "Білім беру мекемелерінде тәрбие үрдісін ұйымдастырудың кешенді бағдарламасы"- Астана, Акорда, 2011.
5 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» қаулысы

# АНЫҚТАМАЛАР

Кредиттік технология - кредит көлеміндегі білімді есепке алу және білім траекториясын таңдау, жеке тұлғалық ерекшеліктерді есепке алу негізінде шығармашылықпен білім алып, өз білім деңгейін көтеруге бағытталған білім беру жүйесі.

I.1.бухг. кредит – (жеке адамның я мекеменің аласысы жазылатын счет).

II.1.кредит, несие – несиеге беру, сатып алу;

2. қаржы саласында. Кредит – арналған (ағарту жұмысына арналған) қаражат;

3. кредит (жанама мағынасы – доверие) – сенім; мысалы, саяси сенім деп тәржімаланған [3, 361-б]

# МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| | Кіріспе | 4 |
| 1 | Кредиттік тех | 8 |
| 1.1 | нология арқылы тәрбие берудің теориялық негіздері | 8 |
| 1.2 | Жоғары оқу орындары студенттеріне тәрбие беру мәселесі | |
| 1.3 | Жоғары мәдениеттілікті кредиттік технология арқылы үйретудің басты қағидалары. | 25 |
| | Студенттерге тәрбие жүйесін кредиттік технология арқылы үйретудің психологиялық негіздері. | 32 |
| 2 | Студенттерге тәрбие жүйесін кредиттік технология арқылы үйретудің әдістемелік негізі | 45 |
| 2.1 | Қазақ халқының мәдени мұрасының студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы әлеуеті | 45 |
| 2.2 | Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың әдіс-тәсілдері | 59 |
| 2.3 | Жоғары білім беру жүйесіндегі студенттердің оқудан тыс қызметін ұйымдастыру процесін модельдеу | 61 |
| 3 | Жоғары оқу орнындағы тәрбие жүйесі жөніндегі білімдерді қалыптастырудың әдістемелік негіздері | 67 |
| 3.1 | Жоғары кәсіптік білім беру функцияларының тәрбие жүйесіне әсері | 67 |
| 3.2 | Жоғары оқу орнындағы тәрбие жүйесінің бағыты мен мәні. | 72 |
| 3.3 | Кредиттік оқу жүйесі бойынша жүргізілген эксперимент нәтижелері | 75 |
| | Қорытынды | 85 |
| | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі | 87 |

# КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмысының өзектілігі**. Қазіргі қоғам талабы білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің технологиясын жаңартуға бағытталған көптеген міндеттерді жүктеп отыр. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында білім беру жүйесінің қайта құрылуы, оның адамгершілікке бағдарланып, мәдениеттен көрініс алуы адамның шығармашылық әлеуетінің ашылуына, рухани құндылық бағдарының қалыптасуына әсер етеді. Адамның руханилығын өз халқының мәдениетінен оқшау дамыту мүмкін емес. Мәдениет адамзат тұрмысының формасы ретінде өзінің көрінісінде көпжақтылықты байқатады. Соның бірі болып рухани құндылықтардың бірегей әлемін қарастыратын және соның негізінде адамның қалыптасуына әсер ететін халықтың мәдени мұрасы саналады.

Болашақ мұғалімдерді тәрбиелеудің теориялық саласы А.В.Луначарскийдің, П.П.Блонскийдің, С.Т.Шацкийдің, А.С.Макаренко мен В.А.Сухомлинскийдің ғылыми еңбектері мен практикалық жұмыстарында көрініс алған. Тұлғаның эстетикалық мәдениетін (М.Р.Каган, А.Н.Буев, А.Г.Егоров, О.В.Лармин және т.б.), рухани мәдениетін (А.И.Арнольдов, Э.А.Баллер, В.А.Межуев, П.Н.Федосеев, Ю.У.Фохт-Бабушкин, И.Т.Фролов және т.б.) қалыптастыру мәселелері де бірқатар ғалымдардың еңбектерінде әдіснамалық тұрғыда қарастырылады.

Қазіргі ғылыми ізденістерде де тұлғаның эстетикалық-адамгершілігін қалыптастыру үдерісін зерттеуге қызығушылық артып, эстетикалық және адамгершілік мәдениетінің мәніне, мазмұнына, құрылымына түсінік беруде әртүрлі көзқарастар пайда болуда (Л.В.Алехина, Н.Л.Аринина, О.А.Зорова, Н.Б.Крылова, В.П.Матюхин, Л.П.Печко және т.б.). Олардың көзқарастары бүгінгі таңдағы бірқатар ғалымдардың (Г.С.Батишев, А.А.Бодалев, А.И.Бурова, В.В.Давыдов, И.А.Зязюн, Е.В.Квятковский, А.Н.Леонтьев, Б.Т.Лихачев және т.б.) тұлғаны тәрбиелеу, білім беру және дамытудағы ұсынылған тұжырымдамасына сәйкес келеді. Біздің жұмысымыз үшін бірқатар ғалымдардың (Б.Г.Ананьев, Н.В.Кузьмина, В.А.Кан-Калик, Л.В.Рувинский, В.А.Сластенин, Н.Ф.Талызина және т.б.) мұғалімдерді даярлаудағы процестің заңдылықтары мен оны қайта құру шарттары туралы айтқан тұжырымдамалары және мұғалімнің эстетикалық мәдениеті бойынша ұсынған теориялық моделдері аса пайдалы болды.

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде (М.Х.Балтабаев, қ.е.Ералин, С.А.Ұзақбаева, Б.Алмұхамбетов, С.Жолдасбекова, Ұ.М.Әбдіғапбарова, Ш.Құлманова, Р.Дүйсенбінова, Қ.Ибраева және т.б.) эстетикалық тәрбиені қазақтың сәндік-қолданбалы өнері арқылы жүзеге асыру, қазақ халық педагогикасының эстетикалық тәрбиедегі әлеуеті, болашақ мұғалімдерді қазақ халық музыкасын, қолөнерін тұлғалардың эстетикалық тәрбиесінде пайдалануға даярлау, қазақ халық өнері негізінде студенттердің көркемдік мәдениетін қалыптастыру проблемалары қарастырылады.

Қазақ халқының эстетикалық, көркемдік мәдениет, рухани-дүниетанымдық мәдениет, оның өзіндік ұлттық психологиялық ерекшеліктері, мазмұндық сипаты философтар мен мәдениеттанушылардың, психологтардың, педагогтардың еңбектерінде жан-жақты көрініс табады (Б.Қазыханова, Қ.Ж.Нұрланова, Н.Шаханова, К.Қаракөзова, А.Қасабекоов, Ж.Алтаев, Н.Джандильдин, А.Сейдімбек, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Қ. Бөлеев және т.б.).

Сонымен, аталған ғылыми зерттеулерге жасаған талдау қарастырылып, ЖОО студенттерге оқу үдерісінде тәрбие жұмысы арқылы да тәрбиелеуге болатыны анықталды. Қазіргі кезде ЖОО оқу үдерісінің кредиттің жүйеге көшуіне байланысты Кредиттік оқыту технологиясы бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ережесіне сәйкес, кредиттік оқыту технологиясы дегеніміз - білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының таңдауы және реттілікпен оқуын өз бетінше жоспарлауы негізінде іске асыру.

Қазіргі кездегі ақпараттық қоғам жоғарғы оқу орындарының алдына өз бетінше керекті білімін ала алатын және оны практика жүзінде қолдана алатын; өз бетінше сынмен ойлауға, нақты жағдайда туындайтын мәселелерді кере білетін және оларды шешу жолдарын іздей апатын; ақпаратпен сауатты жұмыс істеуге қабілетті; әр түрлі әлеуметтік топтарда, ұжымдарда жұмыс істей алатын; өз бетінше ой-өрісін, мәдени деңгейін дамыта алатын қабілетті мамандарды тәрбиелеуді талап етеді [1].

**Зерттеудің мақсаты.** Жоғары оқу орындарының студенттеріне тәрбиені кредиттік технология арқылы меңгертудің ұтымды әдістемесін жасау.

**Зерттеу нысаны.** Жоғары оқу орындарының студенттеріне тәрбиені кредиттік технология арқылы үйрету үрдісі.

**Зерттеу пәні.** Жоғары оқу орындарының студенттеріне тәрбиені кредиттік технология арқылы үйрету әдістемесі.

**Зерттеу жұмысының болжамы.** Жоғары оқу орындарының барлық бөлімінде тәрбиенің түрлерін кредиттік технология арқылы оқыту, біріншіден, студенттердің өзінше ізденуіне, шығармашылық әрекет арқылы меңгеруіне ықпал етеді. Екіншіден, тілдесімде қарым-қатынас құралы ретінде тиімді қолдануына мүмкіндік береді.

**Зерттеу міндеттері:**

- ұсынылған тақырыптың ғылыми-теориялық негізін айқындау;
- кредиттік технология ұғымының мағынасын ашып, ерекшелігін көрсету, сипаттамасын беру;
- студенттерге тәрбие беруге арналған жаттығулар жүйесін айқындау;
- тәрбиені кредиттік технология арқылы меңгертудің тиімді жолдарын ұсынып, экспериментten өткізу;

**Қорғауға мынадай қағидалар ұсынылады:**

1. Студент тұлғасының эстетикалық мәдениеті, қарым-қатынас барысындағы эстетикалық қажеттілікте, эстетикалық пайымдау мен баға бере білу ерекшеліктерінде, сондай-ақ меңгерген эмоционалдық-эстетикалық әсерін өзінің кәсіби іс-әрекетінде шығармашылықпен пайдалану даярлығында жүзеге

асырылатын эстетикалық және көркемдік құндылықтарға көзқарасын сипаттайды.

2. Қазақ халқының мәдени мұрасының мазмұны, жіктемесі студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы педагогикалық мүмкіндіктерінің жоғары екендігін дәлелдейді.

3. «Қазақ халқының мәдени мұрасын студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда пайдалану тұжырымдамасы» халықтың эстетикалық-көркемдік құндылықтарына және қазіргі қоғамның талаптарына негізделеді.

4. Құрылымдық модель мен өлшемдер, көрсеткіштер студенттердің эстетикалық мәдениетінің қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптасуы деңгейін зерттеуге және анықтауға ықпал етеді.

5. Педагогикалық шарттар студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыздандырады: студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру мақсатында оның төрт компоненті негізінде (эмоционалдық-мотвиациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, бағалау) оқу-тәрбие үдерісін мақсатталған педагогикалық ықпалға бағдарлау; жоғары мекеметің оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыруға жүйелілік, кешендік, тұлғалық-әрекеттік, этнопедагогикалық тәсілдің болуы; студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру үшін педагогикалық пәндердің және тәрбие жұмысының мазмұнына қазақ халқының мәдени мұрасын қосу; студенттерді педагогикалық ықпал ету объектісінен оқу-тәрбие үдерісінің белсенді субъектісіне ауыстыру.

6.Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру әдістемесі оларға меңгерген білім, іскерлік, дағдысын тұлғалардың эстетикалық тәрбиесін тиімді шешуде пайдалануға мүмкіндік береді.

**Жетекші идея.** ЖОО студенттері болашақ мамандықтарына қатысты қатынаста дұрыс қолдану арқылы білімді, тәрбиені терең меңгереді. Және де қазақ халқының мәдени мұрасы – студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың негізгі факторы.

**Зерттеудің әдіснамалық негіздері.** Еңбекте қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша әдіскер-ғалымдардың ой-пікірлері мен тұжырымдары, оқытудың жаңа технологияларына байланысты зерттеулер мен жинақталған тәжірибелер, қазақ және шетел тілдерін кәсіби бағытта қатысымдық қырынан оқыту әдістемесіне байланысты ғылыми зерттеу еңбектер, педагогика, психология ілімдерінің жетістіктері басшылыққа алынды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәні:**

1. Эстетикалық мәдениеттің педагогикалық мәні мен мазмұны және оның мұғалімнің кәсіби даярлығы құрылымындағы орны анықталды;

2. Қазақ халқының мәдени мұрасының мазмұны анықталып, жіктемесі жасалды және студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы мүмкіндіктері айқындалды;

3. Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың тұжырымдамасы жасалды;

4. Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың құрылымдық моделі жасалды және өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды;

5. Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыруды қамтамасыздандыратын педагогикалық шарттар анықталды;

6. Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың әдістемесі жасалды және тәжірибелі-эксперимент жүзінде тексерістен өткізілді.

**Зерттеудің практикалық мәні.** Жоғары оқу орындарына арнап:

- «Қазақ халқының мәдени мұрасын студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда пайдалану тұжырымдамасы»;
- «Эстетикалық мәдениет негіздері», «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», «Педагогика» оқу құралдары;
- «Қазақ халқының мәдени мұрасының эстетикалық мәдениетті қалыптастырудағы әлеуеті» атты элективті курс бағдарламасы;
- «Қазақ халқының мәдени мұрасын тұлғалардың эстетикалық тәрбиесінде пайдалану» әдістемелік нұсқаулар;
- Студенттердің эстетикалық мәдениетінің қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптасуы деңгейін анықтау әдістемесі жасалды.

Зерттеу нәтижелерін жоғары және арнайы орта оқу орындарында, жалпы білім беретін мекеметер мен лицей, гимназияларда, педагог кадрлар біліктілігін жетілдіру институттарында пайдалануға болады.

**Зерттеу базасы.** Тәжірибелі-эксперимент жұмысы Алматы технологиялық университетінің студенттерімен үш кезеңде (анықтау, қалыптастыру, бақылау) жүргізілді.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі** теориялық-әдіснамалық және әдістемелік тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, кешенді әдістерді қолданумен, зерттеудің негізгі қағидалары мен нәтижелерін практикаға ендірумен, тәжірибелі-эксперимент барысында пайдаланылған әдістемелік ұсыныстардың тиімділігімен, ғылыми болжамның дәлелденуімен, ізденушінің жоғары оқу орнындағы жұмыс тәжірибесімен қамтамасыздандырылады.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысында баяндау, салыстыру, сипаттау, жүйелеу, талдау, жинақтау, сараптау, тәжірибеден өткізу, бақылау, қорытынды жасау әдістері қолданылды.

**Диссертация құрылымы:** зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдыдан, әдебиеттер тізімінен тұрады.

## 1 Кредиттік технология арқылы тәрбие берудің теориялық негіздері

### 1.1 Жоғары оқу орындары студенттеріне тәрбие беру мәселесі

Қоғамдағы қатысымдық қызметінің деңгейін көтеру үшін оны студенттерге мамандыққа қатысты оқытып үйретуді жаңа үрдісте дамытып, жетілдіру қажет. Бұл жағдай аталған іске жаңаша қырынан келу керектігін айқындайды. Басқаша айтқанда, студенттердің оқу әрекетінің белсенділігін арттыру және танымдық әрекетті жандандыратын әдістерге ерекше көңіл бөлу – негізгі әдістемелік мәселе болып отыр. Сондықтан да жоғары оқу орындарында тәрбие жүйесәне «кредиттік технология» арқылы оқыту мәселелерді шешудегі басты ұғым болып табылады.

«Кредит» ұғымын алғаш рет 1869 жылы Гарвард университетінің Президенті, америкалық білім беру саласының белгілі қайраткері Чарльз Элиот енгізген. Бүгінде Америка мен Батыс Европаның көптеген елдерінде қолданылатын кредиттік оқыту технологиясы және оның ережелері Қазақстанда да жетілдіріліп келеді. ҚР-ның мемелекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында (Жоғары білім. Негізгі ережелер. ҚР МЖМБС 5.04.019-2008. ҚР БжҒМ 23.01.2008 ж.) білім берудің кредиттік технологиясы ұғымына төмендегідей анықтама берілген: « ... кредит көлеміндегі білімді есепке алу және білім траекториясын таңдау, жеке тұлғалық ерекшеліктерді есепке алу негізінде шығармашылықпен білім алып, өз білім деңгейін көтеруге бағытталған білім беру жүйесі кредиттік технология», – деп аталады [2,5].

Мұнда кредит ұғымына «оқу кезеңінде әртүрлі көрсеткіштер негізінде (мысалы, студенттің аудиториялық жұмысының көлемі, студент жұмысының жалпы көлемі немесе оқу материалының көлемі) есептелініп шығарылатын студенттің оқу әрекеті көлемінің шартты түрдегі өлшемі» деген анықтама беріледі.

Орысша-қазақша сөздікте І.1.бухг. кредит – (жеке адамның я мекеменің аласысы жазылатын счет). ІІ.1.кредит, несие – несиеге беру, сатып алу; 2. қаржы саласында. Кредит – арналған (ағарту жұмысына арналған) қаражат; 3. кредит (жанама мағынасы – доверие) – сенім; мысалы, саяси сенім деп тәржімаланған [3, 361-б]

Әлемдік әдістеме ілімінде және педагогикалық тәжірибесінде аталған мәселе жан-жақты зерттеліп, біраз жетістіктерге жеткенін және соның нәтижесінде ғылыми еңбектер жарық көргенін атап айту қажет.

Кредит ұғымының этимологиялық мәні латын тілінде (credere-верить) сенім көрсетемін дегенді білдіреді. Оқу үдерісінде кредит ұғымы студентке білімді, яғни оқу материалын өз бетімен ізденушілік әрекет арқылы меңгеруге сенім көрсету болып табылады. Кейбір еңбектерде кредит ұғымы несие деп те айтылып жүр.

Педагогика ілімінде кредит термині сол қалпында кредит деп айтылады. Зерттеу еңбекте де бұл ұғымның атауы бастапқы қалпында кредит деп қалдырылып отыр. Өйткені, біріншіден, кредит ұғымы – еліміздің білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып отырған термин. Ол қазақ тіліне орыс тілі

арқылы ғылым саласынан ауысқан экономикалық термин. Екіншіден, қарастырып отырған мәселеге сай әдістемелік ғылымдағы белгілі бір ұғымды білдіреді.

Кредит ( credit, credit-hour) – тұлғаның оқу жұмысы көлемінің өлшем бірлігі. Ол оқу еңбегі көлемінің қолайлы, икемді, өзгермелі өлшемі.

Сонымен, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша студент игеретін білім ауқымы кредит түрінде есептеледі.

Енді кредиттік технология деген не, оның негізгі қағидалары мен ерекшеліктері қандай деген мәселеге тоқталатын болсақ, ол мынадай басты қағидаларға негізделеді:

- икемділігі, яғни біріншіден, берілген оқу кезеңінің әр семестрінде игеруге қажет пәндерді студент өз таңдауы бойынша алуына ерікті; екіншіден, студент оқу кестесін өзіне ыңғайлы жүйемен жасауға құқылы;
- еркіндігі, мұнда біріншіден, студент дәрісханалық сабақ, жеке жұмыс пен өзіндік жұмыстың өзара тиімді арақатынасын анықтап, оқудың дербес түрін таңдап алуына мүмкіндігі бар; екіншіден, студент пән оқытушысын өзі таңдауға құқылы;
- оқу белсенділігі, біріншіден, студент білімді өз бетінше игеріп, жеке тұлға ретінде әлеуетін дамытуға, шығармашылық іс-әрекетке машықтанады; екіншіден, өмірдің нақтылы бір жағдайында білімін тиімді пайдаланып, ұтымды шешім қабылдау дағдысын қалыптастырады.

Сонымен оқытудың кредиттік технологиясы дегеніміз – оқу пәндерін, оларды игеру тәртібін студент еркін таңдай отырып, білімді ізденушілікпен игеруіне, одан әрі жетілдіруіне мүмкіндік алатын оқыту жүйесі.

Оқытудың кредиттік технологиясының басты ерекшелігі мынада:

- «жалпыға ортақ білім» парадигмасынан «жеке тұлғаға арналған білім» парадигмасына қадам жасауында;
- студенттердің өзіндік жеке білім алу траекториясын таңдау еркіндігін жетілдіруінде;
- қажетті білімді, іскерлік, дағдыны өз бетімен игере алатын шығармашыл, өзін-өзі басқара алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталуында.

Кредиттік технология арқылы оқыту мазмұны, оны меңгеруге қойылатын талаптар мен шарттар силлабус мазмұнымен айқындалады. Силлабус студентке оқыту бағыты, саясаты жөнінде жалпы мағлұмат алуға мүмкіндік береді.

Студенттердің білімін тексеруде академиялық рейтингтік бақылау қолданылады. Студенттердің академиялық рейтингі (Rating) – ағымдық, аралық және қорытынды бақылау нәтижесі бойынша студенттің игеру деңгейінің сандық көрсеткіші. Жоғары оқу орындарында кредиттік технология арқылы оқыту жетістіктерін бақылау түрлері: ағымдық және аралық бақылау (лексикалық және граматикалық бағыттағы сұрақтар, сөйлесім әрекеттеріне негізделген оқу пәні тақырыптары бойынша бақылау жұмыстары, студенттердің өзіндік ізденушілік, шығармашылық жұмыстарды қорғауы, тапсыруы, т.б.) және қорытынды бақылау (грамматика және сөйлесім әрекеті түрлері бойынша тестілеу, емтихан) түрінде ұйымдастырылады. Осы кредиттік оқу жүйесі

бойынша пән бойынша болсын, сабақтан тыс уақытта, күнделікті өмірде, қоғамдық жұмыстарда студенттерге тәрбие беру, мәдиетті тұлға қалыптастыру бойынша келесі бөлімде қарастырдық.

**Кредиттік оқыту технологиясы бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ережесіне сәйкес, кредиттік оқыту технологиясы дегеніміз - білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының таңдауы және реттілікпен оқуын өз бетінше жоспарлауы негізінде іске асыру.**

**Қазіргі кездегі ақпараттық қоғам жоғарғы оқу орындарының алдына өз бетінше керекті білімін ала алатын және оны практика жүзінде қолдана алатын; өз бетінше сынмен ойлауға, нақты жағдайда туындайтын мәселелерді кере білетін және оларды шешу жолдарын іздей апатын; ақпаратпен сауатты жұмыс істеуге қабілетті; әр түрлі әлеуметтік топтарда, ұжымдарда жұмыс істей алатын; өз бетінше ой-өрісін, мәдени деңгейін дамыта алатын қабілетті мамандарды тәрбиелеуді талап етеді [1].</h4>**

**Кредиттік оқыту технологиясын пайдалану ақыны оқу үдерісін ұйымдастырудын басты міндеттерінің қатарына: білім көлемін біріздендіруді, оқытуды барынша даралaндыру үшін жағдай туғызуды, білім алушылардың өзіндік жұмыстарының рөлі мен тиімділігін күшейтуді, білім алушының оқудағы шынайы жетістіктерін оларды тиімді бақылау рәсімдері негізінде анықтауды жатқызамыз. Кредиттік оқыту технологиясының негізгі міндеттерінің ішінде - оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану, білім беру бағдарламаларын меңгеруде білім алушылардың өзіндік жұмыстарын жандандыруды атап еткен жөн.**

**Кредиттік технологиялық оқыту үдерісінің сапасын көтеруі мен сол үдерісті реттеу үшін студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәні өте зор. Студенттің дербес ойлауын, танымдық белсенділігін туындату үшін жағдай жасайтын кез келген жұмыс түрі өзіндік жұмыс деп аталады. Кең мағынада алғанда, өзіндік жұмыс дегеніміз - студенттің оқу аудиториясындағы және одан тыс та, оқытушының катысуымен және оның қатысуынсыз да дербес орындалатын барлық жұмыстары.**

**Студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмыстары:**

**I. Негізгі аудиториялық сабақ барысында - дәрістерде, практикалық, семинар сабақтарында, зертханалық жұмыстарды орындауда;**

**2. Оқытушының бақылауымен жүргізілетін өзіндік жұмыстар - оқу мәселелері бойынша жоспарлы кеңестер беруде, шығармашылық байланыстар, сынақ, емтихандар, академиялық қарыздарын жою кезінде, т.б;**

**3. Кітапханада, үйде, жатақханада оқу және шығармашылық, жеке үй тапсырмаларын, ғылыми - ізденушілік жұмыс орындау барысында жүзеге асырылатын өзіндік жұмыс.**

**Өзіндік жұмыстарды құрылымдық 2 бөлікке бөлуге болады: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмыс және**

**оқытушының тікелей бақылауынсыз студенттің өз қарауы бойынша ұйымдастыратын өзіндік жұмысы (дәріске, лабораториялық, практикалық сабақтатарға, коллоквиумға әзірленуі, т.б). Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмыс студенттің кәсіби өзін - өзі дамытуға нысаналы даярлығын дамытуды педагогикалық тұрғыда қамтамасыз етеді. СӨЖ - ның мақсаттары - студенттерде өзіндік шығармашылық еңбекке дағдыларын қалыптастыру, қазіргі заманғы құралдарды пайдаланып, кәсіптік тапсырмаларды шеше білу, өзінің білімін үздіксіз жетілдіру, жұмыс уақытын жоспарлау және ұйымдастыру тәжірибесін алу және ой - танымын кенейту.**

**Кредиттік оқыту жүйесі бойынша студенттің тәрбие жұмыстарының әр алуан түрлері ұйымдастырылады. Ол - оқу - әдістемелік әдебиеттерді өз бетінше оқу, аудиториялық сабақтарға дайындалу, рефераттар, сырттай оқу бөлімі студенттерінің бақылау жұмыстары, шығармалар, есептер, тесттерді дайындауды қарастыратын сабақ түрі, жеке консультациялар, кейбір тақырыптардың терендетіліп оқытылуы, коллоквиумдар, интернет желісіндегі жұмыс, т.б.**

**Жоғарыда атап өткендей, аудиториялық өзіндік жұмыс негізінен дәріс оқу кезінде, практикалық, семинар сабақтарын жүргізу, лабораториялық практикум орындау барысында жүргізіледі. Дәріс курсын оқу кезінде проблемалық сұрақтар қою арқылы, нақты тақырып бойынша сұрақтармен, тестілік сұрақтармен студенттердің материалды игеруін бақылау қажет. Практикалық, семинар сабақтарында тәрбие жұмысының әр алуан түрлерін қолдану оқу үрдісін қызықты етеді, студенттердің белсенділігін көтереді. Сондықтан, семинар сабақтарында интерактивті оқыту әдістерін қолданған жөн. Лабораториялық практикумдарды орындауда да белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдануға болады [3],**

**Оқу және тәрбие үдерісі инновациялық технологияларды пайдалануға негізделуі қажет.**

**Интерактивтік оқыту әдістері: «Миға шабуыл», «Кластер», «Шағын топтарда жұмыс істеу», «Бұрыштар», «Құндылық желісі», «Галереяға шарлау», «Презентация», «Рөлдік ойындар», «RAFT», «Автор үстелі», «Жаттығулар (логикалық есептер)», «Топтық мозаика», «Тор», «Қос жазба күнделігі», «Мен зерттеймін», «Т кестесі», т.б. Интерактивті оқыту білім алушылардың бірнеше қабілеттерін дамытады: өз пікірін құру және оны айту, басқа адамның пікірін сыйлау, оқу материалын нақты зерттеу; оқу материалына шығармашылық көзқарас, үлкен аудиторияның алдында сөйлеу және өзінің көзқарасын дәлелдеу, алынған ақпаратты талдау, өзіндік және табысты жұмыс істеу қабілеттілігін дамыту, өзінің жеке даралығын көрсету.**

Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелерінің тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы құрылды. Бағдарламаның мақсаты: жастар бойына азаматтық пен ұлтжандылықты қалыптастыру, халық дәстүрін дәріптеуге, мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге тәрбиелеу, шығармашылық

және танымдық істерге араласуға дайындығын қамтамасыз ету; ұлтжанды төзімді, рухани жағынан бай, шымыр да белсенді тұлғаны қалыптастыру; Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге үйрету.

Міндеті:

- Жас жеткіншектерге патриоттық тәрбие беруді нығайту
- оқушылардың ұлтаралық және этникалық қарым-қатынас мәдениетін көтеру
- оқушы жастар арасында нашақорлық пен басқа да жаман әдеттерден сақтандыруда тәрбие жұмысын жүйелі жүргізу
- балалар арасындағы жағымсыз іс-әрекеттерді болдырмау, баланы бақылаусы, қараусыз қалдырмау үшін жүргізілетін іс шаралар жүргізу
- тәрбиеге көнбейтін бала мен оқушы жастарға психологиялық көмек көрсету.
- Тәрбие жұмысына ата-аналарды көбірек тарту, олардың педагогтармен ынтымақтастығын дамыту.
- балалар мен жасөспірімдердің бастамаларын жетілдіру және қолдау;
- тәрбиенің жаңашыл технологияларын қолдану
- оқушылардың ой-өрісін жан-жақты дамыту.

Отбасы-қоғамның ең маңызды тобы, бірлестігі. Жас баланы тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлар бойы жинақтаған, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәлім-тәрбиенің. Оның өзекті арқауына ұлттық сана –сезім, қадір-қасиет, ар –ождан, ұлтжандылық отансүйгіштік, ізгілік, ізеттілік және т.б. жататыны, олардың өмірдегі мән-мағынасы сараланады. Жас баланы ерлікке, жігерлі болуға, сөз бен істің бірлігі сияқты қасиеттерге тәрбиелеудің орны ерекше.

Әсіресе, ата-ананың, туған-туыстың айтқан сөздері қоғамдық өмірде болып жатқан құбылыстар, оларға айтқан пікірлері, қабылданып жатқан шешімдерге берген бағалары жас бала арнайы тыңдап, мән бермегенімен, ойын арасында естігенін біртіндеп белгілі бір ой қалыптастырып, тұжырымдар жасайды.

Халық отбасындағы тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Оны «Таяқтау оңай, тәрбиелеу қиын» деген мақал-мәтелден көруге болады. Баланың адам ретіндегі қалыптасуындағы тәрбиенің негізі ата-анадан деп есептегенімен, жүрген ортаның ағайын-туыстың, жора-жолдастың отбасыныың ең әуелі туған жердің табиғатына дейін әсер тигізетіні рас. Бұлардың бәрін, ержетіп, азамат болуда ықпал етер шарты жағдайлар деп бағаласақ, көгеріп, көркейіп өскен жастың жанына азық, бойына қуат, өнеге беретін аялы алтын діңгегі-әке-шешесі. Тіршіліктегі барлық нәрсенің бір – бірімен сабақтас болғаны сияқты, баланың бойындағы, әдетіндегі небір жақсы, жаман қасиеттің көздері осыларда. Ананың, тәрбиешінің, ұстаздың шеберлігіне қарай бала бойында ұстамдылық, нәзіктілік, кішіпейілділік қалыптастыру арқылы олар азаматтық, табандылық мінезге ие болады. Сондықтан, ата-анаға, ұстазға өз жүрегінің тебіренісін, жай-күйін бала сезіміне әсер ететіндей жеткізе білуге тырысқан жөн.

Қазіргі кездегі педагогика бойынша отбасылық тәрбие-ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың жүйесі. Олай болса, әрбір ата-анаға осы жүйені ғылым және өнер ретінде жан-жақты меңгеру қажет.

Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың тәрбиелік мәні зор. Атақты, белгілі педагогтардың ойларынша, отбасындағы ата-ананың тәрбиелік жұмыстары өз-өздерін тәрбиелеу. Олай болса, әрбір ата-анаға, біріншіден, баламен қарым-қатынаста жетекшілік ету керек. Ал, баламен педагогикалық қарым-қатынас жасау баланың адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуындағы ауытқуларды ескертеді.

Отбасы тәрбиесінің қазіргі кездегі іс-тәжірибесінде педагогикалық қарым-қатынастың бірнеше түрлері белгілі. Олар:

1) әмірлі демократиялық
2) бетімен жіберушілік
3) бәрін кешірушілік т.с.с.

Осы педагогикалық қарым-қатынастың ішінде тек демократиялық түрін қолдану ата-ананың алдындағы абыройын жоғарылатады. Өйткені, ол балаға деген сенімділік, тең құқықтық, жоғары деңгейдегі іскерлік талаптары негізінде құрылған.

Тәрбиеге арнайы бөлінген уақыт жоғы белгілі. Ата-ана өз еңбегімен, өмірге деген саналы көзқарасы, жақсы қасиеттері арқылы қадірлі ғұмыр кешіп, ұрпағына мирас ете білсе, өзінен күш-қуат кетіп, бағу-қағу сияқты күтім қажет кезінде кімді тәрбиелеп кімді өсіргенімен бағалы болады.

Ата-аналардың балаға деген махаббаты-әрбір азаматтың Отанға, досқа, туысқа, жарға деген махаббатының жетекшісі, көшбасы деп түсінуге болады. Өмірдегі небір сырлы сезімде қауымы білім мен тәрбиені қадағаласа еліміздің ата-ананың балаға деген мейірім махаббатынан тараған. Сол ата-ананың өзі еккен махаббаты, тәрбиесі қартайғанша тозбайды, ондай ата-ана өткен өміріне өкінбей, еңбегінің жанғанына риза болады.

Демек, «Алмақтың да салмағы бар», дегендей, әрбір жас, ең алдымен, өзін дүниеге әкелген ата-анаға түрлі қамқорлық жасап отырған Отанға, білім берген ұстаздарға, рухани азық, үлес қосқан адамдарға қарыздар. Оның өтеуі-азаматтың жан-жақты білімді, мәдениетті еңбекшіл, мейірімді адам болып қалыптасуы, өмірден өзіне лайықты орын табуы, Отан мен ананың игілігін арттыруға үлес қосуы деп түсінгеніміз жөн.

Ата-аналар тарапынан балаларды сабаққа кешіктірмей, сабаққа мектеп формасымен келуін қадағаласа, мектепке ұстаздар қауымы білім мен тәрбиені қадағаласа еліміздің ертеңі болар ұрпақ тәрбиелейміз. Ал, балаға тәрбие беру баршамызға ортақ мәселе, бала болашағымыз.

Ахмет Байтұрсынов «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген екен. Ертең осы елге ие болып, тізгінін ұстар азаматтар бүгінгі мектеп оқушылары болғандықтан, еліміздің жарқын болашағы, өзіміздің қызмет істеп жүрген мектеп болашағы біздің ұстаздардың ізденісіне, балаларға деген сүйіспеншілігіне, кәсіптік деңгейіне байланысты екенін жақсы түсінеміз.

Шындығында мұғалім алдында балаларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр.

«Ел боламын десең-бесігінді түзе»6-деп М.Әуезов айтқандай ел болашағы қазіргі жасөспірімдеріміздің қаншалықты білімді, тәрбиелі болуына байланысты. Қайсы мемлекеттің де негізгі тірегі-білімді де білікті, іскер де белсенді азаматтар. Сондықтан қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтеді.

Тәрбие жұмысының негізгі өзегі, әрине, сапалы білім, дағдыны меңгерту, болашақ мамандыңына сүйіспеншілігін қалыптастыру, ғылымға құштарлығын арттыру болады. Тәрбие үздіксіз іске асып отыратын біртұтас үдеріс. Сондықтан да оқу-тәрбие үдерісіне жеке тұлғаға білім беру, дамыту, тәрбиелеумен қатар жүргізіледі. Тәрбие үдерісінің біртұтастығы мен бірізділігі, оқу, тәрбие мазмұны мен оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, оларға жоспармен, жүйелі, үздіксіз, ықпал ету арқылы шешіледі. Жас ұрпақтың түйсік, қабылдау, ес, қиял ой және тіл сияқты танымдық –психикалық процестерін дамыту, ақыл ой тәрбиесінің басты міндеттерінің біріү Жас ұрпақтың ақыл-ойының дамуы еңбек пен ғылым білімнің ұштасуына байланысты.

Қоғамдағы барлық байлық адамның ақыл ойымен, екі қолымен жасалатын еңбектің нәтижесі ғылым мен техника, бүкіл өнер туындылары, еңбек пен ақыл ой қызметінің жетістіктері. Халықтық педагогикада : «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнін жоқ», «Оқу-білім бұлағы, білім өмір шырағы», «Ақыл азбайды, білім тозбайды» «Оқу түбі –тоқу» деп қарапайым өмір тәжірибесінен туындаған қағидаларды жас ұрпақтың ақыл-ойын тәрбиелеу үшін пайдаланған. Халық бар дүниенің тетігі ғылымда, оны төзімді еңбекпен аласың деп, заңғар ойлы, парасатты, әділдік жолында алыса білген адамдарды үлгі-өнеге еткен.

Көп оқу, білу керек екенін жастарға танытып, өнер ғылымға бағыттап, сөз шеберлігіне тәрбиелеп отырған. Бұлар халықтың салт-дәстүріне байланысты мерекелерде ұйымдастырылып, ойын-сауық кештерінде іске асырылып, жастардың ой-өрісін жетілдіріп, тапқырлыққа, шешендікке, өткірлікке, ой-қиялын дамытуға мүмкіндік жасап отырған.

Мекеменің тәрбие жүйесінің пайда болуы, қалыптасуы, дамуы көпткген объективтік және субъективтік факторлардың ықпалымен жүретін ұзақ мерзімді және күрделі үдеріс болып табылады. Сонымен қатар ол оқу орнының қызметі мен айналадағы әлеуметтік ортаға мәнді өзгерістер ендіреді.оның нәтижесі көп жағдайда мекеме өмірінде нені, қалай қашан өзгерту қажеттігін анықтай білуге байланысты. Қателеспес  үшін, ең алдымен оқу орнының бүгінгі жағдайы мен келешектегі бейнесін нақты елестете болжай білу өте маңызды.

Мекеменің тәрбие жүйесінің дәл бүгінгі таңдағы және келешектегі бейнесінің үлгісін жасау оның қалыптасуы мен дамуы жағдайында қажет болып табылады.

Үлгі ретінде, философ В.А.Штофтың пайымдауынша, зерттеу объектісінің бейнесі мен елесін таныта отырып, оны алмастыра алатын,яғни оның зерттелуі сол объекті туралы жаңа ақпарат беретін ойша көрініспен материалдық тұрғыда бұрын қолданылған жүйені түсінуіміз керек

Академик В.Д.Афанасьев үлгінің негізгі сапаларын атай отырып, оған мыналарды жатқызады:

- түпнұсқаның –жүйеге ұқсас сай келуі;
- мақсаттылық, яғни оның параметрлерінің жүйе алдына қойылған мақсатпен, күтетін нәтижелерімен сәйкес келуі;
- субъектілік бағалау қатынасына және үлгіні жасаушыларға бейтараптық қатынаста болу;
- түпнұсқаның-жүйенің параметрлерімен және кейбір детальдарымен алшақтау.

Үлгі обьектінің немесе құбылыстың белгілі бір жеңілдетілген, схемаландырылған көрінісі болып табылады. Ол үлгіні жасау үдерісі-ерекше таным тәсілінде жасалды, яғни жүйе зерттеу объектісінің үлгісінде көрініс табады.

Философтардың әлеуметтік құбылыстар мен объектілердің үлгісін жасау проблемалары жайлы көзқарастары мекеметің тәрбие жүйесінің үлгісін жасау жолдарын анықтауға көмектеседі. Үлгі жасау үдерісінде тәрбие жүйесінің мәні мен маңызды сапаларының тең келтіру үлгісін жасалуы тиіс. Жасалатын үлгіде тәрбие үдерісінің субъектілерімен тәрбие жүйесінің компоненттері жайлы түсініктері, жүйе жасаушы факторлар мен байланыстар, жүйенің құрылымы мен қызметінің соңғы және арлықтағы нәтижелері оларды қадағалау менбелгілеп отырудың әдістері туралы түсініктері жинақталуы қажет.Үлгі жасауда қолданылған технологиялар тәрбие жүйесінің әлеуметтік-педагогикалық кешенінің біртұтас үлгісін жасауға мүмкіндік туғызуы керек, яғни тұлғалардың сабақта және сыныптан тыс әрекеттерін өзара байланыстыратын, мекеметің, отбасының және әлеуметтік ортаның тәрбиелік күшін кіріктіретін,инновациялық процестер мен дәстүрлі формалардағы әрекеті біріктірілген, жүйенің қызметіне әсер ететін сыртқы және ішкі факторлардың сипаты мен тенденциялары анықталған,әрі ескерілген болуы керек.

*Тәрбие жүйесінің үлгісін жасау-бұл жүйелі білім беру үлгісін жасау үдерісі.* Мұны әрі тәрбие жүйесін танып білу тәсілі ретінде де, әрі жүйені басқарудың маңызды компоненті ретінде, келешекте де оның қызметі мен даму сатыларында да оның элементтері, байланыстары мен құрылымын өзгеріске ұшырап жатқанда да қажет деп қарастыру керек.

Үлгі жасау үдерісі кезінде шартты түрде 3кезеңді бөліп алуға тура келеді:

I кезең-мекеме бейнесін жасау.

II кезең-оқу орнының тәрбие жүйесінің бір үлгісіне мекеметің осы бейнесін ендіру.

III кезең- оқу мекемесінің тәрбие жүйесі үлгісі мен мекеме бейнесін нақтылайтын аздаған өзгерістер ендіріп өңдеу.

Тәрбие жүйесінің үлгісін жасау үдерісін кезең-кезеңімен қарастырамыз және әр кезеңдегі педагог, тұлға, ата-аналардың бір мақсатқа бағытталған бірлескен тіршілік әрекетінің формалары мен әдістерін анықтаймыз.

Бірінші кезең- мекеме бейнесін жасау. Ол өте күрделі және ұзаққа созылады. Мекеме бейнесін жасау-бұл педагогтардың, тұлғалардың, ата-аналар

мен өзге де әлеуметтік орта өкілдерінің мекеметің тәрбие жүйесінің нақты немесе болжамды үлгісін жасауға және оның құрылымы мен дамуының жолдарын, субъектілері мен құралдарын анықтауға кіріктірілген мүмкіндіктері. Мекеме бейнесі тәрбие жүйесінің компоненттері мен өзара байланысқан бірнеше құрамынан тұрады. Тәрбие жұмысы-бұл жеке тұлғаның неғұрлым толық дамуына бағытталған мақсатты іс-әрекет. Педагог –тәрбиешінің есінде ең алдымен тәрбиешілік және дамытушылық іс-әрекет, ұжымды ұйымдастыру және дамыту, тұлға тұлғасының қалыптасу мәселесі тұруы керек. Қазіргі мекеметің жаопы даму тенденийиялары, тәрбие жүйесінің болуы, әр мекеметегі тәрбие жұмысын атқаруда түрлі әлеуметтік институттандың өзара қызмет бөлісіп алуан, тәрбиешілер қызметінің мақсаттары мен міндеттерінің өзгеріске ұшырауын,олардың функцияларын қайта карауды талап етеді.




Сурет - 1. Қазіргі мекеменің тәрбие жүйесі.

Мекемедегі іс-шаралардың маңызы ерекше. Мекемеде ұйымдастырылатын іс-шаралардың мақсаты оқшылардың дүниетанымын дамытып, қалыптастыру, өмір жайлы түсінігін жетілдіру мекемедегі іс-шаралар тұлғалардың көңіл-күйін көтеріп, мекемеге деген жағымды эмоция қалыптастыруы тиіс. Мекемедегі іс-шаралар дарынды, жігерлі, тұлғалардың өзін-өзі кзрсетуіне, өз орнын түсінуге, ерік жігерін шыңдауға бағытталуы керек. Тұлғаларға жалықпай еңбектенсе, оның нәтижелі болатынына сенім қалатын осындай іс-шаралар арқылы олардыңкөзін жеткізуге болады. Мекеме тұлғаларының үлгілі-өнегелі болуы немесе тәртіп бұзуы тәрбие жұмысының сапасына байланысты.

Мекеметегі оқу-тәрбие істерінде іс-әрекеттің барлық түрлері кешенді түрде іске асырылады. Әр тұлға өз таңдауымен, қалауымен, еркімен атқаратын қоғамдық істерді таңдайды. Мұғалім әр тұлғаның ішкі қажеттілігін ескереді.

Кесте - 1. Мекемедегі тәрбие іс-шаралары мен кешенді істер үлгісі.

| Күні | Мекеме ұжымын дамыту | Топ ұжымын дамыту | Жеке тұлғаны дамыту | Пед. бақылау |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Кесте - 2. Мекеме бейнесі мен тәрбие жүйесі компоненттерін құрастырудың өзара байланысы.

| Мекеме бейнесін құрастырушы | Мекеменің тәрбие жүйесінің |
|---|---|
| 1. Мекеме тұлғасының бейнесі.<br>2. Мекеменің тәрбие жүйесіндегі жеке индивидтер мен бөлек топтардың орны мен трөлі туралы түсінік.<br><br>3. Мекеменің тіршілік әрекетінің бейнесі, ондағы іс-әрекетті жүргізу, оқу-тәрбие үдерісімен қатысушылардың өзара қарым-қатынасы мен араласуы.<br><br>4. Оқу орнының айналадағы әлеуметтік және табиғи ортамен жұмыс істеу өзара қарым-қатынас жайлы түсінік. | 1 Идеялар мен мақсаттардың кіші жүйесінің бөлігі.<br>2. Тәрбиенің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асырушылардың бірлігі.<br><br>3. Іс-әрекет пен қарым-қатынастың кіші жүйесінің бөлігі.<br><br>4. Мекеме ұжымы игерген әлеуметтік және табиғи орта. |

Тәрбие –динамикалық, диалектикалық және үзіліссіз үдеріс.

Тәрбие-дегеніміз адамдарды қоғамдық өмірге және өнімді еңбекке дайындау мақсатын көздеп ,жаңа ұрпақтарға қоғамдық тарихи тәжірибені беру үдерісі. Жаңа ұрпақты өмірге, еңбекке дайындау арқылы қоғамдық жолға қарай дамуын қамтамасыз ету.

Балада берік һәм дұрыс мінез пайда болу үшін тәрбиеші мынау негізгі екі шартты орындау керек.

1. баланың өз қолынан келетін іске балаға толық ерік берілуі.

Басқаның күшіне, көмегіне сеніп кетпей, өз қолынан келмейтін істе ғана тәрбиеші көмек көрсетіп жіберуге міндетті. Күшпен асатын іске кірісіп, баланыңтауы шағылмасы үшін

2. баланы құбылмайтын, ұсақтықпен темір тәртіпке бағындыру керек. Баланы еркіне жіберу оны ерлікке, батырлыққа үйретсе, темір тәртіпке бағындыру оны шыдамдылыққа бағындыру, табандылыққа үйретеді. Осы екі жағы тең адамның мінезі күшті болмақ қой. Баланы тіпті еркіне жібермеу оны жасқаншақ, жасық, қорқақ қылады. Ал тіпті тізгінсіз қоя беру, ләм-мим демей, оның бар еркелігінорындай беру баланы бейбастық, ессіз тентек қылып шығарады.

Осы екі жақтың біреуіне аударып жібермей баланы ортада ұстай білу үшін тәрбиеші мынаны істеу керек.

1. балаға бір нәрсені істе дегенде ақырмай, бақырмай, салмақпен һәм былайда жарайды, деген табансыздық көрсетпеу керек.

Тәрбиешінің табансыздығын сезсе,бала оны сыйлаудан, тілін алудан қалады. Тәрбиеші тиянақты болса, бала оның тиянағына еліктейді.

2. балаға бір нәрсе істе деген де ,істеме дегенде де, бұл бұйрықтың себебін ұқандай қылып балаға ұқтырып отыру керек.

Себебін ұқса, біраздан соң бала өз бетімен –ақ дұрыс іске ұмтылып, теріс істен тиылатын болады. Мән жайын ұқтырмай, құр бұйрық беруші адам – тәрбиеші емес.

Тәрбие деген - баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса-басқа, тұрса аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбие қылу – тұрмыс маңдайында ақылы мен әдіс пен күресе білетін адам шығару деген сөз - дейді М.Жұмабаев.

Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу ісін жетілдіру үшін олардың өзіне дербес ерекшеліктерін еске алып, оқу тәрбие жұмыстарында сана сезімін ояту, өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету мұғалімнің басты міндеті. Мұғалім оқушының білімге, қызығушылық ынтасын, спорт ойындарына құштарлығын анықтайды. Өзін-өзі тәрбиелеуге жүргізілетін жұмыстар тақырыптары; ақыл-ой, құлық, еңбек, эстетикалық тәрбиесін ұштастырып алады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, оқыту мен тәрбиелеудің бір – бірінен ажыратып қалуы, тәрбиенің оқытуға қосымша шара деңгейіне дейін төмендеп кетуі де жастар арасындағы мұратсыздық пен кері кенеушілікке себеп болды. Сондықтан да Үкімет білім беру жүйесін реформалау мақсатында Қазақстан Республикасының Білім Заңын және соған сәйкес жасалған "Білім беру мекемелерінде тәрбие үрдісін ұйымдастырудың кешенді бағдарламасын"жасап енгізді. Онда тәрбиенің 11 бағытын ұсынды.

1. Ақыл-ой тәрбиесі.
2. Дене тәрбиесі.
3. Салауатты өмір салтына.
4. Адамгершілік тәрбиесі.
5. Оқушылардың өзін-өзі жетілдіру.
6. Саяси тәрбие.
7. Құқықтық тәрбие
8. Еңбекке тәрбиелеу.
9. Эстетикалық тәрбие.

10.Экологиялық тәрбие.

11.Экономикалық тәрбие.

**Тәрбиелеу әдістері:** Сенім; үлгі-өнеге көрсету; талап қою; бұйрық; түсіндіру, ұғындыру, мысал арқылы дәлелдеу, көзін жеткізу; әңгімелеу, шешендік өнер үлгілері; сенім, ырым-жырым, наным; тұспалдап, жанамалдап ұғындыру; айту; өткір сөз; әзілсықақ, әжуа, өкпе-наз арқылы білдіру; жаттығу, дау; ымдау; ишаратпен,жұмбақтап, қимыл – қозғалыспен көрсету; жаратпау; тыйым салу, жазалау, ұрсу, жеку, қорқыту, сабау; қарғыс; ұлыттық ойын; жарыс сабақ. Жастайынан имандылық пен салауаттылық қасеттерді сіңіре білсек, тәрбиелесек, сонда ғана біз рухы дамыған, Отанның гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз...

Адамзат баласы болғаннан бастап, тәрбие үрдісі бірге келеді. Әрбір ұлт өкілі, әрбір адамзат ұрпағының болашағы туралы ойлағанда оның тәрбиеге байланысты болатынын түсінді. Тәрбие үрдісі – жеке адамды мақсатты бағытта жүйелі түрде қалыптастыру. Талай ғасырлар бойы өмір сүрген ата бабаларымыздың өмірдегі іс -тәжірибесін, әдет ғұрыптарын тіршілік болмасын кәсібін игеру және өзіне тән ұлттық сананы, ұлттық идеяны қалыптастыру болып табылады. Адам тәрбиесі мен даму бірлігінің өзара байланыстылығы – тәрбие үрдісінің заңдылықтарының бірі. Тәрбие мазмұны формалары мен әдістері көбіне баланың жалпы дамуы деңгейінде жүргізіледі және оған тәуелді. Ал олардың дамуы – ең алдымен тәрбие берудің нәтижесі. Жеке адам тәрбиелене, үйрене отырып дамиды (С.Л. Рубинштейн). Тәрбие дамуды жетелейді. Ол Л.С. Выготскийдың айтуы бойынша адамнан озық тұрады. Тәрбие үрдісі адамның дамуын оның өміріндегі әлеуметтік тәжірибені игеруіне, білімді икемділік пен дағдыларды жай жинақтауға ғана әкеп салмайды. Даму алдымен адамның психикалық іс-әрекетінің сапалық өзгеруіне, жаңа қасиеттің қалыптасуына әкеп соғады. Тәрбие үрдісінің күрделілігі тәрбие беру тек ғылым ісі ғана емес тәрбие ісі, өнер әрі шығармашылық іс екендігі белгілі. Тәрбие үрдісінде белгілі дәрежеде табысқа жету көбіне тәрбиеші мен баланың жеке дара ерекшеліктеріне байланысты. Демек тәрбие үрдісі - жалпы мақсатқа жетуге жеке адамды жан-жақты дамытуға бағытталған тәрбиеші мен оқушының бірлескен өзара байланысты қызметі. Тәрбие беру үрдісі – педагогикалық процестің өте маңызды және өзіндік ісі бағдары бар бөлігі екендігі белгілі. Тәрбие үрдісінің өз мазмұны өз ұстанымдары бар және барлық іс-әрекетті өзіне тән жұмыс формалары, әдістері мен тәсілдері көмегімен іске асырылатын іс. Сондықтан педагогика ғылымында өзіндік жолы, бет бағдары бар тәрбие теориясы мен әдістемесі педагогика ғылымының саласы ретінде өз алдына қалыптасты. Соған орай тәрбие беру үрдісін іске асыру әдістемесі - тәрбие беру жұмысын ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен ұстанымдары, формалары мен әдіс тәсілдері туралы толық та теориялық және практикалық іс-шараларды іске асыру жолын іздестіреді. Тәрбие үрдісінің оқытудан айырмашылығы баланы ата-анасы туғаннан бастап ер жеткенше тәрбиелейді. Бала ер жеткен соң өзі тәрбиешіге айналады. Тәрбие үрдісі мектепте өткізілетін оқу – тәрбие

жұмысының негізгі бөлігі. Оған пән мұғалімдері, тәрбиешілер, оқушылар, білім мекемесі және қоғамдық ұйымдар бірлесе ат салысатын күрделі жұмыс.

Тәрбие үрдісінің ерекшеліктері:

1. Тәрбие үрдісі көп факторлы оған тек мектеп қана емес мемлекет және қоғамдық, көпшілік ұйымдар қатысады.

2. Тәрбие үрдісі ұзақ жүретін құбылыс, оның жемісін бір-екі жылда көруге болмайды. Тәрбие ісі туғаннан мектепте және одан кейінде жалғаса береді. Француз ғылымы Гельвецкий «өмір сүрудің өзі ұзақ тәрбие» деген.

3. Тәрбие үрдісі сатылы сипатта жүргізіледі. Тәрбие алдымен отбасында, мектепте тәртіп ереже ұғымдарын игеру сатысынан өтеді. Одан әрі тәртіп туралы бастапқы ұғымдармен танысса, кейінгі сатысында мінез-құлықтар, көзқарастар қалыптасу сатысы пайда болады да ол одан арғы сатыда дамиды.

4. Тәрбие жұмысы мазмұнының қайталануы. Тәрбие мазмұны қайталанғанда жай ған емес мазмұны кеңіп әрі тереңдей түседі. Мысалы: Тәртіптілік, білімділік туралы әр сыныпта үнемі айтылады.

5. Тәрбие ісі-екі жақты әрі белсенді үрдіс. Тәрбиеші мен оқушының екі жақты белсенділігі қажет. Оқушы әрі тәрбие обьектісі әрі тәрбие субьектісі.

6. Тәрбие үрдісі ұйымдастырушылық істі қажет етеді. Бала тәрбиелеуге бүкіл білім мекемесіне көпшілік ұйымдар жұмылуы керек.

7. Тәрбие үрдісінің нәтижесі бірден білінбейді. Тәрбие динамикалық, диалектикалық үздіксіз үрдіс. Оқыту үрдісі тәрізді-тест, бақылау алып, ҰБТ арқылы тез бағалауға болмайды.

8. Тәрбие үрдісі – мемлекетпен қоғаммен тікелей байланысты. Ол болашақтың қажетін өтейді. Тәрбие үрдісіне әсер ететін факторлар Философия мен педагогика ғылымының айтуынша адамның қалыптасуына өмірдегі көптеген факторлар әсер етеді.

Жеке тұлға болып қалыптасуына әсер ететін факторлар.

1. Тұқым қуалау үрдісі қазақ халқының 7 атадан қыз алысу үрдісі. Тектілік туралы ұғым. Текті жерден қыз алу. «Шешесін көріп қызын ал», «Алып анадан туады» т.б..

2. Тұрмыстық жағдайлар оқу-тәрбие үрдісіне қажетті шығындар .Лицеи, гимназия, элитарлық білім, шет елде оқу т.б.

3. Мемлекеттің экономикалық жағдайы және мектептің материалдық техникалық жағдайы мен білім мен тәрбие беру жүйесі. Жапон еліндегі камикадзе, харакири.

4. Білім мен тәрбие беретін жоғары, орта және білім мекемелерінің бағыты мен бағдарлама мазмұндары.

5. Қоғамдық көпшілік ұйымдар және мектептен тыс қосымша білім беру мекемелері.

6. От басы ата-ана тәрбиесі

7. Бұқаралық ақпараттық құралдар теледидар, радио, газет, журнал, интернет.

8. Оқушының қоршаған ортасы, көше, ауыл, ықшам, аудан әсері.

Жас ұрпаққа тәрбие берудің негізгі бағыттары.

1. Диалектикалық діни дүние таным қалыптастыру (қазақ халқының философиялық және діни дүние танымы)

2. Қоғамдық – саяси тәрбие (Қазақстан: Республикасы жаҺандану қарсаңында)

3. Имандылық адамгершілік тәрбиесі

4. Ұлтжандылық қазақ патриотизм тәрбиесі, (Ұлттық рух, ұлттық намыс)

5. Әскери - патриоттық тәрбие (қазақ халқының батырлық іс-әрекеті Б.Момышұлы)

6. Ақыл –ой, мәдениеттілік тәрбиесі

7. Құқықтық тәрбие (Жеті жарғы)

8. Эстетикалық тәрбие

9. Экологиялық тәрбие (Қазақстан Республикасы экологиялық жағдайы)

10. Экономикалық тәрбие (Қазақстан Республикасының экологиялық потенциалы)

11. Электронды ақпараттық тәрбие

12. Еңбек тәрбиесі

Ертедегі ата бабаларымыз білімді толық игермесе де балаларын кәсіпке, білімділікке мәдениеттілікке имандылыққа, үлкенді сыйлауға, елін, жерін қорғауға үнемі тәрбиелеп отырды. Қазақ халқы баласын алдымен кәсіпке мал бағуға, қыздарын от басы ошақ қасындағы үй тәрбиесіне баулыды. Тәрбиенің негізгі алтын қазығы етіп адамгершілік, имандылық үлкенді сыйлау дәстүрін қалыптастырды. Ауылда ақсақалдар мен Билер жүйесі жұмыс істеді. Барлық басшылықты осы ұйымдар арқылы іске асырды. Билер жүйесінің ісі қылмысты істерге әділ шешімін айтып отыру болса, ауылдағы басқа ұйымдастыру жұмыстарын ауыл ақсақалының айтуымен іске асырылды. Қазақ халқы тарихында сот прокротура полиция тәрізді қылмыстық істер туралы ұжым болған жоқ, солай болсада қылмыс әдейі кісі өлтіру ісі өте сирек болатын құбылыс. Елдегі ең үлкен қылмыс барымта жер-жайылым дауы мен бірін-бірі сүйген қыз бен жігіттің елден қашып кетуі тек осы кездерде ғана кісі өлімі болып тұрды оны билер реттеп отырды. Сол кездердегі тәрбие үрдісінің күштілігі сондай қылмыс өте аз болды. Қазақ халқы үйіне құлып салуды, киіміне қалта салуды білмеді соған орай ұрлық болған емес немесе өте аз болды. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің күштілігі осында. Қазіргі педагогика ғылымының «тәрбие» үрдісіне берген анықтамасы төмендегіше болып келеді. «Тәрбие үрдісі» - әлеуметтік кең мағанада алсақ-өсіп келе жатқан жас ұрпақты әлеуметтік құрылымдар: қоғамдық институттар, ұйымдар, діни және мәдени орталықтар, бұқаралық ақпараттық құралдары мен мектеп және отбасы арқылы өмір сүруге білім алуға тәрбиелі болуға даярлау болып табылады. Ал тәрбие үрдісі-педагогикалық тар мағанада оқу –тәрбие мекемелерінде арнайы маман педагогтар ұйымдастыруымен және басқаруымен жүргізілетін жаңа формациядағы адамды қалыптастыру. Жаңа Қазақстанның жаңа ұрпағын даярлау барысында, педагогика саласында «тәрбие технологиясы» деген ұғым пайда болды. Себебі жаңа ұрпақты жаңа заман дәстүріне лайықты тәрбиелеу қажеттігі туындады. Қазіргі педагогтар алдында

тұрған міндет қазақ халқының көптеген жылдар бойы қалыптасқан жағымды пайдалы ұлттық құндылықтарын сақтай отырып жаңа заман талабына сай жаңа формациядағы білімді, мәдениетті ұрпақты тәрбиелеу. «Технология» термин сөзі гректің –«шеберлік» деген ұғымын білдіреді. Алғашқы кезде металл не металды өңдеудің әдіс тәсілдерін жиынтығы деп есептелінсе, кейіннен XX ғасырда педагогикалық оқыту әдісіне пайдаланылады. Жеке тұлғаны кешенді оқыту және тәрбиелеу үрдісі технология үрдісін тәрбие саласына да пайдалануға әкеліп соқты. Педагогикада бұрыннан қалыптасып келе жатқан «әдістеме» (методика) деген ұғым бар. Технология ұғымы да әдістеме ұғымын толықтыра тереңдете түседі. Яғни екі ұғымның да негізгі фнукциалдық мақсаты «тұлғаны тәрбиелеу» болып табылады. Осы тәрбиелеу үрдісі кезінде технология мен әдістеменің айырмашылығы туындайды. «Әдістеме» үрдісі тәрбиенің әдіс – тәсілдеріне сипаттама берсе, «технология» үрдісі- тәрбие үрдісін басқарудың жүйелі қалыптасқан жүйесін құрастырады, реттейді және іске асырады. Тәрбие технологиясының өзіне тән міндетті құрам бөліктері (атрибуттары) болады. Обьективті құрам бөлігіне тәрбие ісін басқарудың мақсаты мазмұны формасы ұстанымдары, әдісі жатады. Субьективті құрам бөліктерінің іс-әрекет түрі (стиль), тәрбие ісіндегі қарым-қатынас, тәрбиеге қатысты тұлғалардың функциясы және олардың құқы мен міндеттері жатады. Тәрбие нысанының шамасы ауқымына және мақсат міндетіне қарай тәрбие технологиясының үлгісі (модель)

3 түрлі деңгейге бөлінеді.

1. Стратегиялық технология
2. Тактикалық технология
3. Жеделдете жүргізетін технология

Стратегиялық үлгі – көптеген жылдарға арналған тәрбие жүйесінің басты болашақтағы негізгі бағыттарын қамтиды. Тактикалық үлгі - белгілі бір кезеңдегі атқарылатын істерді басқаруды жүзеге асырады. Жеделдете жүргізілетін тәрбие технологиясының үлгісі кейінге қалдыруға болмайтын педагогикалық жағдайларды іске асыру туралы тәрбие ісі. Бұл үлгі алдағы екі үлгіні іске асырудың алғашқы бастапқы кезеңі десе де болады. Бұл үлгі нақты практикалық іс-шара бойынша жүргізіледі. Сонымен тәрбие технологиясы дегеніміз-белгілі тәртіппен, арнайы уақытта жүргізілетін, алдына қойған мақсаты бар жүйеленген педагогикалық іс-әрекеттерді жиынтығын басқару үрдісі болып табылады. Тәрбие технологиясы нысанының ізденушілік танымдық мотивациялық шеберлігіне әрекетіне немесе ниетіне байланысты тез іске асу ықтималдығы бар.

Сондықтан тәрбие технологиясы көп нұсқалы (вариант) әрі шығармашылық ізденістің жемісі болып табылады. Қазіргі заман талабына сай жас ұрпақты тәрбиелеудің базалық негізінің идеялары етіп мына көрсеткіштерді ұсынамыз.

1. Қазіргі заманға лайықты еркін ойлайтын азаматты тәрбиелеу.

Ол үшін адамда

- жоғары деңгейдегі азаматтың өзіндік пікірі;

- жеке басы абройын жоғары ұстау;
- өз ісіне жауапкершілігі;
- өзіндік жеке пікір тәуелсіздігі;
- өмір сүру аясын еркін таңдауы т.б;

2. Адамгершілігі мол адам тұлғасын тәрбиелеу:

Ол үшін адамдарға деген адамгершілік ізгі ниет әр кез көмек беруге даярлығы, адаммен бірге қуанып, қайғыра білу көршілік, бейбітшілік өмірге ұмтылу

1. Рухани байлығы мол адамды тәрбиелеу:

1) Білімге мәдениетке өнерге ұлттық құндылықтарға өмір сүрудің идеясына ұмтылуы;

2) Шығармашылық қаблеті мол адам тәрбиелеу;

3) Шығармашылық ізденгіштің ғылыми педагогикасы мен интелектісі болу үнемі жаңалыққа ұмтылуы;

4) Практикалық іс-әрекетті бар (Прагматик) тұлғаны тәрбиелеу яғни,

- қазіргі таңдағы актуалды проблемалар
- кәсіпкерлікке
- компютерлік сауаттылыққа
- шет тілін үйренуге
- денені шынықтыруға
- жағымды әдет-ғұрып мәнерге иелену

5) Өмір, қоғам, саясат дүние таным туралы тұрақты өзіндік пікір қалыптастыру.

6) Ұлт жандылық, ұлтшылдыққа өз елін жерін, тілін халқын сүйуге тәрбиелеу де тәрбиенің негізгі идеясы.

Тәрбие жұмысының құрылымы (В.А. Кан-Калик) 4 кезеңнен тұрады.

1. Болжамдық кезең тәрбие нысанының жалпы үлгісін жобалау.

2. Коммуникативті кезең яғни тәрбие ісіне қатысы бар адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы. Тәрбие жоспары, мазмұны тағы басқа.

3. Педагогикалық үрдісті басқару және жүргізу кезеңі.

4. Талдау кезең. Жүргізілген тәрбие жұмысының барысын талдау.

Тәрбие технологиясын басқарудың субьектісі мен обьектісі

Тәрбие үрдісі көп салалы әрі көп векторлы болғандықтан оның субьектісіне:

- тәрбиешінің, оқушының ата-ананың т.б. басқалардың педагогикалық үрдісіндегі жеке іс-әрекеті жатады.

Тәрбие үрдісінің обьектісіне:

- Тәрбие жүргізілетін ортаның мәдени денгейі,
- Тәрбие үрдісін жүргізуге қажетті техникалық материалдық және мәдени құндылықтармен қамтамасыз етілуі.
- Тәрбие үрдісті жүргізуге жұмсалынатын уақыт мөлшері.
- Тәрбие ісін жүргізуге қажетті әдіс -тәсілдер ұстанымдар т.б.жатады.

Тәрбие үрдісін басқарудың технологиялық құрылымы

Тәрбие үрдісін жаңа үлгіде жүргізу үшін тиянақты жан-жақты даярлық қажет яғни бұрынғы тәрбие үрдісін модернизациялау арқылы іске асады.

Тәрбие үрдісін модернизациялау жаңа заман талабына сай тұлғаны тәрбиелеу ісін жан-жақты белгілі мақсатқа негіздеп, тұлғаның құнды қасиетін, қаблетін дамыта отырып жаңа қоғамда өмір сүру іс-әрекетін сәтті өткізіп, тіршілікте табысқа жетуіне негізделуі қажетті. Сондықтан тәрбие үрдісін басқару технологиясын іске асыру мынадай алгоритмнен тұрады.

1. Мектептегі тәрбие жүйесінің диагностикалық жағдайын анықтап, талдау жасау

2. Тәрбие жүйесін үлгілеу бойынша ынталы белсені жұмысшы тобын құру

3. Тәрбие жұмысы үлгісінің (модель) негізгі идеясы мен тақырыбын анықтау

4. Тәрбие жұмысы үлгісін және бағдарламасын кезеңдерін жасау.

5. Тәрбие модельнің негізгі параметрлерін, критериилерін жасау.

6. Үлгінің теориялық-әдіснамалық негізін жасау.

7. Тәрбие үрдісінің негізгі идеялары (құндылығы, мақсаты, мәдениеті ұстанымдары т.б.)

8. Тәрбие жүйесін іске асыру тетігі.

- тәрбие жүйесінің іс-әрекеттері
- тәрбие жүйесінің технологиясы
- қарым-қатынас жасау
- жүйені басқару және өзін-өзі басқару
- жүйенің ішкі және сыртқы байланыстары
- тәрбие жүйесіне қатысатын педагогтар
- ұйымдастыру және құжаттық мәтіндері
- ғылыми -әдістемелік, психологиялық жүйелер
- қаржы материалдық жағдайын іске асыру (қағаз, оқулық, әдістемелік кітапша)

9. Тәрбие жүйесі үлгісін іске асыру кезеңдері бойынша жұмыс барысын анықтау (тест бақылау)

10. Істелінген жұмыс бойынша қорытынды жасау

11. Нәтежесін баспаға беру

Нақтылы педагогикалық үдеріс жағдайында жоғарыдағы әдістердің барлығы оқушыларға комплексті ықпал етеді, ол әдістер бір-бірімен тығыз байланысты қолданылады.

Тәрбие үдерісінде әр әдістің жеке оқшауланған құралдары шешуші орын алмайды, керісінше, ол әдістер бір-бірімен үйлесімді ұйымдастырылып, жүйелі қолданғанда ғана нәтижесі болады. Тұтас педагогикалық процесте балалардың мінез-құлқымен іс әрекетіне педагогикалық байқау, бақылау жүргізу, олардың өзін-өзі тәрбиеленуін ұйымдастыру тәрбие жұмысының нәтижелерінің көрсеткіші бола алады.

Осыған орай тәрбие әдісі ретінде педагогикалық практикада педагогикалык байқау, тәрбиелілікті анықтауға арналған әңгімелер өткізіп, ауызша және жазбаша анкета толтыру, тестілер ұйымдастыру, тәрбиелілік мақсат көзделген шығармалар жазу, оқушыларды өзін-өзі сендіруге үйрету.

Тәрбие әдістерінің үшінші тобына тәрбиеленушілердің мінез -құлықтары мен іс әрекеттерін ретке келтіру, дер кезеңде түзету және ынталандыру қызметін атқаратын әдістер біріктірілген.

Бұл әдістерді қолдануда педагогикалық және психологиялық тұрғыдан ескеретін жағдайдың бірі-бала тәрбиенің тек қана объектісі ғана емес, сонымен бірге ол тәрбиенің субъектісі екендігі. Тәрбие әдісінің бұл тобына мадақтау, жазалау және жарыс ұйымдастыру әдістері жатады. Олар балалардың мінездерін қуаттау немесе айыптау, олардың жағьщды кезеңдерін мақтау, ал теріс қылықтарьш тежеу мақсатында қолданылады.

Тәрбие әдісінің төртінші тобына тәрбие үдерісін жетілдіру талаптары мен оның барысында, нәтижесінде объективті баға беру әдістері жатады. Тәрбиенің бұл топтағы әдістерін қолдануда тәрбиеші мен тәрбиеленушінің тәрбие үдерісіндегі бағыт-бағдары үйлеспеген жағдайда тәрбие әрекеті, тәрбие ықпалының нәтижесі жоққа шығады, ал кейде келеңсіз оқиғаларға да душар болады. Ондай кезде қайта тәрбиелену ісімен шұғылдануға тура келеді. Сонымен, тәрбие әдістерінің ықпалын, оның сапасын зерттеу, дәрежесін айқындау және талдау үшін мінез-құлықпен іс әрекетке бақылау жасау, адамның өзін-өзі бақылауын ұйьмдастыру және өзіне-өзі баға беруді жүзеге асыру әдістері қолданылады.

Нақтылы педагогикалық үдеріс жағдайында жоғарыдағы әдістердің барлығы оқушыларға комплексті ықпал етеді, ол әдістер бір-бірімен тығыз байланысты колданылады. Тәрбие үдерісінде әр әдістің жеке оқшауланған құралдары шешуші орын алмайды, керісінше, ол әдістер бір-бірімен үйлесімді ұйымдастырылып, жүйелі қолданғанда ғана нөтижесі болады.

Ұлтымыздың тәлім-тәрбиесін ұрпаққа жеткізу әрбір ұстаздың алдына қояр негізгі талабы.

Шәкірттерге ұлттық незізде сапалы тәрбие мен білім беруге сіздердің, болашақ ұстаздар, мүмкіндіктеріңіз бар. Тек ұстаған сара бағытымыздан ауытқымай,оны жаңарта, дамыта түскеніміз лэзым. Бүгінгі уақыт талабы ұстаз қауымынан осындай тың ізденіс пен батыл іскерлікті талап етеді. Осыған байланысты жоғары мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу біздің басты міндетіміз болып табылмақ. Ал жоғары мәдениеттілік эстетикалық тәрбие барысында жүреді.

### 1.2 Жоғары мәдениеттілікті кредиттік технология арқылы үйретудің басты қағидалары.

Қоғамның мәдени мұраға қызығушылығының артуы бізді оның педагогика ғылымы үшін маңызды деген салаларын баса көрсетуге бағыттайды. Өйткені мәдениеттану білімі қазіргі қоғамда жастарды тұлғалық бағдарға, оны адамзат қоғамының мәдени жерістіктерінің жиынтығы ретінде ой-елегінен өткізуге даярлауға шақырады. Осыған орай, эстетикалық мәдениеттің тұлға дамуындағы рөлін жалпы мәдениеттің іргелі негізінің құрамдас бөлігі ретінде танып білу қажеттігі туындайды. Біздің пайымдауымызша, бұл «руханисыздық», «ұлттық

негізден алшақ кету», «жатырқаушылық» проблемасын нәтижелі шешуде көмектеседі; тұлғаның адами тұрғыда жетілуіне септігін тигізеді.

«Мәдениет» пен «эстетикалық мәдениет» ұғымдарының байланысын анықтау қажеттілігі бізді жалпы мәдениеттің аса маңызды компоненттері мен функцияларын қарастыруға бағыттайды. Біз үшін мәдениеттану адамның барлық іс-әрекет үдерісінде әлемді мәдениеттану тұрғысында меңгерудің жалпы принциптері туралы философиялық ғылым ретінде құндылық бағдардың диалектикалық байланысын, рухани-адамгершілік қасиеттерін, дүниетанымдық кемелденуін, қоршаған болмысқа іс-әрекеттік көзқарасын белгілеп, зерделейді.

Мәдениеттану теориясы проблемалары саласындағы зерттеулерге талдау жасау арқылы біз мәдениет ұғымының қазіргі қоғамтануда іргелілердің қатарына жататынын, бұл сөзге көптеген ұғымдық түсініктер берілетінін анықтадық.

Мысалы, ғылыми деректерді негізге ала отырып, алыс шетел ғалымдарының (И.Кант, Ф.Шеллинг, Э.Тайлар, О. Шпенглер, А.Тойнби, Зигмунд Фрейд, А.Браун және т.б.) «мәдениет», «мәдениеттану» ұғымдарына берген пікір-көзқарастарын жүйеге келтіріп, жан-жақты талдау береміз. Солардың ішінде Ф.Шеллинг мәдениетті эстетикалық тұрғыда ұғынып-меңгеруді ұсынып, мәдениеттің басты мазмұны – адамдардың көркемдік қызметі деп түсінсе, Э.Тайлор «мәдениет жөніндегі ғылым – реформалар жөніндегі ғылым» деген пікірді ұстанады, мәдениетті жеке адам мен бүкіл қоғамдағы адамның бақыты мен болашағы жолындағы құндылықтарды дамыту арқылы адамзат баласын жан-жақты жетілдіру деп қарастырады, мәдениетті материалдық және рухани құндылықтар тұрғысында қабылдайды. А.Тойнби болса, «өркениет» ұғымын «мәдениет» ұғымының синонимі ретінде қабылдайды. Ол мәдениеттің мәнін көптеген фактілік материалдар негізінде түсіндіріп, географиялық шарттармен анықтап, өркениеттің қайталанбас бейнесін құрайтындығы туралы қорытынды жасайды. Кейіннен, ол өзінің көзқарасын сын көзбен қайта қарап, дүниежүзілік діндерден нәр алған мәдениеттердің барлығы «тарихтың мәуелі ағашы, адамзат бұтағының мән-мағынасы» деген қорытындыға келеді.

Мұндай анықтама-пікірлер кеңестік жүйедегі ғалымдардың еңбектерінде де (В.Келле, М.Ковальзон, В.С.Семенов және т.б.) көптеп кездеседі. Мәселен, В.С.Семенов мәдениет анықтамасын философиялық тұрғыдан анықтауда адамның сыртқы әлемді (табиғат және қоғам), сондай-ақ оны қалыптастыру және дамытуда ішкі әлемін қоса алғанда, әлемді меңгерудегі маңызды іс-әрекет тәсілдері ретінде қарастырса, М.Ковальзон мәдениет адам дамуының өлшемі деп түсінеді.

Қазақтың этникалық мәдениетіне, фольклоры мен этнографиясына ден қоя зерттеген А.Сейдімбек жоғарыда айтылған шетелдік ғалымдар мен кеңестік және бүгінгі дәуірдің мәдениет мәселелерін зерттеп жүрген авторлардың пікірлерін сараптай келе: «Сөз жоқ, мәдениетті қоғамдық құндылық деуге болады. Яғни, адамсыз, адам қоғамынсыз мәдениетті елестету мүмкін емес... Демек, мәдениет дегеніміз қоғамның өмір сүруінің міндетті қызметі екенін

аңғарамыз. Мәдениет қоғаммен диалектикалық байланыста. Былайша айтқанда, мәдениеттің өзі адамға ғана тән қоғамдық қатынастарға түсудің тәсілі болып шығады. Бұл тұрғыдан келгенде, мәдениет – қоғам дамуының көрсеткіші, сонымен бірге қоғамдағы өзгерістерге тәуелді де» деп ой тұжырымдайды.

Әлемдік және отандық мәдениеттің теориясы мен тарихын зерттеген Т.Ғабитов, Ж.Мүтәліпов, А.Құлсариева болса, қазақтың төл мәдениетін батыстық мәдениетпен салыстыра отырып, оның өзіне тән ерекшеліктеріне тоқталады, қазақтың әлем туралы түсінігін алып бәйтерекке салыстыра отырып, мәдениеттің әлемдегі орнын қоршаған орта мен өркениет аясында қарастырады. Қоршаған ортаны әлем мәдениетінің өрістеу аймағы деп түсіндіреді және ұлттық мәдениетті бос кеңістікте емес, ол - адамдандырылған қоршаған ортада әрекет етеді және тарихи ағымның өрісі болып табылады деген пікірді ұстанады. Табиғи ортаға халықтың санасында киелі мекені болып қалыптасқан тауларды, өзен-көлдерді, аңғарлар мен төбелерді, тіпті аруақтар жатқан молаларды да жатқызады. Демек, олар қазақ халқының ұлттық мәдениетіне айрықша экологиялық мазмұн беріп, адам мен табиғаттың арасында нәзік үндестік болатындығын дәлелдейді. Мәдениет мәселесін қазақ халқының дүниетанымында этиканың «жақсылық» пен «жамандық» ұғымдары аясында түсіндіреді, сонымен бірге әртүрлі халықтардың көне мәдениеттен алғашқы өркениеттерге өтуі – мәдениеттегі дамудың заңды құбылысы деген қорытындыға келеді.

Ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау бүгінгі таңда «мәдениет» ұғымына берілген анықтамалар бар екенін, олардың жылма жыл жаңа анықтамалармен толықтырылып отыратынын көрсетеді. Бұл анықтамаларды былайша жүйелеуге болады: «Мәдениет дегеніміз – тұлғаның мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағыттаушы және жүзеге асырушы әмбебап механизмі (В.Момов, А.Здравомыслов, А.Ядов, О.Дробинцкий және т.б); заттық және рухани құндылықтардың жиынтығы (В.Тугаринов, Ю.Ефимов, И.Громаов, А.Арнольдов, Н.Чавчавадзе және т.б); іс-әрекетті жүзеге асыру тәсілі (М.Коган, В.Давыдович, Ю.Жданов, О.Хванова және т.б.); қоғамның әртүрлі әлеуметтік және рухани саласында тұлғаның өзін-өзі шығармашылықпен жетілдіру әдісі (В.Библер, Н.Злобин, А.Леонтьев, И.Ильяева және т.б.); адамның табиғи биологиялық табиғаты, ондағы рухани бастаманың дамуын асқақтату дәрежесі (В.Розов, Д.Лихачев және т.б.).

Жоғарыда айтылғанның бәрі «мәдениет» ұғымы аясының кең әрі күрделі екендігін көрсетеді. Егер, оны кең көлемде қарастырсақ, онда қоғамның қажеттілігін қанағаттандыруда адамның қолымен жасалған материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы қалыптасқанын байқаймыз. Мұндай түсінік Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» заңында да кездеседі. Онда «Мәдениет – адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы» - деп түсіндіріледі.

Материалдық мәдениетте адамдардың өндірістік қызметінің барлық салалары қамтылады: өндіріс, өндіріс құрал-жабдықтары, өндіріс тауарлары,

сәулет өнерінің мұралары, тұрмысқа қажетті бұйымдар және т.б. Ал, рухани мәдениетте – тіл, ғылым, білім, өнер, әдебиет, дін, салт-дәстүрлер, мерекелер, ауызекі шығармалары және т.б. құндылықтар ретінде қарастырылады. Мәдениет қандай түр алса да, ол адамдық құндылықта болады. Өйткені мәдениет қоғаммен диалектикалық байланыста болғанымен, ол тек адамға ғана тән қасиет.

Әйтсе де «мәдениет» ұғымына осылайша анықтама беру, сыңаржақтылық сипатқа ие болуы да мүмкін. Өйткені мәдениет туралы айтқанда оған ешбір өзгеріске түспейтін, ешбір ықпалға берілмейтін нәрсе деп карауға болмайды. Адамдардың қолымен жасалынып жатқан жаңа құндылықтар, адамдардың құндылықтармен өзара байланысы және оны игеруі мәдениеттің аса маңызды бөлігінің бірі болып табылады.

Осы факторларды ескере отырып біз, «мәдениет» дегеніміз - адамдардың бірлескен түрде ғылыми, моральдық-әлеуметтік, көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынастар жиынтығы. Мәдениеттің мәні адамның ақыл-ойымен, еңбегімен байланысты туындайтын құндылықтар және іс-әрекет тәсілдері. Мәдениеттің ең жоғары нәтижесі - адамдардың қоршаған ортаға шынайы көзқарастары мен сенімдерін қалыптастырып, мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерін және қарым-қатынасын соған сәйкестендіре бағыттап отыруымен анықталады. Ал, мәдениеттің көрсеткіші: ой-өрістің даму дәрежесіне; дүниетанымның қалыптасқан бағытына; әлеуметтік белсенділікке; жекелеген мінез-құлық нормаларының қоғамдық маңызына; іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдерін меңгеруге; мінездің эмоциялық қабылдауына және интуицияға тепе-тең келуіне байланысты айқындалады», деп ой тұжырымдаймыз.

Әлбетте, мәдениеттің қай түрі болмасын бірлікте, тұтастықта, тарихтың бір бөлшегі ретінде тарихи процестермен ұштасып жатады, сол тарихи процестердің тікелей туындысы болып табылады. Мәдениетті түсіну үшін тарихи дәуірді, өндірістік қатынастарды, адамдардың өмір сүру салты мен рухани дүниесінің қандай ерекшеліктермен анықталатынын ажырата білу қажет.

Жаңа тарихи дәуір кейбір ежелгі дүниедегі ойларды қайта жаңғыртып, мәдениеттің дамуына негіз болады. Солардың бірі, біздің зерттеу пәнімізге сәйкес, мәдениетті озық салт-дәстүрлермен және әдет-ғұрыптармен байланыстыра қарау. Өйткені мәдениет біркелкі емес: онда болашаққа қызмет ететін озығы да, тек өткенге, немесе өткіншіге қызмет ететін кертартпа, тозығы да кездеседі. Дүниенің тұтастығы, қоғамның интеграциялық негізі және этностың рухани кеңістігі - мәдени дәстүрлердің дамуында ең басты факторлардың бірі болып қала береді. Сондықтан халықтың дәстүріне, оның мәдениетіне, ұлттық-этникалық салт-жора, әдет-ғұрыптарына сүйенген тәрбие - эстетика құндылықтарын педагогикалық процесте моделдеу мен ұйымдастыруды жүзеге асырудың шарттары болып табылады.

Мәдениеттің аса маңызды компоненттерінің бірі «эстетикалық мәдениет» болып саналады, өйткені ол шынайы адамгершілікті қалыптастыруға әсер ететін адам эмоциясының аясын қарастырады.

Философиялық және педагогикалық еңбектерге жасаған талдау (М.Овсянников, В.Липский, У.Сауна, Л.Семашко, Н.Крылова, Л.Печко, А.Коморова, Л.Бабич және т.б) эстетикалық мәдениеттің жан-жақты қарастырылғанын, бірқатар анықтамалар берілгенін, әрбір анықтаманың зерттеліп отырған пәнге негізделетінін, яғни біржақты анықтаманың жоқтығын, эстетикалық мәдениеттің мәндік сипатының дәлелді ашылғанын, көптеген құнды ой-пікірлер, бағыт-бағдарлар берілгенін айғақтайды. Әрбір еңбек өзінше құнды, эстетикалық мәдениет бағытындағы проблемалардың шешімін іздестіруде олардың идеяларын, ұсыныс-көзқарастарын негізге алуға болады. Мәселен, Л.Семашко, У.Суна тұлғаның оқуы мен еңбегінде эстетикалық аспектлердің болуы, міндетті түрде, қажетті адамгершілік қасиеттер мен шынайы шығармашылық қатынастардың қалыптасуына ықпал етеді. Олар, өз кезегінде, эстетикалық сенім мен талғамның дамуына маңызды ықпал етіп, еңбек тәрбиесін ынталандырады және арман-мұраттарын адамгершілік тәрбиесіне бағыттайды. Сонымен бірге мінез-құлық мәдениетін эстетикалық мінез-құлықпен байланыстырып, оны адамның эстетикалық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға меңзейді деп ой тұжырымдайды.

Н.Крылова мен Л.Печконың эстетикалық мәдениетті дамытудың әрбір кезеңіне тән ерекшеліктерге берген сипаттамасы мен эстетикалық мәдениет компоненттерінің атқаратын қызметінің өзара байланысына (білім – тұлғаның ой-өрісінің деңгейін білдіреді; сенім – эстетикалық бағалаудың бағытын анықтайды; өлшем – оларды реттеуші құрал ретінде көрінеді) берген түсініктемесінің, А.И.Комврованың эстетикалық құндылықтарды ұғынуда элеуметтік-психологиялық және идеялогиялық факторларды негізге алуға байланысты берген ұсыныстарының эстетикалық мәдениетке қатысты мәселелерді шешуде септігін тигізетіні сөзсіз.

Біздің зерттеуіміз үшін Л.Бабичтің эстетикалық мәдениет өз алдына жекеше, тұлғаның нәтижелі қалыптасуында сапалық көрсеткіш бола алмайды, ол, тек адамгершілік мәдениетпен өзара тығыз байланысты жағдайда ғана тұлғаның эстетикалық мәдениетінің шынайы қалыптасуына мүмкіндік туғызады деген ой тұжырымы аса маңызды. Өйткені ғалымның сөзімен айтқанда «эстетикалық мәдениет тұлғаның ішкі әлемін байытады, ақиқат өмір шындығын біртұтас қабылдауға бағыттайды, адамда, адамдардың қарым-қатынасында, қоғамда аса жетілген жасампаздықты қалыптастыруға ықпал етеді».

Эстетикалық мәдениеттің компоненттері фнукционалдық байланыста болады. Білім - тұлғаның ой-өрісін, сенімін, эстетикалық бағалауын, көзқарасын және талғамдарын, жалпы алғанда идеялық позицияның бағытын, эстетикалық сезім - өмір сүру әрекетінің эмоционалдық толықтығын анықтайды. Эстетикалық нормалар - практиканы реттеуші құрал қызметін атқарады. Эстетикалық қатынас - іс-әрекетте эстетикалық мәдениетті жүзеге

асыруда заттық бағыттылықтың, әлеуметтік нақтылықтың болуына себепші болады.

Эстетикалық мәдениет белгілі бір іс-әрекетті де атқарады: ақпараттық-танымдық - тұлғаның білімдерін жүзеге асырумен байланысты; құндылық-бағыттылық – эстетикалық сенімдерді; іс-әрекеттілік-жігерлілік – эстетикалық мәдениеттің әлеуметтік-шығармашылық бағытын анықтайтын эстетикалық қабілеттіліктерді жүзеге асырумен; коммуникативтік-реттеушілік - тұлғаның мінез-құлқы мен іс-әрекетін эмоционалдық және нормативтік тұрғыда реттеуші модел ретінде. Эстетикалық мәдениеттің бұл әрекеті өз алдына оның құрылымындағы барлық үш жүйенің жиынтығында тұлғаны біртұтас қалыптастыру үдерісінің жолын анықтайды.

Эстетикалық мәдениет эстетикалық әрекеттің мазмұнына, формасына, көлеміне, нәтижесіне себепкер болады. Ал, эстетикалық қатынас бұл әрекеттің негізгі бағытын анықтайды. Демек, эстетикалық қатынас адамның іс-әрекеті құрылымына сәйкес еңбекке, әлеуметтік шығармашылыққа, табиғатқа, ғылымға, өнерге, қарым-қатынасқа, ойынға және спортқа қатысын қарастыруы заңдылық болып табылады.

Адамның эстетикалық ой-өрісті, көзқарастар жүйесі мен талғамның дамуын меңгеруі, нәзік сезіне білуі, мінез-құлықтың эстетикалық нормаларын игеруі – осылардың бәрі эстетикалық мәдениет қалыптасуының көрсеткіші. Жетілген тұлғаның эстетикалық мәдениеті қоршаған ортамен қарым-қатынаста, әлемді сезінуде, демалысында, қызығушылығында, өзінің кәсіби әрекетінде эстетикалық қажеттіліктің кеңдігін және тереңдігін, эстетикалық пікір мен бағалау ерекшеліктерін, жинақталған эстетикалық әсерін «сұлулық заңдылығы бойынша» шығармашылықпен қайта құруға даярлығын білдіретін эстетикалық және көркемдік құндылықтарға араласуымен сипатталады. Тұлғаның эстетикалық мәдениеті іс-әрекеттің барлық түрлерінде және формаларында көрініс алады. Онда адамның жалпы рухани мәдениетінің деңгейі, жеке-даралық эстетикалық көзқарасы, қарым-қатынасы, эстетикалық санасы, мінез-құлқы, ой-өрісі және мәнерлі сөзі, өмірі мен еңбегін ұйымдастыруы, тұлғалық өзара қарым-қатынасы көрініс табады.

Тұлғаның эстетикалық мәдениеті көрінісінің көпшілікке танымал формасы болып диалектикалық өзара байланыстағы сана-сезім, көзқарас-қатынас және іс-әрекет саналады. Тұлғаның эстетикалық мәдениеті формаларын (сана-сезім, көзқарас-қатынас, іс-әрекет) бірлікте дамыту адамды жалпыадамзат құндылықтарын меңгерудегі өзара байланыстағы процеске бағыттауда және өздігімен дербес дамытуда адамның жеке басының мәдени әлемін, іс-әрекетін үйлесімдендіруде жағдайлар жасайды.

Педагогикалық әдебиеттерде кездесетін «студенттердің эстетикалық мәдениеті», «мұғалімдердің эстетикалық мәдениеті» деген ұғымдардың кездесуі де таңсық емес және оларға зерттеу бағытына қарай әртүрлі түсіндірме беріледі Олардың бәрі болашақ мұғалімдердің кәсіби қасиеттерін жетілдіруді көздейді және ұсынылған әдістемелері қарастырылып отырған проблеманың

зерттелу деңгейіне сәйкес келеді. Сондықтан әрбір анықтаманы қажетіне қарай негізге алуға болады.

Студенттердің эстетикалық мәдениеті кәсіби даярлық құрылымында көрініс ала отырып және қоғамның келешектегі эстетикалық мәдениетіне деген сұранысты ескере отырып, педагогикалық мәдениеттің басқа бағыттарына ықпал етеді. Өйткені, педагогикалық мәдениет – бұл «психологиялық-педагогикалық сенім мен шеберліктің, жалпы және кәсіби-педагогикалық сапа дамуының, педагогикалық этика мен қарым-қатынас жүйелерінің, іс-әрекеттер мен мінез-құлық стильдерінің синтезі».

Бүгінгі таңда «педагогикалық мәдениет» ұғымына берілген әртүрлі анықтамаларда (В.А.Кан-Калик, С.Б.Елканов, Е.Бондаревская, А.Егоров және т.б.) мұғалім талғамына эстетикалық қасиеттердің қажеттілігі туралы айтады. Мысалы, мұғалімнің білімі мен тәжірибесі қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда қабылдау тәжірибесін, эстетикалық сананы, көзқарас пен қатынасты, идеалды қарастырады, ал мұғалімнің педагогикалық сезімділігі өзінің бастауын эстетикалық сезім мен әсерлену мәдениетінен алады.

«Мұғалімнің эстетикалық мәдениеті» ұғымы тұлғаның эстетикалық мәдениетімен тығыз байланыста қарастырылады. А.Е.Егоровтың сөзімен айтқанда, бұл «күрделі бір-бірімен байланысты және эстетикалық іс-әрекеттің әралуан түрлерінің эстетикалық қарым-қатынасының бүтін жүйесі және өзінің құрылымында, ерекшелігінде, қызметінде оған енген элементтердің құрылымы және қызметінен ерекшелінеді». Демек, қоғамның эстетикалық мәдениетін құрайтын элементтердің ішінде, оның эстетикалық қорларын тікелей тарату мен дамытуды жүзеге асыратын процестер көрініс алады. Ал, бұл болса мұғалімнің эстетикалық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттайды. Демек, эстетикалық мәдениет адам әрекетінің барлық түрлерінде көрініс алады.

Педагогикалық әдебиеттерде «мұғалімнің эстетикалық мәдениеті» ұғымы әр қырынан зерделенеді. Егер, А.Балян мұғалімнің тұлғалық қасиеттеріне: сырт келбет және мінез-құлық эстетикасы; сөйлеу мәдениеті және оның эмоционалдығы, шынайылылығы, бейнелілігі, көркемдігі; жоғары көркемдік эстетикалық талғам; эстетикалық білім, сенім мен мінез-құлық бірлігі; жоғары деңгейдегі эстетикалық идеал; эстетикалық және көркемдік тәрбие алуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өздік білім алуға қажеттілік; өзінің шығармашылық қабілетін және дарындылығын дамыту және т.б. жатады десе, Г.Петрова мұғалімнің эстетикалық мәдениетінің кәсіби қажеттілігіне тоқталады. Бірқатар ғалымдар мұғалімдердің эстетикалық тәрбиесі өлшемдерінің топтамасын (З.Н.Третьякова, С.А.Аничкин), эстетикалық тұлғалық сапаларын (О.В.Кременцова, Н.Н.Притыко), эстетикалық білімділік пен тәрбиеліліктің көрсеткіштерін (Н.И.Бабич) анықтайды.

Л.Е.Дементьева болса, мұғалімдердің эстетикалық мәдениетін қарастыруда педагог әрекетінің сыртқы практикалық және ішкі психологиялық жақтарының бірлігін ескеруді ұсынады. Сонымен бірге мұғалімдердің эстетикалық мәдениетін сипаттайтын көрсеткіштердің ішінен негізгі төрт белгілерді (кәсіби іс-әрекетте эстетикалық бағыттың болуы; эстетикалық-

педагогикалық білімдердің болуы; эстетикалық қажеттіліктер, сезімдер, талғамдар, идеалдардың даму деңгейінің жеткілікті болуы; эстетикалық тәрбиенің, эстетикалық сөйлеудің, сыртқы келбеттің, мінез-құлықтың әдістемесін меңгеру) атап көрсетеді.

Аталған белгілер өзара тығыз байланыста жүзеге асады. Олардың шартты түрде жекеленуі және бөлінуі тек оқыту үдерісінде эстетикалық ықпалдың алынған нәтижесін белгілеу мен болашақ мұғалімдердің эстетикалық мәдениетін эстетикалық тәрбие үдерісінде қалыптастыру жолдарын анықтау мақсатында қажет.

Біз ғалымдардың студент тұлғасының эстетикалық мәдениетіне берген теориялық талдауын, түсінік-анықтамаларын негізге ала отырып, бұл ұғымға: студент тұлғасының эстетикалық мәдениеті, қарым-қатынас барысындағы эстетикалық қажеттілікте, эстетикалық пайымдау мен баға бере білу ерекшеліктерінде, сондай-ақ меңгерген эмоционалдық-эстетикалық әсерін өзінің кәсіби іс-әрекетінде шығармашылықпен пайдалану даярлығында жүзеге асырылатын эстетикалық және көркемдік құндылықтарға көзқарасын сипаттайды. Мұндай түсінік, біздің пайымдауымызша, мұғалімнің эстетикалық даярлығындағы негізгі бағыттарды жүйелі бірізділікте анықтауға көмектеседі.

## 1.3 Студенттерге тәрбие жүйесін кредиттік технология арқылы үйретудің психологиялық педагогикалық негіздері.

Адамзат дамуының қай кезеңінде болмасын тәрбиенің тиімділігін жетілдіру ісі жүзеге асырылып келді. Бұл істі жүзеге асыру үдерісі әр бір қоғамдағы мемлекет қажеттігіне бағындырады. Өйткені мемлекет қажеттігінің орындалуы оның экономикалық күш – қуаты мен саясатына тәуелді екені белгілі. Олай болса тәрбие тиімділігінің ең басты шарты мемлекет мүмкіндігінен туындайтын қажеттікке сай тәрбиенің мақсатын нақты анықтау болып табылады.

Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда тәрбие мақсаты - әрбір тұлғаны әр жақты етіп тәрбиелеу. Адам – жер бетіндегі тірі организмнің жоғарғы сатысы, қоғамдық тарихи іс - әрекеті мен мәдениет субъектісі, басқаша айтқанда іс - әрекеті мен қарым – қатынас иесі.

Егер тәрбие мақсатының қалай өзгеріп отырғанына көз жіберсек, тәрбие мақсатын белгілеудің қаншалықты маңызды екенін айқын байқауға болады. Тәрбие қоғамдық құбылыс, онсыз ешбір қоғамның өмірі ілгері дамуы мүмкін емес.

Педагогика ғылымы тәрбиенің мақсатын жеке адамды жан – жақты дамыту, әділетті қоғамды өз қолымен құратын және оны қорғай алатын етіп тәрбиелеу деп қарастырады. Тұлғаны жан – жақты жетілдіріп, дамыту деген ұғымды оқу мен жастардың практикалық еңбегінің тікелей байланысы, дененің және ақыл – ой дамуының бір тұтастығы деп түсіну керек.

Адам баласының жарқын болашағы толығымен жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне тәуелді. Мекемете тәрбиенің басты міндеттері - теориялық білімді

еңбекпен, өмірмен байланыстыра жүргізу, тұлғаларды еңбек тәрбиесіне баулу, оларды политехникалық, экономикалық, экологиялық біліммен қаруландыру, кәсіптік бағдар беруге тәрбиелеу. Олай болса, әрбір азамат тәрбиеге тікелей қатысы бар адамдар, ұйымдар мен мекемелер тәрбиенің мәніне, міндеттері мен мақсатын жете түсінуі қажет. Осыған орай, тәрбиенің негізгі мақсаттары: а) жастардың өмірге ғылыми – материалистік көзқарасын қалыптастыру; ә) тұлғаның рухани және дене қабілеттерін жан – жақты дамытып, эстетикалық талғамдары мен сезімдерін қоғамның талаптарына сай тәрбиелеу.

Дүниетаным дегеніміз адамның табиғат пен әлеуметтік ортаны түсінуін және онымен қарым – қатынасын, оның барлық іс - әрекеттерінің бағытын бейнелейтін көзқарастарының жүйесі. Ал дүниеге көзқарас дегеніміз дүниенің даму заңдылықтарын ғылым негізінде ашатын көзқарас.

Дүниеге ғылыми көзқарастағы адамдардың басты қасиеттері өзінің Отанына берілгендігінде, жанқиярлықпен күресуге әзірлігінде. Мұндай көзқарас болмайынша, адам өз өмірінің мақсаттарын, халқымыздың жалпы күресіндегі өз орнын дұрыс түсіне алмайды.

Жоғары оқу орындары студенттеріне кәсіби бағытта қатысымдық қырынан оқыту ісі болашақ маман тұлғасымен байланысты болғандықтан, оның дара тұлғалық психологиялық ерекшеліктері мен қатар кәсіп психологиясын да ескеру, меңгертуде оның заңдылықтарына сүйену керек екені ешбір талас туғызбайды. Студенттің мамандығына сай оқытып үйретуде олардың психологиялық ерекшеліктері ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің, ойшыл ақын Абай Құнанбаевтың жан қуаты жайындағы тұжырымдарына, отандық психолог-ғалымдар Ж.Аймауытов, М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, Қ.Жарықбаев зерттеулеріне сүйене отырып анықталды. Әр тұлғаның, нақтылы жағдайда студенттің, өзіне тән, қайталанбас даралық сипаты, қабілеті бар. Дегенмен әрбір адамның даралық ерекшелігінен басқа жалпыға ортақ қасиеті де болатынын ұмытпаған жөн. Міне, сондықтан да жалпы студент қауымына тән оқып үйрену әрекетінің мынадай психологиялық сипаттары:

- жағымды мотивтері, қызығулары;
- мақсаттары мен міндеттерін анықтай алуы;
- оны орындаудың тиімді тәсілдері мен амалдарын белгілеуі;
- өз жұмысының барысын өзі бақылап отыруы және оның нәтижесін бағалап, тиісті қорытындылар жасай білуі т.б. қалыптасуы тиіс.

Атап айтқанда, осы бағытта олар өз жұмысын жоспарлай білуге дағдылануы тиіс. Саналы ұйымдастырылған іс-әрекет негізінде ғана студенттердің оқып-үйрену әрекетінің психологиясы мақсатты түрде қалыптасады. Бұл тұрғыда ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің тұлға психикасының, жан қуаттарының өмірлік тәжірибе нәтижесінде, оқу-тәрбие үстінде дамып жетілетіні жайындағы ой-пікірі [4,17] басшылыққа алынды. Бұл үшін адамның өз бетінше әрекеттенуі, өзіндік белсенділігі ерекше маңызды. Атап айтқанда, ойлау –мамандыққа сай үйретуге ықпал етуші негізгі психикалық қасиет. Ол – сананың жоғарғы көрінісі.

Ойлау үдерісі өзіне тән логикалық амалдардан: анализ, синтез, салыстыру, топтастыру, жалпылау, тұжырымдар жасау т.б. тұрады.

Техникалық ойлауды дамытуда біріншіден, студенттің дүниетанымын, өзара өнегелі қатынасын, оның рухани мәдениетін нәтижелі ұйымдастыру керек. Студенттердің техникалық ойлау үрдісі: дәлелдеу (мәселені шешу), мәселеге анализ жасау; оның шешімін іздеу (белгілі бір алгоритм негізінде); репродутивті ойлау; алгоритм бойынша ұтымды шешімді іздеу; шешімнің туралылығын логикалық дәлелдеу, шешімді ұйымдастыру; табылған шешімді тексеріп көру; түзету кезіндегі тілдік қатынаста жүзеге асады.

Педагогика адамның дамуына өте нәзік, күрделі диалектикалық үдеріс деп қарастырады. Даму процестерінің қозғаушы күштері ішкі қайшылық күресі. Даму үдерісінің сан өзгерістері сан өзгерістеріне ауысып отырады. Мысалы: студенттің даму үдерісінде мынадай заңдылықтарды байқауға болады: Алғашқы кезеңде бала тілінің дамуы, оның түсіне білуіне және сөздік қорына байланысты. Білімді меңгергеннен кейін баланың айналадағы адамдармен қарым –қатнасы кеңейіп, олардың сұрақтарымн сөздеріне түсіне бастайды. Адамның ойлау, сөйлеу, сезім сияқты психикалық процестерінде бірте-бірте өзгерістер пайда болады. Осының нәтижесінде адамның ақыл –ойы дамуының жаңа кезеңіне көшеді.

Жеке адамның психикалық дамуы-бұл оның іс әрекеті мен мінез-құлқындағы саналылығының өсіп жетілуі. Сананың дамуы мен адамның қоршаған дүниені жете түсінуін, яғни, оның табиғи, әлеуметтік ортаға көз-қарасы мен қатынасын айтады. Ал сана дегеніміз-обьективтік шындықтың бейнелеуінің жоғары формасы.

Сана адамның іс -әрекеті барысында пайда болады. Еңбек және қоғамдық қатнасы нәтижесінде адам өзіне және өзінің іс-әрекетіне қоршаған ортаға жете түсінеді. Оның сана сезімі дамиды. Дамудың нәтижесінде адамның сыртқы көріністері байқалады. Оларға өзін -өзі бақылау мен бағалау, намыс өз қадірін сезу, өздігінен жетілуге талаптану.

Тәрбие- балада адамгершілік, әлеуметтік негіздерді қалыптастыратын өнер. Адамның өзіндік санасы оның тәртібін реттеп отырады. Сонда ғана тәрбиеде жетістікке жетеміз. Қазіргі кезеңде тәрбие іс-әрекетіндегі негізгі бағыттар мыналар :

а) Жас ұрпақтың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру. Ғылыми дүние танымды қалыптастыру үшін жеке тұлғаның қоршаған табиғат, әлеумаеттік орта, өзі және өзінің іс-әрекеті туралы көз қарастар мен сенімдердің жүйесін қалыптастыру керек. Адамның дүниеге көз қарасы – оның барлық өмірінің идеялық бағытын, іс-әрекетін, тәртібін айқындайтын ең маңызды буын. Дүние танымды қалыптастыруды негізі мектепте әрбір пәнді оқыту және тәрбиелік шараларды өткізу арқылы қаланады.

ә) Ақыл-ойын дамыту және жалпы мәдени деңгейін көтеру, қазіргі тәрбиеге байланысты қойылып отырған маңызды талаптардың бірі-оқушылардың ойлау,танымдық,шығармашылық қабілеттерін, ақыл ой мәдени еңбегінің деңгейін көтеру. Ақыл-ой тәрбиесінің мазмұнына табиғат, қоғам және

адам, қазіргі өндіріс туралы білімдер енеді. Немістің прогресшіл педагогы А.Дистербег “ақиқат емес білім білімсіздіктенде жаман –деген.

Ақыл –ой тәрбиесін беру мазмұнына психикалық процестерді, ес, қиял, ойлау, сөз, зейінді дамыту енеді. Пікір сайыстар, кітаппен жұмыс, зерттеу жұмыстары баланың ақыл-ойын дамытады.

Мектептердегі тәрбие үдерісінің алдында тұрған басты міндеттер оқушылардың танымдық, шығармашылығын дамытатын ойындар, шралар, іс-әрекеттерді кеңінен ұйымдастыру болып табылады. Мектепте алынған білімдердің кейбірі уақыт өте ұмытыла бастайды, сондықтан оқушыларды өз беттері мен логикалық ойлауға, кез-келген құбылысты талдай және түсіне білуге үйретуіміз қажет.

б) Оқушылардың бойында адамгершілік, сапалық қасиеттерді қалыптастыру. Жалпы адам бойында 1842 сапслық қасиеттер болса, оның 187-сі бастауыш сыныпта қалыптасуы тиіс.

Оқушылардың бойында төмендегідей ел жандылық, ұжымшылдық, шыншылдық, тәртіптілік, өз борыщына адалдық, ұйымшылдық т.б. Сапалық қасиеттер қалыптастыру адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына жатады. Көптенген мектептерде мінез-құлық мәдениетіне арналған арнайы сабақтар, мысалы “әдеп сабағы жүргізіледі. Адамның жоғары сапалық қасиеттерінің бірі –елжандылық. Елжандылық бала күнінен, туған туысқандарға, туған өлкеге, табиғатқа, дәстүрлерге сүйіспеншіліктен басталады. Адамның бәріне ортақ осы сезімдер арқалы Отанға сүйіспеншілік қалыптасады. Отанымыздың еңбек және жауынгерлік тарихына балалардың оң көз қарасын тәрбиелеу маңызды міндет болып табылады.

в) Еңбек тәрбиесі мен оқушыларға кәсіби бағдар беруде тәрбие саласындағы негізгі міндеттердің бірі. Қазақстан Республикасының Конститутциясында еңбек ерікті делінген. Баланың жас кезінен бастап , “еңбек ету менің ең бірінші қажеттілігім ‘’деп сезінуіне үйретуіміз қажет. Адам тек еңбек арқылы ғана жарқын болашаққа жақсы өмірге ие болады.

г) Дене тәрбиесінің міндеті-жеке тұлғаны дамыту, салауатты өмір сүре білуге баулу. Ел басшысы Н. Назарбаевтың басшылығымен қабылданған 2030 стратегиялық бағдарламасы жас ұрпаққа салауатты өмір сүруді үйрату міндетін қойды. Дене тәрбиесі ерік-жігерді, тәртіпті, батылдықты, белсенділікті, өз Отанын қорғауға әзір тұратын адамдарды тәрбиелеуге көмектеседі.

Дене тәрбиесі оқушыларды қоғамдық және жеке гигиеналық дағдыларға үйретеді. Жеке тұлғаның қалыптасу, дамуының негізгі факторлары: қоғамның материалдық-техникалық базасы, тұрмыстық жағдайы, табиғи орта, тұқым қуалаушылық негіздері, жастар, балалар ұйымдары, жанұя, қоғам, ақпарат құралдары, мектептен тыс мекемелер.

д) Жеке тұлғаның дамуына қоғамның материалдық –техникалық базасының әсері. Біздің қоғамымыздың материалдық-тұлғалық базасы қоғамдағы нарықтық кәсіпке даярлау мектебінен басталуы тиіс.

е) Оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына әр халықтың әдет-ғұрпы, дәстүрі оның тұрмысындағы ерекшеліктерінің әсері. Қазақстан

Республикасының қоғам құруы, өз алдына мемлекет болып тәуелсіздік алуы Қазақстанда тұратын барлық халықтардың тұрмысына үлкен өзгерістер енгізді. Халқымыздың ғасырлар бойы жинаған рухани байлығы, салт- дәстүр, әдет – ғұрпы өмірге қайта келуі де тұрмысымызға сән бере бастады.

ж) Табиғи ортаның адамның дамуына, қалыптасуына әсері. Мысалы, солтүстікте тұратын халықтардың жай, байсалды, орнықты, ал оңтүстік халықтары қызу қанды болатыны белгілі.

Халқымыздың ұлы ойшыл ақыны Абай мен Ыбырайдың табиғат туралы өлеңдеріне зер салсақ, табиғаттың адамға қаншалықты әсері бар екендігін түсіну қиын емес.

Шығармашылық шараларды ұйымдастырудың мынандай маңызды жақтары бар.

1.Балалардың өз өмірін өздері басқара білуге сенімін қалыптастыру.

2.Оқушылардың ойлауын, қиялын дамыту.

3. Оқушыларды өз беттерімен шешім қабылдауға үйрету .

4. Бала бойындағы қорқыныш, үрей сезімдерін жойып, өзіне деген сезім туғызу.

5. Оқушыларды әртүрлі өнер саласына баулу .

6.Оқушылардың күлкі, юморлық сезімдерін дамыту.

7. Бала бойындағы рухани күшінің басым жақтарын байқату.

Әрбір істе балаларға өз шығармашылығымен қатынасуына, ізденуіне мүмкіндік беруіміз керек. Бала ойы таза шындықтан құралады. Бала тазалығы жай аңқаулық емес. Кейде үлкендер бала жан дүниесіне өзінің ой жүйесін күштеп ендіріп , бала психикасына әсер етеді. Баланың әр істеген шығармашылығы – үлкен жетістік. Әрбір педагог өз тәжірибесімен бала күш – қуаты шығармашылығын біріктіруі қажет.

Адам іс әрекеті сезімі мен ойлау ерекшеліктері, оның өкмір сүріп отырған қоңамдық тарихи жағдайларға тәуелді болады. Қоғам дамуының белгілі бір сатысында педагогикалық, филос офиялық ой пікірлер пайда болып қалыптпса бастайды. Тәрбие беру мақсатын анықтау ең басты мәселеге айналды. Тәрбие беру қоғамдық білімін іс әрекет мазмұны анықталады. Қазақстан Республикасының өз алдына дербес , тәуелсіз болуына байланысты ұрпақ тәрбиесінің алдында тұрған мақсат міндеттер Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының 8- бабында жазылған.Олар:

1. Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлтық және жалпы азаматтық құндықлықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби, шыңдауға бағытталған, білім алу ұшін қажетті жағдайлар жасау.

2. Білім беру жүйесінің басты міндеттері – жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адмгершілікпен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интелектісін байыту.

3. Азаматтық пен елжандылыққа, өз отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікпен, мемлекеттік рәміздерді құрметтуге, халық дәстүрлерін

қастерлеуге, конституцияға қайшы және қоғамға кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу.

4. Республиканың қоамдық саяси экономикалық және мәдени өмірімен қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтарымен міндеттеріне сапалы көзқарасын қалыптастыру.

5. Әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқымен республикасының басқада халықтарының тарихын әдет - ғұрыпы мен дәстүрлерін зерделеу.

Тұлғаны жан жақты жетілдіріп дамыту деген ұғымды оқу мен жастардың практикалық еңбегінде тікелей байланысы дененің және ақыл ой дамуныың бір тұтастығы деп түсіну керек. Мектептегі тәрбиенің басты міндеттері – теориялық білімді еңбекпен, өмірмен байланыстырып жүргізу, оқушыларды еңбек тәрбиесіне баулу, оларды политехникалық, экономикалық, экологиялық біліммен қаруландыру.

Тәрбиелеуде ең басты мақсат – қоғамға қажетті мақсат адамгершілік қасиеттер жоғары, еңбек сүйгіш, ғылыми дүниетанымын қалыптасқан, эстетикалық талғамы сезімі мен дене күші сыйғыш, белсенді, өмірлік поэзиясы орындалған жас өспірімді дамытып қалыптастыру.

Қазіргі тәрбиенің негізгі басты міндеттері қандай?

Бала қоғамда тәрбиелену, бірақ ол өздігінен рухани өмірін байытып, дене күшін арттырып, жан-жақты білім ала алмайды, сондықтан баланы тәрбиелейтін тәрбиеші міндетті түрде керек.

Оның міндеті баланың дамуына жағдай жасау. Бала өсіп келе жатқан гүл сияқты, оның ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасап оны күту керек.

Сонда ғана бала жан –жақты болып өседі. Бұл туралы 30-шы жылдары Л.С.Кыгодский "Тек қана ғылыми көз қарастарды түсіндірумен біреудің екінші тәрбиеленуі" мүмкін емес деп жазды.

Бұдан мынандай бірнеше ереже пайда болады.

1.Тәрбиеші баланың негізгі табиғи даму заңдылықтарын білуі керек.

2.Олтәрбиеленуі үшін сыйлы, мейірімді адам болуы қажет .

3.Тәрбие технологиясын меңгерген баланың өзіндік тәрбиелеуіне педагогикалық жағдай жасай алатын болуы тиіс.

Педагогтың тәрбиелік іс-әрекетінің түпкі мақсаты баланың өзін өзі тәрбиеленуін туғызу. Бұрынғы кеңестік мектептер тәрбиесінде, балаға оның қандай болу керектігін айтып, оған қатаң талаптар қойып отырады.

Ұрпақ тәрбиесі, бүгінгі қоғамда лайықты азаматтар тәрбиелеу күрделі мәселелердің бірінен саналатын, үлкен жауапкершілікті, жан- жақтылықты талап ететін үдеріс. Осыған байланысты қоғамның жаңа ғасырларға өтпелі кезеңінде, үлкен өзгерістер мен жаңалықтарға толы мерзімде болашақ азаматтарға білім мен тәрбие беру мекемелерінің алдында жауапты міндеттер тұр. Қазіргі сәтте осындай келелі мәселелерді шешу мақсатында уақытқа ыңғайлыстырылған тиімді әдіс- тәсілдер іздестірілу үстінде. Тәрбиелеудің қиындығы оның нәтижесі бірден көріне бермейтін әрекеттерге

жататындығында. Яғни тәрбие беруде барлығын жан- жақты ойластырғанда ғана жемісті болатынын педагогика және психология ғылымдары зерттеп, дәлелдеуде.

Мұнда, тәрбие үдерісінде жастар өзінің алдындағы ұрпақтар жинақтаған коллективтік тәжірибе мен білімдерді меңгеруге ғана тиіс емес, сондай- ақ оның бойында өмір алға қоятын, аға ұрпақ шешпеген жаңа міндеттерді шешу үшін қажетті қасиеттер қалыптастыруға тиіс» деп аталғанды.

Қазіргі таңда отбасында бала тәрбиелеу бағытындағы күрделі өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тұжырымдамасында : «Тәрбие - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым- қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез- құлқын қалыптастыру» деген түсінік береді.

Тәрбиеде көзделген мақсат біреу- ұрпақ пен ұрпақты байланыстыруы, сабақтастыруы, тәжірибеде шыңдалған тәрбие түрлерін, әдістерін келесі ұрпаққа жеткізу, солар арқылы тәрбиелеу болып табылатындығын айғақтайды.

Жоғарыда айтылған Тұжырымдамада: «...Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, парасаты, ар- ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» делінген.

Тәрбиешілердің алдындағы бірден- бір міндет оқу-тәрбие жұмыстарды жандандырып, оның мазмұнына халықтық педагогика материялдарын ендірудің әдістерін ойлап- табу, оны жүзеге асыру.

Мектептен тыс жұмысының көп қырлы болуы қандай да бір тәрбиелік шараны шығармашылықпен өткізуді талап етеді.

Р.Төлеубеков «Бала тәрбиесіндегі халықтық педпгогика» атты әдістемелік құралында бала тәрбиесінде халықтық мұраның алатын орнына, оның проблемалары мен педагогикалық негізіне тоқталады. Бала-бақша, мектеп тәжірибесі мен өмірден алынған материялдарды көрсетеді.

Тағы басқа да осы сияқты халықтық этнопедагогика материалдарын пайдаланудың тиімділігін көрсететін еңбектерді кездестіруге болады.

Этнопедагогика материалдарын оқу үдерісінде көпшілік тәрбиешілер, мұғалімдер пайдалана алғанымен, одан әрі қарай жалғасын таппай жатады. Ол үрдістің жалғасы сабақта, мектептен тыс тәрбие жұмыстарында жүзеге асырылуы тиіс. Жүйелі және комплекті түрде берілген тәрбие өзінің нәтижесін береді. Мұнда міндетті түрде қазіргі мектептердің оқу- тәрбие үдерісіндегі қазақ этнопедагогикасының материялдарын пайдаланудың біртұтастық принципі сақталу тиіс.

Балалардың халық мәдениетіне тартуда, қазақ этнопедагогикасының алдыңғы қатарлы дәстүрлерінің педагогика ғылымдары жетістіктерімен үйлесімділігі, ұлттық психология, мінез- құлық ерекшеліктерін ескеру, сонымен қатар жүйелілік, бірізділік және сабақтастық принциптерін ескерген жөн.

Тәрбие жұмыстарды балалардың жеке ерекшеліктерін, тұрғылықты жердің мүмкіндіктерін ескеру керек болса, оған халықтық педагогика материалдарын пайдаланғанда да осы ерекшеліктер есте болуы тиіс. Тәрбиеші, мұғалім әрқашанда сабақта қолданатын, тәрбие жұмыстарының мазмұны мен мәнін жүйелі тиімді етіп ойластыруы тиіс.

Халықтық тәрбие өзінің өміршеңдігімен ерекшелінеді. Сондықтан бала тәрбиесінде халықтың бұрыннан келе жатқан дәстүрлі тәрбиелік шараларын казіргі кезеңге байланыстыра қарстыру керек. Бұл шараларға халық өкілдерін кеңінен таратып, халық арасындағы әртүрлі салалардағы өз ісінің білгірлерін, өнер өкілдерін балалардың ортасына шақырып, кездесу өткізген пайдалы болмақ. Танымал тұлғаларды әртүрлі үйірмелерге шақырып, балалардың сол өнерге деген ықыласының аруына ықпал етуі қажет.

Қазақ халықының салт-дәстүрін оқу- тәрбие ісіне енгізіп қана қоймай, оны жүйелі түрде жолға қоюды дәстүрге енгізген жөн. Баланың ата- анасын сыйламауы, ата мен әженің ролін мойындамауы, үлкенді құрметтемеуі, өзінің ана тілінің менсінбеуі, ел тарихын, мәдениетін білмеуі т.б. Сондықтан бүгінгі мектептің міндеті- өткен кезеңде жіберілген кемшіліктерді қалпына келтіру, бір жолға қою. Сондай- ақ жүйелі түрде балалардың халық даналықтарынан тәрбие алуына жағдай жасау болып табылады.

Қай ұлтты алмасақ та бала тәрбиесіне байланысты дәстүрлерге бай болып келеді. Бұл еңбек адамына деген құрмет, жасы үлкен адамдарды сыйлау этикасы, ата- анаға, басқа ұлттың өкіліне деген дұрыс қарым- қатынасты және басқа да салт- дәстүрлерінен көрінеді. Дәстүрлер қандай да бір ұлттың топ адамдары мәдениетінің дамуы болып табылыды. «Этнопедагогика» жүргізген кезде «Менің ауылымның дәстүрі» немесе «Менің отбасымның дәстүрі» деген тақырыпта әңгіме өткізуге болады.

Бұдан басқа отбасыларының дәстүрлерін сипаттайтын шығармалар жеткілікті. Осылардан біздің жасайтын қорытындымыз: халықтық дәстүрлердің біржола ұмытылып кетпегені, салт- дәстүрлердің жер- жерде сақталғаны. Әр отбасында, жекеленген тәрбие ордаларында балаларға халықтық педагогика негізінде тәрбие жұмыстарының жүргізілетіне көз жеткіздік.

Қазақ тіліндегі «Этнопедагогика» оқулығының авторлары З.Әбілова мен Қ.Қалиеваның халықтық тәрбие дәстүрлерін тұтас педагогикалық процесте меңгерудің шарттарын қалай көрсеткеніне тоқтала кетсек. Олар:

− педагогтардың ұрпақтар байланысын отбасындағы қарым-қатынастағы секілді әлеуметтік орта мен қатынаста балалар мен үлкендердің біріккен әрекеттерін ұйымдастыру жолымен қамтамасыз ету;

− халықтық педагогикалық туындыларымен, жазба мұралар, архитектуралық ерекшеліктер, сәндік- қолданбалы өнер туындыларымен танысу арқылы меңгеру;

− халықтық рухани байлығы мен тілін туғызушы қайнар көз- ана тілін жетік игері.

Әсіресе, деп көрсетеді авторлар, «адамгершілікке тәрбиелеу үдерісінде озық халықтың дәстүрлерді, жоғары иеялық ертегілер, мақалдар, мәтелдер, жұмбақтарды қолдану тиімді.

Этнопедагогикасына өнегелерге газеттер мен журналдар беттерінде, радио мен теледидар хабарларында бұл мәселе төңірегінде хабарлар аз болғанымен, бір ерекшелігі мерзімді басылымдар халықтық педагогика тақырыбын көп көтереді. Бұған дәлел, кейінгі кезде осы тақырыптар бойынша ғалымдарға, мұғалімдерге мерзімді басылымдар тарапынан үлкен мүмкіндіктер туып отыр.

Себебі, кейінгі бірнеше жылдың өзінде «Тәрбие құралы», «Ұлт тағылымы», «Ұлағат» сияқты бірнеше ғылыми- педагогикалық журналдар дүниеге келді.

Сонымен қатар, бұл мәселені бұрыннан халыққа қызмет етіп келе жатқан «Қазақстан мектебі» журналы мен «Қазақстан мұғалімі» газеті үнемі көтеріп жүр. Бұл басылымдар осы халықтық педагогика жөніндегі ғылыми тұжырымдармен қатар практикалық жұмыстарды да көрсетуге тырысады. Мұның өзі мұғалімдер, тәрбиешілер үшін үлкен әдістемелік көмек болып табылады.

Жоғарғы аталған «Этнопедагогика» оқулығында халықтық педагогика мектепке дейінгі және мектептен тыс тәрбие мекемелерінде жүргізілетін тәрбие бойынша жұмыстарды сол өзге деңгейде байытуы тиіс. Халық педагогикасы материалдарымен жұмысқа оқушылардың өздерін қатыстырған пайдалы. Үйірмелер, байқаулар, тақырыптық кештер ұйымдастыру осы мақсатқа бағытталғаны жөн» деп көрсетіледі.

Демек, балалаларға халықтық тәжірибесін тек теориялық тұрғыда жеткізбей, оны іс-әрекетке пайдалануға үйрету маңызды нәрсе деп түсіндіруіміз керек.

Халық педагогикасының мазмұны бай, құрылымдық элементтері бір түрлі, дейді О.Нұсқабаев «Мектеп-жас ұрпақты әлеуметтендіру институты» деген зерттеу жұмысында. Халықтық педагогикасының құрамына тәлімдік мәні бар белгілі бір ұлтқа тән барлық құбылыстар кіреді. Олар мыналар:ұлттық болмыс, дін, қадір-қасиет, ұлттық сана- сезім, өзіндік дүниетанымы, ұлттық психологиялық ерекшеліктері (мінез-құлқы, түйсік–түсінігі, көңіл- күйі, ұлттық сезімі ұлттық мақтанышы, ұлттық талғамы) т.б. осы сияқты ерекше қасиеттерді зерттеу жұмысында ғалым жан-жақты талдайды. Ұлттық сана-сезім де патриоттықты, ұлтжандылықты қалыптастыратын ерекше қасиеттердің бірі.

Әрбір халықтың ертеден келе жатқан бала тәрбиесіне қатысты өзіндік дәстүрлері бар. Мысалы, қазақ халқында ата мен әже сыйлау дәстүрі бар. Ата- ардақты тұлға. «Әкеден ұл тусайшы, әке жолын қусайшы» деп, ұрпаққа атаның мұрасын жалғастыруды уағыздайды. Ата ұрпағының қайырымды, мейрімді, ақылды, іскер болуын тілеп, сол үшін қамқорлық іс- әрекеттерін басы жерге жеткенше дамыта береді, өнеге көрсетеді, өсиет айтады. Атаның «Айналайын», «садағаған болайын» деген сөздері оның ұрпағы үшін жанын да аямый, құрбандық болуға даяр екендігін көрсетеді.

Ата немересін еркелетеді, бірақ еркінсу бар да, еркелік жарасым бар, еркелікпен атаның көңілі қалатындай анайлық, ақымықтық менмендік жасауға болмайды. Атаның үлгі өнегесін мұрат тұтып, оның өсиет сөздерін ықылас қоя тыңдап, көкейіне түйіп алатын ұрпақ- атаның бақыты, жарқын өмірінің жалғасы.

Жалпы ұрпақтар жалғастығына құрмет көрсету еврей дәстүрінің негізі болып табылады. Ата- аналарғп құрметпен қарап, сыйлау тек сезім түрінде ғана емес, іс жүзінде көрініс табу қажет. Ата- анға қамқорлықты сөз бен істің шынайы болмысында көрсеткен жөн. Балалардың ата-аналарына қарсы келулеріне бомайды, оларға қашанда жағымсыз және келеңсіз әрекеттерді көрсетуден аулақ болу керек. Олар халқының дәстүрлерін балаларына, болашақ ұрпаққа жеткілікті деңгейде аманаттау қажет.

Халық педагогикасында еңбекке баулудың мақсат міндеттері бірдей болғанымен, оны жүзеге асыруда әртүрлі жолдар пайдалынылады.. Бұлардың барлығының да көздеген мақсаты баланы жерге, елге, еңбекке деген көзқарасын қалыптастыру, барды бағалау, сақтау, еңбектің. Тиімділігін түсіну т.б. ерекше қасиеттерді дарыту деп айтуға болады.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, балалардың айналамен қарым- қатынасын, өмірге деген көзқарасын және соған сай- мінез-құлқын қалыптастыру дейтін болсақ, дәл қазіргі кезде оны жүзеге асырудың жолдары жеткілікті. Мысалы, қазір көптеген мектептерде төменгі сыныптар үшін «көңілді демалыс сағаттарын» ұйымдастырып жүр. Бұл үрдістегі ең негізгі ойын, оның ішінде ұлттық ойындар тәрбиенің элементі ретінде үлкен рол атқарады. Өйткені, ойын баланың жан-жақты дамуының қайнар бастауы. Ал сол қайнар бастаудың ешқандай тәрбиелік мәні болмай, керісінше баланы бұзақылыққа, төбелеске, дөрекілікке бейімдейтін болса, онда оны тек халықтық педагогиканың тәрбие құлдары арқылы орнын толтыруға болады.

Ұлттық ойындар баланың ой- өрісін кеңейтеді, ептілік, шапшандық сияқты қасиеттерді меңгеруге ықпал етеді. Ертеңгілікті ойластырғанда халық педагогикасының мүмкіндіктерін ескеру керек.

Этнопедагогика- бала тәрбиелеуге бейімделген әдіс- тәсілдерін сауатты пайдалана алу оқушының жеке басында тәрбиенің түрлерін қалыптастыруға, педагогикалық процесті тиімді қадағалауға мүмкіндік береді. Мысалы, халық ойындарын тәрбие сағаттарында жиі пайдалану баланың шығармашылық қиялын дамытады., ойлау әрекетін жүйеге келтіреді, балалардың бойында тапқырлық, ұшқырлық сияқты ерекшеліктерді шығаруға ықпал етеді, шыдамдылыққа, ерік- жігерін шыңдауға көмектеседі.

Халықтық педагогиканың материалдарын пайдаланудың қажетті нәтижелерді төмендегі мәселелерді ескергенде ғана жүзеге асыруға болады:

- егер оларды мектеп мұғалімдері, сабақта, және ертеңгілік жұмыстарда үнемі қолданса;

− оқу жылының басында мектепке дейінгі мекеменің тәрбие жұмысының жоспарында міндетті түрде халық педагогикасының озық әдіс - тәсілдерін, тәжірибелерін енгізсе;

− мектепке дейінгі мекеменің әкімшілігі бұл жұмысты үнемі қадағалап отырса;

− халықтық педагогиканың материалдарын пайдалану туралы семинарлар, әңгімелер өткізіп тұрса.

Қазіргі балабақшалардың педагогикалық үрдісі өткізілетін ертеңгіліктер тәрбиелік іс-әрекеттердің бірлігін қарастырады. Әсіресе, халықтық педагогиканың материялдарын ұтымды пайдалану әрекеттері бірден-бір міндет болып табылады.

Жалпы алғанда, халықтық педагогиканы оқу- тәрбие ісіне ендіру оқушылардың ұлт мәдениетіне, туған халқына деген танымдық қызығушылығын кеңейтеді, халықтың рухани мәдениетіне, оның салт-дәстүрлерін танып- білудегі үрдіс оқушылардың белсенді өзіндік әрекеттерінің нәтижесінде жүзеге асырылады. Себебі, нағыз шығармашылық ізденушіліктің негізінде іскерлік, дағды қалыптасатынына белгілі. Оларға халық шығармашылығының ауызша жанрларын, ұлттық ойындарды, салт-дәстүрлерді, саяхаттарды жатқызуға болады.

Орыстың ұлы педагогі тәрбиелеуде халықтық идеяны алғашқылардың бірі болып айтқан К.Д.Ушинский тәрбие мен оқытудың мәніне өзіндік көзқарасын ұсынып, оны халықтық идея деп негіздеді. Оның басты ойлары төмендегідей болып келеді:

− барлығына бірдей тәрбие жүйесі жоқ әр халықтың өзінің ерекше ұлттық тәрбие жүйесі бар... сондықтан басқа халықтан тәрбие жүйесін өзімізге ендіру мүмкін емес;

− ұлттық сезім басқалармен салыстырғанда ең мықтысы болып табылады. Адам өз отанының атын ұмытуы мүмкін, бірақ өз халқының қасиеттерін есінде сақтап қалады;

− барлық адамдар үшін басқа ұлттардың тәрбие жөніндегі тәжірибесі құнды ізденіс болып табылады, бірақ ол қаншалықты қызықты болғанымен өмірді басқа ұлттардың үлгісімен құру мүмкін еместі сияқты басқа педагогика жүйесінде тәрбиелеу мүмкін емес…

− халықтық әр ұлттың тәрбие туралы жалпы заңдылығы болып табылды, ол тәрбие мен педагогикалық идеялардың мазмұнын анықтайды. Егер тәрбие нақты болғысы келсе ол халықтық болуы тиіс.

Ал, этнопедагог ғалымдар Қ.Жарықбаев пен С.Қалиев «Қазақ тәлім-тәрбиесі» деген еңбектерінде «Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бесік жырымен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарды, шешендік сөздер мен айтыс- термелерде, мақал- мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі ой- түйіні- адамгершілік- имандылық, ақыл- ой, еңбек эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі».

«Қазақ халқы арнайы бала тәрбиесі мен айналысатын қоғамдық орындада болмаса да, өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап –ақ өлең- жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған», - деп көрсетеді. Бұл айтылғандардан жасалатын қорытынды халықтың ертеден келе жатқан мол тәжірибесінің болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі ролі зор.

Ресейдің танымал педагогі Е.И.Щуркова балалармен топтық жұмыстардың бірталай түрлерін ұсынады. Республика көлеміндегі мектептерде жүргізіліп жүрген «Атамекен», «Жұлдыз», «Кәусар бұлақ», «Елім -ай», бағдарламалары оқушылардың ана тіліне, халықтың алдыңғы қатарлы салт-дәстүріне жақындай түсуіне көмегін тигізеді.

Бұл бағдарламалар өзінің алдына балаларға комплексті түрде  тәрбие беруді мақсат етіп қояды. Халықтық педагогика материалдарын сабақта, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарда дәстүрден тыс түрде пайдаланудың дайындығы және оны дұрыс өткізу, әр мұғалімнің, тәрбиешінің орасан зор еңбегі қажет.

Халық ауыз әдебиеті- халық шежіресі. Қазақ ауыз әдебиеті- талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай асыл қазына. Оның халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымызды танимыз. Ауыз әдебтіндегі қиял дүниесінен туған ғажайып ертегілер, батырлар жырлары, өмір тәжірибесінің қысқаша қорытындысы- мақал- мәтелдер, ойға түрткі салатын сыр сандықты жұмбақтар, қиыннан қиыстырылған тақпақ- жаңылтпаштар, санамақтар, ұлттық ойындар- бәрі халықтық мол байлық.

Сондықтан осы мол байлықтың, қайнар бұлағынан жас жеткіншектердің сусындату, оның педагогикалық дидиактикалық тәрбиелік міндеттерін ұстаздар оқу- тәрбие үдерісінде орайластыра кеңінен пайдаланған абзал.

Себебі жас жеткіншектердің дүниетанымының, адамгершілік қасиеттерімен мәдениетінің негізін қалыптастырушылардың бірі -мұғалім.

Жас ұрпақ өз халқының мәдениетін бойына сіңіру арқылы ғана жалпы адамзат мәдениетін игере алады. Халық зердесіне тереңірек үңілсек, ұрпақ тәрбиесі қай елдің, қай кезеңнің болсын толғақты мәселесі болып отыр. Бұл көкейтесті мәселе ғасырлар бойы тек халықтың ғана сәтті шешімін тауып отырған. Халық мұрасының танымдылық тәрбиелік мәні- ұланғайыр. Қазақ халқының да бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан жиіп- терген мол тәжірибесі бар.

Халық өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін жеткіншек ұрпаққа күнделікті тұрмыста үйретіп, бала бойына сіңіріп отырған.

Бұл жөнінде ойшылдар пікіріне сүйенсек:  Мұхтар Әуезов «Біз ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, сол халықтың өткендігі өмірін, аңсау-арманын, әдет- ғұрпын көрсетеді»,- деп ауыз әдебиетінің тәрбиелік мәнін айқын ашып көрсетті.

Балабақшада  балаларды қазақ халқының дәстүрлері мен әдет- ғұрпын жоғалтпай, оны әрі қарай дамытуға тәрбилейді. Балабақшада  математика бағдарламасында халық педагогикасының әдістері, мүмкіндіктері ескерілмеген.

Осыған орай, оқулықтардағы шағын материалды дамытып, оқушылардың түсінігіне сай халқымыздың мәдениетін кейбір элементтерін өздігінен енгізіп келеді.

Балалардың ойын, тілін дамыту үшін мұғалім ертегілерді, аңыздарды, әңгімелерді өзінің ойынан құрастырып, сабақ түсіндіргенде пайдаланып отырады. Ана тіл сабағында халық педагогикасын енгізу арқылы балаларды адамгершілікке, имандылыққа және туған жердің байлығын, еңбек ардагерлерін, жерлес батырларды құрметтеуге тәрбиелейді.

Ана тілін оқыту саласындағы зерттеулердің бірі ретінде профессор Ә.Әбілқасымованың ғылыми жетекшілігімен жүргізіліп жатқан «Балабақшада ана тілін оқыту үдерісіне халық педагогикасының материялдарын пайдалану» атты арнайы курстың оқу бағдарламасын алуға болады. Бағдарлама балабақшадағы тәрбиешілерге, халық педагогикасын қолдануды меңгерту және сол алған білімдерін мектеп қабырғасында қолдануға дайындау. Бұл оқыту үдерісінің нәтижелі болатындығының кепілі.

Халқымыздың ертегілерінде, аңыз- әңгімелерінде, шешендік, тапқыр сөздерінде, салт- дәстүрінде математикамен байланысты тұстарын көптеп байқауға болады. Халқымыздың асыл қазынасын сабақтың кейбір тақырыптарымен байланысты тиімді пайдалану, оның салт- дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарауға үйретуі сөзсіз.

Сонымен тәрбиеші, мұғалім сабақтың мақсатын көздей отырып, баланың ой- өрісін, білім деңгейін көтеру, шапшаң ойлап тез есептеуге жетілдіру. Сонымен қатар халқымыздың салт- дәстүрлерін, әдет- ғұрпын білуге үйрету.

## 2 Студенттерге тәрбие жүйесін кредиттік технология арқылы үйретудің әдістемелік негізі

### 2.1 Қазақ халқының мәдени мұрасының студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы әлеуеті

Студенттердің эстетикалық мәдениетінің қалыптасуы эстетикалық білімдерді меңгеруінің, эстетикалық сана формалары (сенім, сезім, талғам) дамуының, біліктілік пен іс-әрекет, қарым-қатынас пен мінез-құлық өлшемдерінің бірлігі негізінде жүзеге асады. Эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың бұл элементтері бір-бірімен өзара тығыз байланыста болып келеді. Біз, студенттердің болмыстағы ақиқатты тануда эстетика құбылыстары мен нысандарына қатысты білімінің толысуын, көзқарасы мен талғам - сезімінің дамуын, сенімінің орнығуын, мінез-құлық пен қарым-қатынастың жағымды ережелерін меңгеруін – эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың өлшемі, ал оның эстетикалық қарым-қатынас жүйесін күнделікті, әрі жан-жақты іс-әрекеттерде жүзеге асырудағы даярлығын – эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың көрсеткіші деп түсінеміз.

Студенттердің эстетикалық мәдениеті адамның жеке басының жалпы мәдениеті мен кәсіби мәдениетінің ұштасуы негізінде анықталады. Егер, адамның жеке басының жалпы мәдениеті оның әдептілігі, қайырымдылығы, ізеттілігі, қарапайымдылығы, инабаттылығы, ибадаттылығы мен мейірімділігі, кішіпейілділігі және т.б. адами қасиеттерімен анықталса, онда оның кәсіби мәдениетінің мәні кәсіптіліктің ерекшеліктерімен айқындалады, солардың негізінде қоғамдық өмірді, табиғатты, өнерді «сұлулық заңы» бойынша сезінуі, қабылдауы, бағалауы секілді қабілеттері қалыптасады. Демек, мамандарды даярлау барысында мұғалім кәсібінің ерекшеліктерін ескере отырып, эстетикалық мәдениетті қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Ол, негізінен эстетикалық тәрбиенің міндеттерін жүзеге асыруда шешімін табады.

Эстетикалық тәрбиенің міндеттері студенттердің эстетикалық сезімін, талғамын, мұратын, қажеттілігін, көзқарасын және сенімін қалыптастырумен ғана шектелмейді, эстетикалық мәдениеттің бөлінбейтін маңызды құрамдас бөлігі ретінде жалпы өмірді қабылдаудағы және бағалаудағы қабілеттерді меңгертеді.

Студенттердің эстетикалық мәдениетінің қалыптасуына сыртқы және ішкі факторлардың ықпалы ерекше. Ішкі факторларға: студент тұлғасының рухани-жан дүниесін, анатомиялық-физиологиялық құрылымының ерекшеліктерін, тұқым қуалаушылық пен санасын, ал сыртқы факторларға: студент тұлғасын қоршаған ортаны, белсенді іс-әрекетін, дене бітімін, жүріс-тұрысы мен арнайы қабілеттерін, мінез-құлық ерекшеліктері мен қарым-қатынас мәдениеті деңгейін және т.б. жатқызуға болады (Сурет 1).




Сурет 2 – Студентттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың ішкі және сыртқы факторлары

Егерде, студенттердің тұқым қуалаушылық және анатомиялық-физиологиялық құрылымының ерекшеліктері ата-ананың тегі арқылы берілсе, ал оның санасы мен рухани жан-дүниесі тәрбие арқылы қалыптасады. Эстетикалық мәдениетті қалыптастыруда олардың ролі ерекше.

Сол секілді, студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортаның да әсері мол. Өйткені қандай ортада адам тәрбие алса, сол ортаның ықпалымен жалпы және эстетикалық мәдениеті қалыптасады. Демек, жоғары мекеметің білім беру үдерісінде студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлардың мәніне аса назар аудару қажет. Бұл факторлардың мәні өмірдің әр-алуан құбылыстары мен нысандарын эстетикалық тұрғыда ұғыну, олардың әсемділігіне ләззаттану қабілетіне тәрбиелеу және қоғам игілігіне шығармашылықпен еңбек ету қажеттілігінен туындайды.

Студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда көркемөнер шығармалары мен заттық орта ықпалының да, мәдени-бұқаралық іс-шаралардың да маңызы өте зор. Егер, студенттердің көркемөнер жайындағы білімдері мен түсініктері сезімдерімен тікелей байланысты болып, шығармалардың мазмұны бейнелі ойлауы мен қиялының дамуына маңызды ықпал етсе, заттық ортаны мақсатты түрде әсемдеуде сәулет өнерін, дизайынды ендіру, еңбек жағдайын жақсартуға байланысты өндірістік эстетиканы, адамдардың өздерінің шығармашылық қабілеттерін тікелей эстетикалық тәрбие арқылы дамыту – тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді. Эстетикалық мәдениеттің құрамдас бөлігінің бірі – эстетикалық мінез-

құлық болса, күнделікті өмірдегі, еңбектегі, адамдардың қарым-қатынасындағы үйлесімділікті белгілейді.

Студенттердің эстетикалық мәдениетінің қалыптасуына айрықша белсенді ықпал ететін оның эстетика жайындағы білімдері, көзқарастары, сенімдері және эстетикалық қабылдауы, талғамы, сезім категориялары.

Эстетикалық теорияға қатысты білімдерге: өнердің тарихы, білімдер немесе дәстүрлер арқылы берілетін қоғамның эстетикалық құндылықтарын жатқызуға болады. Эстетикалық теорияға қатысты білімдердің белгілі бір элементтерін меңгеру болашақ мұғалімдерге меңгерген білім – біліктерін кәсіби іс-әрекетінде тиімді пайдалануына көмектеседі.

Эстетикалық мәдениетті қалыптастырудағы білімнің негізгі мақсаты – тұлғаның ой-өрісінің негізін құрайтын гуманитарлық білім беру жүйесінде ақиқатты өмір жайында эстетикалық дүниетанымын тәрбиелеу, осы бағытта өздігінен білім алудағы және өзін-өзі тәрбиелеудегі қажеттілікті меңгерту. Мәселен, эстетикалық білімнің мақсаты – студенттердің эстетикалық мәдениетінің теориялық және құндылық негіздерін қалыптастыруды; эстетикалық дүниетанымды тәрбиелеудің мақсаты – студенттердің білмдері, құндылық бағыттары мен талғамдарының бірлігінде біртұтас көркемөнер мәдениетін қалыптастыруды; эстетикалық бағытта өздігінен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеудің мақсаты – студентердің өзін-өзі жетілдіруді көздейді.

Жоғары мекеметің білім беру жүйесінде эстетикалық мәдениеттің студенттер даярлығындағы көрінісі, олардың:

- эстетикалық және көркемдік құндылықтарына белсене араласуымен;
- олармен қарым-қатынаста терең эстетикалық қажеттілікті сезінуімен;
- эстетикалық көзқарасты сараптау және бағалау деңгейінің өсуімен;
- өзінің кәсіби әрекетінде жинақталған эстетикалық білімдері мен біліктерін «сулулық заңы» бойынша шығармашылықпен дамыта білуге дайын болуымен;
- өзін қоршаған ортамен әсерлі қарым-қатынас орнатуға талпынысымен;
- бос уақытта өнер мен эстетикалық шығармашылық әрекеттерге қызығушылық танытуымен анықталады.

Мұндай көзқарас студенттердің эстетикалық мәдениетінің даму деңгейін көрсетеді және іс-әрекетінің барлық түрлерінде эстетикалық көзқарастары мен сенімдерінің тұрақты қалыптасуына септігін тигізеді.

Студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру нақты бір мақсатқа бағытталады және кезеңді бірізділікпен жоғары дәрежедегі эстетикалық сапа жүйесінің дамуын білдреді. Қалыптасуының әрбір кезеңі өзіндік ерекшеліктерімен (жас ерекшелігі, әлеуметтік-психологиялық және т.б.) сипатталады. Осыған орай, студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың ерекшелігі, сабақтастығы мен жүйелілігін сараптап талдау – бүгінгі таңдағы эстетикалық тәрбиенің бағыты мен болашағын анықтауға, қоғамның мәдени құрылысындағы оның рөлін жан-жақты ашуға, өзекті мәселелерін шешуге көмектеседі.

Сонымен, студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру – бұл оның ақиқаттағы, өмір мен өнердегі, табиғаттағы, адамдардың қарым-қатынасы мен мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, сондай-ақ жүріс-тұрысы мен өмір сүру салтындағы әсемдікті, сұлулықты, жарасымдылықты үйлесімді қабылдауы және зерделі ұғынуын, осылардың негізінде өзінің өмірін құра білудегі қабілетін дамытуға бағытталған мақсатты үдеріс. Бұл болашақ мұғалімдердің мәдениетке, өнерге, әдебиет пен поэзияға, оның туындыларына қатысты белгілі бір деңгейде қиялын, түсінігін, көзқарасы мен сенім жүйесін қалыптастыруды қарастырады, яғни нәрсенің (заттың) эстетикалық құндылығына қанағаттану сезімін қамтамасыздандырады. Бір сөзбен айтқанда, эстетикалық мәдениет ұлттық мәдени мұраның, соның ішінде қазақ халқының мәдени мұрасында көрініс алған эстетикалық құндылықтардың адам өміріндегі мәнін дұрыс түсінуге бағытайды және оларды адамның игілігіне пайдалануды қамтамасыз етуді көздейді.

«Мәдени мұра» мәселесі бүгінгі мәдениет теориясының өзекті мәселесінің бірі болып саналады. Ғылыми әдебиеттерге жасаған алдау «мәдени мұра» ұғымының түп тамырының тереңде жатқанын, оның «мирасқорлық», «мұрагерлік» ұғымдарымен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Біз осыны ескере отырып, философтар (Аристотель, Әл-Фараби, Гегель және т.б) мен мәдениеттанушылардың (Н.Я.Данельевская, О.Шпенглер, Арнольд Дж.Тойнби,А.Сперкен, И.В.Суханов және т.б) ой-тұжырымдамаларын негізге алып «мирасқорлық», «мәдени мұра», «мұрагерлік» ұғымдарының мән-мағынасына тоқталамыз, мазмұнына сипаттама беру арқылы өзара байланысын ашып көрсетеміз.

Әлбетте, тарихи «мирасқорлық» ұғымы «мәдени мұра» ұғымымен өзара тығыз байланысты. Ол өз кезегінде «мұрагерлік» ұғымына алып келеді. Мұрагерлік әрбір келесі ұрпаққа өткеннің дамуының нәтижесі ретінде миросқорлықтың тұрақты түйіні болады. Әйтседе олардың әрбірінің өзіне тән ерекшеліктері де жоқ емес: біріншіден, миросқорлық жалпы философиялық категория және «... қоғамдық, сондай-ақ жаратылыстану ғылымдары үшін әдіснамалық маңызы бар. Мәдени мұра категориясы мәдениет саласында болатын процесте өзінің көлеміне қарай тек үйлестіруші ғана болады. Екіншіден, миросқорлық ұғымы құбылыстардың объективтік байланысын білдірсе, онда «мұра» миросқорлықтың заңдылықтарын теориялық тұрғыдан ұғыну және өткен ұрпақтан қалған мәдени құндылықтарды, оларды шығармашылықпен пайдалануда сыни бағалау тұрғысынан ұғыну әрекеті». Сондықтан «мәдени мұра» ұғымы мәдениет саласында «миросқорлық» ұғымын нақтылайды, сол салада миросқорлықтың бірінші нәтижесі, былайша айтқанда қабылдауға, ұғынуға, пайдалануға, мұрагерлікке «материалы» болады.

Ғылыми әдебиеттерде «мәдени мұра» мәселесіне қатысты көптеген зерттеу жұмыстары бар. Соған қарамастан, бұл ұғымға берілген бірегей анықтама жоқ. Олардың басым көпшілігі «мәдени мұраны» қоғам дамуындағы адамдардың жасаған құндылықтарының жиынтығы ретінде қарастырады. Әрине, бұл көзқараспен келісуге болады. Мұндай жалпылама берілген анықтама зерттеліп

отырған объектілердің бірігуіне мүмкіндік береді. Олардың негізін адамдардың іс-әрекеті құрайды. Әйтседе, бұл анықтаманы жетілген анықтама деп қабылдауға болмайды. Өйткені, біріншіден, адамдар әрекетінің қандай нәтижесін мәдениеттің жетістігі ретінде сипаттауға болады деген мағынада құндылықтардың жиынтығы ретінде мәдени мұраны анықтауда және мәдени құндылықтарды дұрыс ажыратуда нақты түсінік болмай қалады. Екіншіден, мәдениет феномендерінің мұраға қатысын анықтап алу қажет. Ол үшін мәдени мұраны қазіргі мәдениеттен ажырата білген жөн.

Біздің пайымдауымызша, «мәдени мұра» ұғымын анықтауда түрлі сипаттамаларды қолдану қажеттігі туындайды: уақыт, мәнді-мазмұндық және функционалдық. Уақыт бойынша сипаттама мәдени мұранның әртүрлі феномендерін бөлуге мүмкіндік бермейді. Өйткені, ол қосымша сипатқа ие. Фнукционалдық сипаттама да белгілі бір қиындықты туындатады. Ол мәдениеттің кейбір феномендерінің арасында функционалдық айырмашылықтарды табуға мүмкіндік бермейді. Мысалы, өнер өзінің әр алуандылығына қарамастан сол қызметті атқарады. Мәнді-мазмұндық сипаттама бұл феноменнің қызметін қазіргі дәуірмен байланыстырады және сол феноменнің осы ортада пайда болуын, оның қазіргі уақыттағы көкейкестілігіне қандай жағдайлар себеп болатыны туралы сұраққа жауап беруде септігін тигізеді. Сондықтан, олардың қажеттілігіне қарамастан уақыт пен функционалдыққа қатысты белгілер жеткіліксіз. Тек қана мәнді-мазмұндық сипаттамамен синтездік жағдайда ғана олар мәдени мұраны қазіргі мәдениеттен ажыратуға мүмкіндік береді.

Мәдениетті мұрагерлеуді өткеннің мәдени құндылықтарын әлеуметтік және тұлғалық практикада, әлеуметтік жүйе мен өзара қарым-қатынаста қабылдау, меңгеру және шығармашылықпен ендіру үдерісі ретінде анықтауға болады.

Мұрагерлік жаңа қоғамның мақсаттарымен байланысты жүзеге асады. Бұл мақсаттарға жету үдерісі мұрагерлікті меңгеру және осының негізінде жаңа феномендер мен процестерді жасауды көздейді. Сондықтан «мәдени мұра» ұғым ретінде, «дәстүр» және «жаңашылдық» ұғымдарынсыз анықталмайды.

Дәстүрлер мен жаңашылдықтың өзара байланысына, оларда көрініс алған рухани іс-әрекеттің түрлі саласындағы тарихи мирасқорлықтың мәніне, дәстүрлердің категориялық ерекшеліктеріне Еуропалық философ-теоретиктер де (XYII-XYIII ғ.ғ. бастап И.К.Гардеродан, Т.Адорно, Х.Ортеги-Гассетаға дейін), ТМД және Қазақстан философ-теоретиктері де (А.Г.Спирин, И.В.Суханов, О.Г.Дробинцкий, Сарсенбаев және т.б.) мақсатты түрде назар аударып отыр.

Қазіргі әдебиеттерде дәстүрлердің мәніне қатысты көлемді үш теориялық көзқарас көрініс алады.

Бірінші көзқарасты шартты түрде жалпыфилософиялық деп атауға болады. Мұнда ғалымдардың дәстүрлер жайындағы философиялық-дүниетанымдық көзқарастары жинақталып, көлемді ілім ретінде ұсынылады.

Екінші көзқараста, дәстүр ұғымы және оның жаңашылдыққа қатысы жалпы әлеуметтік тұрғыда түсіндіріледі. Бұл жағдайда ол тарихи

мирасқорлықтың объективтік және қажетті жағдайы ретінде қоғамдық дамудың өткен кезеңінің прогрессивтік мазмұнын келесі кезеңге ендіру үдерісі тұрғысында қарастырылады. Дегенмен, мұнда мәдениеттің мәні қоғамдық адамның шығармашылық әрекеті болатыны және дәстүр мен жаңашылдық проблемасын талдауда мирасқорлықтың қоғам дамуында ерекше көрініс беретіні туралы деректеме сараланып көрсетіледі.

Үшінші көзқараста нақты-әлеуметік деп атауға болады. Бұл жағдайда дәстүр мәдени мирасқорлықты жүзеге асыру механизмі ретінде әлеуметтік жүйенің белгілі бір элементтері, көбінесе қоғамдық сананың әлеуметтік психологиялық днңгейіне сәйкес қарастырылады. Мұнда дәстүрді, ең алдымен, тарихи-мәдени процестің жалпы заңдылықтарымен емес, сақтаудың қажетті жағдайы және мирасқорлықты қамтамасыз ету факторы ретінде әлеуметтік жүйенің қызметін жасау проблемасымен байланыстырады. Осыған орай, дәстүр, бұл жағдайда басқа да өмір сүретін салттар, нормалар, мінез-құлық ережелері, әлеуметтік дағдылар, принциптер секілді әлеуметтік-реттеушіліктің бір түрі ретінде түсіндіріледі.

Осы жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, біз «дәстүр» мен «жаңашылдық» ұғымдарына өзіміздің ұлттық тұжырымдамалық көзқарасымызды береміз. Біздің пайымдауымызша, дәстүр – қазақ халқының мәдени құндылықтарды жасаудағы тәсілі және соның нәтижесі. Онда олардың құрылымы мен элементтері толықтай сақталады. Дәстүрдің негізгі әлеуметтік мәдени қызметі: қоғамдық қатынастардың маңызды нормаларын тұрақтандыру, қазақ халқының мәдени құндылықтарын сақтау және бір ұрпақтың жинақтаған рухани-адамгершілік тәжірибесін келесі ұрпаққа жеткізу.

Жаңашылдық – қазақ халқының мәдени құндылықтарын қайта жандандырудың және жасаудың механизмі. Онда әлеуметтік қажеттіліктерді нәтижелі қанағаттандыру үшін рухани өндірістің өткен кезендерімен

салыстырғанда ен жетілген, мазмұны бай мәдениет нысаналарының формаларын құру саналы түрде мақсат етіп қойылады. Бұл механизм мәдениет динамикасына тән және қоғамның рухани өмірінің өзгерісін әлеуметтік қайта жанарумен бірдей қамтамасыздандырады.

Дәстүр мен жанашылдықтың өзара қарым-қатынасындағы бысты мәселе - өзара қарым-қатынаста үйлесімділікке қалай қол жеткізуге болады және мәдениеттің дамуында осы үйлесімділікті қалай қаматамасыздандыруға болады деген сұрақтардын шешімін іздестіру.

Бір-біріне қарама-қарсы осы екі ұғымдарды біріктіретін мәдени мұра қазақ халқының мәдени құндылықтарының кешені, оларды сақтау, қоғамдық прогрестің нақты-тарихи мақсатына сәйкес өткен ұрпақтын тәжірибесін қазіргі ұрпаққа жеткізу және қайта жандандыру тәсілдері.

Қазақ халқының мәдени мұрасын қайта жандандыру мен тәрбиелік мүмкіндіктерін бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде пайдалану мйселесіне Қазақстан егеменді ел болып, тәуелсіздікті қолына алғаннан бастап (1991) аса назар аударылып келеді. Оған сол жылдардан бастап басылым көрген

тұжырымдамалар («Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру» (1993), «Этномәдени білім беру тұжырымдамасы» (1992), «Жоғары мекеме студентеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы» (1998) және т.б.), бағдарламалар, оқулықтар мен оқу құралдары (Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, М.Балтабаев, Қ.Бөлеев, Қ.Шалғынбаева, Р.Дүйсенбінова және т.б.) басылым көрді. Бірқатар іргелі және қолданбалы зерттеу жұмыстары қорғалды.

Жоғары және арнайы орта педагогикалық оқу орындарының оқу жоспарына этнопедагогика пәні ендіріліп, кафедралар ашылды. Өкінішке орай, бұл жаналықтың жолы ұзаққа бармады. Білім жүйесінің кредиттік жүеге өтуіне қарай этнопедагогика арнайы пән ретінде стандартқа ендірілмей қалды, кафедралар да себепсіз жабыла бастады.

Кейінгі жылдары бұл мәселенің шешімін қайсыбір жоғары оқу орындарында стандарттағы таңдау компоненттеріне бөлінген сағат көлемінен (егер бөлінген жағдайда) студенттерге меңгертіліп жүр. Стандартқа енген арнайы педагогикалық пәндердін мазмұны Этнопедагогика, Халық педагогикасы материалдарына бір-екі тақырып көлемінде, онда да үстірт, көніл бөлнетінін дәлелдейді.

Халықтың мәдени мұрасы әлеуетін қоғамдық қажеттілік тұрғысында қарастыру, ұрпақ тәрбиесінде пайдалану мәселесіне ҚР-ның Мәдениет және ақпарат министрлігі аса мән беріп отыр. Оны 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасы және оны жүйелі бірізділікте жүзеге асыру мақсатында қабылданған «Мәдени мұра» страдегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы дәлелдейді. Тұжырымдама жеті бөлімнен тұрады: 1. Кіріспе; 2.Тарихи-мәдени мұраны зерделеу мен сақтаудың қазіргі жай-күйін талдау; 3.Тарихи-мәдени мұра саласындағы мемлекеттік саясат – егеменді Қазақстанның тұрақты дамуының факторы; 4.Тұжырымдаманың мақсаттары мен міндеттері; 5.Тұжырымдаманың басым бағыттары: Ұлттық рәміздерді қалыптастыру; Мәдени туризмді дамыту; Ұлттық тарихи-мәдени мұраны халықаралық деңгейде насихаттау; Өткен бес жылда табылған тарихи-мәдени мұраны кешенді зерделеу; Жүйеленген білімді оқу үдерісіне енгізу; Саланы дамытудың стратегиялық ресурсы ретінде кадр саясатын іске асыру; 6.Тұжырымдаманың қағидаттары мен тетіктері; 7.Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелер.

Тұжырымдаманың өзектілігі Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұра құндылықтарына деген мемлекет көзқарасын жүйелі жетілдіріп отырумен айқындалады. Мақсаты – рухани және білім беру салаларын дамытудың ғылыми, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-әдістемелік базасын одан әрі жетілдіру, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану тиімділігін арттыру тетіктерін әзірлеу.

Тұжырымдаманың аса басым бағыттары болып: ұлттық рәміздерді қалыптастыру; мәдени туризмді дамыту; ұлттық-тарихи мәдени мұраны халықаралық деңгейде насихаттау; өткен бес жылда табылған тарихи-мәдени мұраны кешенді зерделеу; жүйеленген білімді оқу үдерісіне енгізу; саланы дамытудың стратегиялық ресурсы ретіндегі кадр саясатын іске асыру саналады.

Бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі – төл мәдени дәстүрлерін жақсы білетін, өз халқының тарихың сүйетін ұрпақ, елдің болашағына тірек бола алатын ұрпақ тәрбиелеу болғандықтан, тұжырымдама ұлттық мәдени мұраны білім жүйесіне ендіру қажеттігін ескереді. Сонымен бірге тарихи мұра мен ұлттық фолклорды басқа тілдерге, әлемдік ғылым мен қоғамдық ойдың озық үлгілерін қазақ тіліне сапалы аудара алатын мамандар даярлау мәселесіне де аса мән береді.

Бүгінгі таңда тұжырымдама мен бағдарлама негізінде еліміздің мәдени мұрасын зерделеу, қорғау, пайдалану және насихаттаумен қатар, тарихи-мәдени дәстүрлерді мирасқорлықпен дамыту, мәдени мұраны сақтау мен қайта түлету; қазіргі ұлт мәдениетін, халық ауыз әдебиетін, әдет-ғұрптарын өркендету; елдің маңызды тарихи-мәдени және сәулет өнері ескерткіштерін қалпына келтіруге байланысты көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Бұл еңбектердің жеткіншектер мен жастардың халықтың мәдени мұрасы саласынан білім қорын дамытатыны сөзсіз, өйткені еңбектердің басым көпшілігі тарихи, тарихи-танымдық, көркем-әдеби, көркем-публицистикалық бағытта жазылған. Педагогикалық бағытта бұл мәселенің шешімі әлі де болса кенжелеп келеді.

Қазақ халқының мәдени мұрасын педагогикалық-танымдық тұрғыда зерделеу, оның эстетикалық мәдениетті қалыптастырудағы әлеуетінің аса жоғары екендігін дәлелдейді.

Қазақ халқының мәдени мұрасы көпшіліктің мақұлдауы бойынша материалдық (өндірістік, үй, ауыл-шаруашылығы, еңбек құралдары, қолданбалы өнер, баспана, тұрмысқа қажетті заттар), рухани (тіл, дін, ауызекі поэтикалық шығармашылық, сәндік-қолданбалы өнер, халық білімі, салт-дәстүрлер, наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар, ұлттық ойындар, мерекелер) деп бөліп қарастырылады.

Біз, өз зерттеуімізде қазақ халқының мәдени мұрасының жіктемесін ұсынамыз және әрбір түрінің өзіндік ерекшелігіне мазмұндық сипаттама береміз (Сурет 2).

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тіршілігінде балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие беру арқылы эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың өзіндік тәжірибесін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жинақтады. Оларда халықтың озық тәжірибесі, орнықты қағидалары мен принциптері, мінез-құлық нормалары көрініс алған, әлеуметтік-экономикалық, тарихи-географиялық жағдайларының, тұрмыс-салтының өзіндік ерекшелігіне сәйкес балалар мен жастардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға деген талаптары қалыптасты.

Тарихи-этнографиялық деректерді, салт-дәстүрлер мен халықтың ауызекі шығармашылығын зерттеу, осы бағытта басылым көрген зерттеулермен танысу қазақ халқы балалар мен жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне, моральдық-этикалық, мінез-құлық әдебіне, жүріс-тұрыс, киім-кию мәдениетіне, сөйлеу, қарым-қатынас мәдениетіне, эстетикалық талғам, көзқарасына, түр-келбеті мен ішкі жан дүниесінің үйлесімділігіне аса назар аударған, осындай

адами қасиеттерді бала жастан бойына сіңісті ете білген деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Эстетикалық мәдениетті қалыптастыруда қазақ халқының салт-дәстүрлерінің (баланы тәрбиелеу (қыз, ұл), үйлену тойы, отбасылық той-жиындар, маусымдық мерекелер, діни мерекелер, ырым-жоралғылар) рөлі ерекше болды. Қазақ халқында ертеден келе жатқан «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» немесе «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген өсиет-нақыл сөздері ел арасына кең тараған. Бұдан баланың өскен ортасының тәрбиелік мәніне ерекше назар аударылғанын байқаймыз. Осыған орай, ер баланы тәрбиелеуде әкенің, қыз баланы тәрбиелеуде шешенің рөлі жоғары болған. Бұған "Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер" деген мақал дәлел болмақ. Әрбір ата-ана балаларына үлгі-өнеге ретінде өздерінің бар білгендерін үйретіп отырған. Олардың нендей іске қабілеттілігін, қандай өнерге бейімділігін аңғарып, мүмкіндігінше олардың бойындағы табиғи дарындылығын ашуға талпынған. Бұндай өміршең дәстүр бүгінде өз жалғасын табуда.

Бала тәрбиесіне бүкіл ауылдың үлкен-жасы бірдей араласқан. Олар жастардың мінез-құлықтарында кездесетін кемшіліктерге байланысты ақыл-кеңес беруден жолықпаған. Үлкенді сыйлау - қазақ халқының жазылмаған заңына айналған. Бұл дәстүр бойынша жастар рухани-эстетикалық, моральдық-этикалық мәдениет элементтерін: үлкеннің алдын кесіп өтпеу, сыпайы болу, үлкенмен сөз жарыстырумау, үлкендерге бірінші болып орын беру, олардың отырған бөлмесіне рұқсатсыз кірмеу, сөздерін жөн-жосықсыз бөлмеу, сөз қайтармау, дөрекі сөйлемеу, тіпті үлкендердің алдында қатты күлмеу және т.б. меңгерген. Үлкендерге деген мұндай мәдени көзқарасты адамгершілік-эстетикалық тұрғыда жалпыадамзаттық өлшем деп қабылдаса да болады.

Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрінен де эстетикалық мәдениеттің көптеген көріністерін байқауға болады. Атап айтсақ, «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем беруге асығады» деген мақалға байланысты қандай да бір қонақты «Құдайы қонақ» деп танып, оған бар жол-жорасын тартуға асығады, оған төрден орын беріп, алдына ақ дастарханын жайып, сый-құрмет жасайды. Осындай қонақжайлылық кәдесін-ғұрыпын атқару барысында қонақты әңгімеге тартып, ел жаңалықтарын тыңдау, тіпті олар домбырашы, сазгерлер болса, онда олардың өнерін тамашалау да әдетке айналып отырған. Оны «жөн сұрасу», «қонақ кәде» деп атап кеткен. Олардың қатарына елге танымал ақын-жыраулар, сазгерлер мен айтыс ақындары да жатқан. «Ауылдың алты ауызы» деген ырымды ұстана отырып, қонақ күтуші оның көңілін табу үшін ауыл жастарына өлең айтқызып, домбыра тартқызу да қонақжайлылықтың бір белгісі ретінде танылған. Осыдан барып халқымыздың «Адам болар бала қонаққа үйір» деген мақалы да тегін айтылмаған. Қазақ халқы осындай іс-шараларға жастарыды қатыстыруды шартқа айналдырған. Онда үлкендердің әңгімесін, өлең-жырларын тыңдау арқылы жастарға тәлім-тәрбиелік өнеге, ғибрат беру көзделген. Бұндай қонақжайлық әрекет те жастардың эстетикалық мәдениетінің қалыптасуына өз ықпалын тигізіп отырған.

Қазақта келген қонаққа немесе ауыл ақсақалдары мен өзінен үлкендерге бірінші болып амандасу дәстүрінің де эстетикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда тәрбиелік маңызы ерекше болған. Атап айтсақ, «Ассалаумаликүм» деп қол ұсыну «Сізге алланың нұры жаусын» деген ізеттілік, кішіпейілділік, өнегелілік қасиетті білдіреді. Оған жауап ретінде «Уағалейкум ассалам!», яғни «Сізге де соны тілеймін» деп жауап қайтарады. Бұл үлкендер тарапынан жастардың тәрбиелі-өнегелілігіне білдірген ризашылығы.

Тіпті, сәлемдесудің де ерекшелігі әр түрлі болған. Мәселен, жастардың үлкендерге қос қолдап амандасуы немесе әйел затының ыммен, мимикамен, сондай-ақ, қолын тізесіне апарып иіліп сәлем беруінің өзі сырттай қарағанда жарасымды болып көрінеді. Мұндай да үлкендер «Өркенің өссін!», «Ұл тап!» деген секілді өздерінің көңіл күй әсерін білдіріп отырады. Яғни, үлкендер мен жастардың, әйелдер және қыздардың арасындағы қарым-қатынаста осындай әсерлі мінез-құлық белгілері, әрине адамшылықтың өлшемі болып, болашақ мұғалімдердің эстетикалық мәдениетінің көрсеткіштерінің бірі ретінде маңызды қызмет атқарады.

Қазақ халқының ежелден желісі үзілмей келе жатқан дәстүрлі мәдениетінің бірі той-томалақтар мен жиындар. Өйткені адам баласы шыр етіп дүниеге келіп, қартайған шағына дейін сан алуан ойын-сауықтар мен сән-салтанат аясында өмір сүреді. Тойларда түнімен өлең айту, домбыра тарту, ұлт ойындарын ойнау, ат жарыс, палуан күрес, ақындар айтысы, жыр шашуы, алтыбақан, қыз қуу ойындары т.б. Тойдан қуаныш, ләззат алған жастардың көңілінде ізгілік, жақсылық сезімдері ұялайды.

Қазақтардың ақ жарқын мінезін, сауықшылдығын, өмірді сәнді де мәнді өткізуге талпынысын өмірге құштарлығын кезінде Г.Н.Потанин: «Қазақтар – пысық, пісіп-қатқан, өмірге құштар халық; олар ойын-сауыққа құмар: киімде ашық бояулыны, тұрмыста той-мерекені сүйеді. Өлгенді еске алу бұл халықта ойын-сауығымен, ат жарысымен, ән-күйімен, ақындар айтысымен ұзаққа созылатын үлкен сауық-салтанатқа айналады. Серілік өнерін сән-салтанат қуу, бәлкім, қазақтарды кейбір жағдайда даңққұмарлыққа баулийтың сияқты. Бұл жағынан олар французадарға ұқсайды. Афиндіктер секілді қазақтар жаналыққа, хабарға әуес. Осы әуестік жас буында білімқұмарлыққа аусуда» - деп өте әсерлі жазады. Бұл шындық, үйткені бұл мінез қазақтарда күні бүгінге дейін сақталды десе артық болмайды.

Қазақ халық фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерінің де эстетикалық мәдениетті қалыптастыруда мәні ерекеше болды. Өйткені олардың мазмұны балалар мен жастарды кішіпейілділікке, ғибраттылыққа, мейірімділікке, имандылыққа бағыттады, борыш, парыз, ар-намыс, аброй ұғымдарынан түсінік берді, мінез-құлық әдебіне, моральдық қарым-қатынас мәдениетіне баулыды, қиялына қанат бітіріп, арман асуларына жетеледі. Халық оларды (мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер, жұмбақтар, эпостық жырлар, дастандар және т.б.) эстетикалық, мәдениетті қалыптастыруда өте ұтымды пайдаланды, мүмкіндіктерін жоғары бағалады. Мысалы, «Өнер алды - қызыл тіл» деп тіл өнерін жоғары бағалаған, «Өнер» сөзінің аясына көп ұғымды сыйғыза білген,

яғни бұл сөз түрлі контекстерге орай бірде «өнер», бірде «көркем өнер», бірде «шеберлік», бірде «ісмерлік» мағынасында қолданылып отырған. Сондықтан, өнер жөніндегі көптеген мақал-мәтелдер халықтың өнерге, өнердің белгілі бір түріндегі шеберлікке деген көзқарасын бейнелейді. Мәселен, «Өнерлі өрге жүзеді», «Өнерлі бала сүйкімді», «Ақыл көпке жеткізеді, өнер көкке жеткізеді» деген мақал-мәтелдер бұған айғақ.

Қазақ халық педагогикасында тағылымдық мақал-мәтелдер де көптеп кездеседі. Олардың ерекшелігі айтылатын ой-пікірдің тура мағынасы астармен жанама түрде жеткізіледі. Мысалы, «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме», «Түйенің үлкені көпірден таяқ жер», «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» және т.б. Бұл да, үлкен кішінің жеке басына деген сыйластықтың, жоғары мәдениеттіліктің белгісі болса керек.

Балалар мен жастардың эстетикалық талғамын, мәдени эстетикалық көзқарасын, эмоционалдық сезімін дамытуда қазақ халқы ертегілерді ұтымды пайдаланған. Ертегіде суреттелген кейіпкерлердің көркем бейнелері, сондай-ақ адамдардың сұлулық пен нәзіктікке берген жоғары бағалары арқылы баланың әдемілікке деген қызығушылығын арттыруға талпынған.

Қазақ халқы қыздар мен балалардың эстетикалық көзқарасының дамуына үлкен мән берген, оларды сұлулықты түсінуге және оны өздерінің қолдарымен жасай білуге үйреткен. Сұлу, әсем бұйымдар адамға эстетикалық ләззат береді, жағымды сезім тудырады, өзіне қызықтырып, көңіл-күйді көтереді деген түсінікпен қазақ халқы қыздар мен ер балаларды қолданбалы өнерге (кілем тоқу, ағаш өңдеу, сырмақ сыру, кесте тігу, алаша, ши тоқу, алқа, сырға, шолпы, тас қашау және т.б.) үйрете отырып, әсемдік сезімін, сұлулықты түсініп, жасау шеберлігін, өмірді әдемі, өнегелі етуді, қоршаған табиғаттың түрі мен бояуын қабылдай білуді қалыптастырған. Балаларға кішкене күннен бастап әдемілікті ұсқынсыздықтан айыра білуге ықпал ететін сезімді тәрбиеледі.

Халықтың осы ежелден қалыптасқан қолөнерінің сан-алуан түрлері, әдіс-тәсілдері, амал-жолдары ұрпақтан-ұрпаққа үзіліссіз беріліп келеді. Көркемдік өнер мен халық шеберлерінің туындысы бүгінгі жастарымызға үлгі және халықтың ғасырлар бойғы көркемдік тәжірибесінің сарқылмас қайнар көзі болып отыр.

Халықтың мәдени мұрасының эстетикалық мәдениетті қалыптастырудағы мүмкіндіктеріне жасаған талдау қазақтардың накты принциптерді (табиғилық, халықтық, баланың жас және дара ерекшілігін ескеру, жүйелілік, бірізділік, түсініктілік, ілімді тәжірибемен ұштастыру, сабақтасық, ұжымдылық, енбек арқылық тәрбиелеу, тұлғаның өзіндік көзқарасын қолдау, талаптардың бірлігі, іс-әрекетті бағдарлау және т.б.) негізге алып, түрлі әдіс-тәсілдер, амал-жолдарды (үйрету, көрсету, жаттығу, қайырымды көзқарас, ақыл-кеңес беру, моральдық қолдау, үлгі-өнеге ету, өнер түрлеріне баулу, сенім арту, наразылық білдіру, айыптау, еркелету, ескерту, қолдау, сендіру, талап ету, мақтау, тапсырма беру, қайрау, жігерелендіру, өжеттендіру, алғыс айту, жазғыру, жазалау, жанама ықпал ету, тұспалдап айту, жауапты іс-әрекетке баулу, бата беру және т.б.) пайдаланған деп ой түйіндеуге мүмкіндік береді.

Осы әдістердің ішінде халық өнер түрлеріне баулу, сенім арту, үлгі-өнеге ету, қолдау, жігерлендіру әдістеріне ерекше мән берген. Солардың көмегімен баланың эстетикалық танымын, талғамын жетілдірген, сұлулықты қолмен жасап, білуге, күнділікті тіршілікте үйлесімді пайдалана білуге үйреткен, мінез-құлық мәдениетін, моральдық-этикалық әдебін адамдармен мәдени-эстетикалық қарым-қатынасын қалыптастырған.

Эстетикалық мәдениетті қалыптастыруда мынадай тәрбие құралдарын пайдаланған: халықтың ауызекі шығармашылығы (поэтикалық, музыкалық); салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар, қолданбалы өнер, халық білімі.

Аталған принциптерді, әдіс-тәсілдер мен амал-жолдарды, құралдарды эстетикалық тәрбиені жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылған мынадай жұмыс формаларын да ұтымды пайдаланған (дәстүрлі енбек түрлеріне араластыру; атақты адамдармен кездестіру; ұлттық мерекелерге қатыстыру; салт-дәстурлер бойынша іс-шараларға қатыстыру; ұлттық спорт ойындарына қатыстыру; аңшылық рәсәмдерге қатыстыру).

Ұлы ғұлама ағартушылар – Шоқан, Ыбрай, Абай да қазақ халқының мәдени мұрасын эстетикалық құндылық тұрғысында қабылдай білген және өздерінің шығармалары, іс-әрекеттері, тәжіребилері арқылы ұрпақтарына жеткізе білген. Олардын ілімдері мен іс-әрекеттерінде екі бағыт: біріншіден, өз ұлтының мәдени мұрасының эстетикалық құндылықтарын қабылдап, түсіне білуі; екіншіден, сол құндылықтарды өздерінің шығармашылығында тиімді пайдалану арқылы келешек ұрпаққа жеткізе білуі көрініс тапқан. Олар қазақ өнеріне, мәдениеті мен әдебиетіне, салт-дәстүрлеріне аса мән берді. Халықтын мәдени мұрасын жинап, зерттеу арқылы қазақтардың эстетикалық мәдениетін, талғам, сезімін, көзқарасын, мұратын, моральдық-адамгершілікті, моральдық-этикалық мәдени қарым-қатынасын, аялы көзқарасын, сүйспеншілігін, мәдени дүниетанымын көрсете білді, әдемілікке, сұлылыққа, мәдениетке байланысты бірқатар тағылымдық бағдары бар тұжырымдамалық пікірлер айтқан.

Қазақ ағартушыларының мәдени-эстетикалық құндылықтар саласындағы тұжырымдамалық пікір-көзқарастары халықтын эстетикалық-танымдық көзқарастарымен тығыз байланысты болуы заңды құбылыс. Өйткені бұл өздері өмір сүрген дәуірдегі тарихи-әлеуметтік жағдайлардан, рухани өмір салтынан, мәдени-эстетикалық ұстанымдардан туындайды. Ағартушылар эстетикалық тәрбие, эстетикалық мәдениет туралы арнайы зерттеу жұмыстарын жазбаса да, өздерінің айтайын деген ойларын, көзқарастарын халық тәлімін негізге ала отырып, тайға таңба басқандай жүйеледі. Халық шығармашылығы үлгілерін жинау арқылы оның болашағы үшін маңызын, мазмұнын баяндау арқылы тәрбиелік мүмкіндіктерін негіздеді.

Мысалы, Шоқан адамның мәдениетін «халықтық рухта» тәрбиелеумен байланыстырған. Соның ішінде әдебиетті, тарихты, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды мирасқорлықпен сақтауға аса көніл бөлген. Сондай-ақ, мәдениеттің жаршысы ретінде қазақ халқының шешендік, ақындық өнерінің, нақыл сөздерінің, мақал-мателдерінің өміршендігіне, сұлу табиғаттың адам сезіміне

жоғары эстетикалық ықпалына аса мән беріп, бізге өнеге-өсиет ретінде олардың тәлім-тәрбиелік сипатын толғаныспен тебіріне жазған.

Ол қазақ мәдениеті мен әдебиетін орыс жұртшылығына таныстыра білген. Оның «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Ыстықкөл сапарының күнделіктері» соның айғағы.

Шоқан, «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы» атты еңбегінде тау мен дала бейнесін, таулықтар мен Сахаралықтардың тыныс-тіршілігін, мінез-құлық ерекшелігін, олардың сұлулықты қабылдауы мен эстетикалық ләззат жөніндегі ұғымын өте әсерлі салыстырады. Әлемдік әдебиет пен мәдениеттен хабардар болып, қырғыз елінің «Манас» жырына айырықша көңіл бөліп, оны өркениеттегі елдерге тұңғыш таныстырушы ретінде танылады. Ол аса қабілетті жыршы-жыраулардан халықтың тамаша ауызекі үлгілерін жазып ала отырып, «Қазақтар жаратылысының өзінен-ақ қабілетті, дарынды және ғажайып сезімтал келеді...Қазақтардың барлық эпосы мен аңыздары, ертегілері өте көп және олар өлең мен музыканы жақсы көреді» деп жоғары баға береді.

Ыбрай болса, тәрбие өз халқының тұрмысы мен өмірінің тарихи ұлттық ерекшелігіне сәйкес келу идеясын ұсынады. Бұл идеяның басты құндылығы, оның мирасқорлығы. Ол жастарды оқу-білім, өнерге шақырғанда білімділік пен надандықтың аражігін ашып көрсетуде жарық пен қаранғылықты қатар алып сипаттайды. Оқудың азбас, тозбас өнерге айналатынын насихаттайды. Өзінің педагогикалық қызметінде қазақ жастарын оқу-білім, өнерге шақырумен қатар, халықтың мәдени мұрасына: ауызекі шығармашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа ерекше зер сала отыра, олардың эстетикалық сезіміне әсер ету жағын да қарастырған. Мәселен, оның іргелі «Қазақ хрестоматиясы» атты рухани-танымдық, мәдени-эстетикалық идеяларға толы енбегі жастарды білімділікке, өнегелілікке, адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиеледі, жоғары талғамдыққа, нәзік сезімталдыққа баулыды. Мәдениеттіліктің, эстетикалық талғамның, көзқарастын негізін еңбек, қолөнер еңбегі қалайды деген көзқараспен қолөнер училищесін ашып, тәрбиеленушілерге жалпы пәндерден білім берумен қатар, қолөнер мамандықтарын үйреткен. Яғни, ұлдарға ағаш өндеу, ұсталық өнерін, ал қыздарға кесте, тоқыма, киім тігу өнерін меңгерткен. Ол балалардың эстетикалық талғамын дамыту мақсатында өзінің мекеметерінде концерттер ұйымдастырған, балалар ән орындап, күй тартқан, өлең-тақпақ оқып, әңгіме-ертегілерден қысқаша қойылымдар ұсынған.

Ыбрай Алтынсариннің өнерге аса мән бергенің, кезінде «Қазақ хрестоматиясы» әліппесінен дәріс алған, орыс-қырғыз (қазақ) мектебіндегі хорға қатысқан академик А.Жұбановтың «Ыбрай Алтынсарин далаға күйсандық әкелгізіп, өзі ұстаздық еткен мекеметерде шәкірт балалардың басын қосып, бір дауысты хор ұйымдастырған... Мекеметеріндегі әнді хормен айту дәстүрі революцияға дейін созылды» - деген естелік жазбасы растайды.

Абай да Шоқан, Ыбрай сияқты халықтың эстетикалық талғамын тірек ете отырып, жастарды мәдениеттіліктің қайнар бұлағына айналған адал еңбекке, адамгершілікке, ақыл-ойға, парасаттылық пен инабаттылыққа, өнерді үйренуге,

табиғатты танып қастерлеуге, тиянақты білім алуға шақырды, тәрбиедегі әлеуметтік ортаның ықпалына аса мән берді, халық жыраулары мен өнерпаздары шығармашылығының тәлім-тәрбиелік мазмұнын жоғары бағалады.

Сұлулықты – үйлесімділіктен, табиғат үйлесімділігінен, адам мен оның өмірінің үйлесімділігінен іздейді. Сұлулықты табиғат пен адамның, жан мен тәннің бірлігі мен жарасымдығы, синтезі, ұлттық танымның негізі ретінде қарыстырады. Табиғаттағы, адам бойындағы, қарым-қатынастағы, іс-әрекеттегі сұлулықты қазақтың дүниетанымдық көзқарас-сезімімен қабылдайды. Өзінің көзқарасы көрініс алған шығармалары арқылы жастарды халық тәлімін үлгі тұтуға, өзінің ісінде ұлттық салт-дәстүрді негізге алуға уағыздайды.

Сонымен, қазақ халқының мәдени мұрасының эстетикалық құндылықтарына жасаған талдау салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың, ауызекі поэтикалық, музыкалық, қолданбалы өнерінің балалар мен жастардың эстетикалық-танымдық мәдениетін қалыптастыруда мүмкіндіктерінің жоғары екендігін дәлелдесе, ғұлама ағартушылардын еңбектері, олардың өздері нәр алып өскен халықтың осы мәдени мұрасының эстетикалық талғам мен танымды дамытудағы әлеуетін жоғары бағалағандығын, болашақ ұрпақты осы ұлттық тағылым негізінде тәрбиелеу қажеттігін жақсы түсінгендігін айғақтайды.

Қазақ халқының мәдени мұрасының рухани-адамгершілік, эстетикалық мәдениетті қалыптастырудағы мүмкіндіктері мен бүгінгі жаңа қоғамның оған деген сұранысын ескере отырып және «Мәдени мұра» тұжырымдамасының басым бағыттарының бірі «Мәдени мұра» саласында жүйеленген білімді оқу үдерісіне енгізу» бағытын жүзеге асырыу мақсатында, біз жоғары педагогикалық оқу орындарына арнап «Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру тұжырымдамасын» жасадық. Тұжырымдама жеті бөлімнен тұрады:

1. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері, жетекші идеясы, ұстанымдары.

2. Жоғары оқу орындарында студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың нақты жағдайы.

3. Қазақстан республикасында студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру ерекшеліктері.

4. Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыруда білім беру мен тәрбиелеу талабы.

5. Жоғары мекеметің білім беру жүйесінде студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыруда білім беру жүйесі және мазмұны.

6. Тұжырымдаманы іске асыру кезеңдері.

7. Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелер.

Тұжырымдаманың мақсаты – студенттерге қазақ халқының мәдени мұрасын жүйелі меңгерту арқылы эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. Тұжырымдама студенттерге қазақ халқының мәдени мұрасының эстетикалық

құндылықтарын мекеметің оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалануда бағыт-бағдар береді.

Тұжырымдаманы біз теориялық тұрғыда негізделген модель арқылы оқу-тәрбие үдерісіне ендірдік. Модельдің аясында қоғам талабы, қазақ халқының мәдени мұрасын студенттерге меңгерту бағыттары, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері қарастырылады (2 сурет). Өлшемдер, көрсеткіштер мен деңгейлердің толықтырылған мазмұны 1 кестеде көрініс алады.

Ұсынылып отырған модель студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру деңгейін зерттеп білуге, принциптер жүйесін анықтауға (студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру үдерісінде жүйелі, кешенді, тұлғалық-әрекеттік қатынас принципі; студенттердің өзіндік дербес ерекшелігін ескеру принципі; қазақ халқының мәдени мұрасын тірек ете отырып «оқытушы – студент» жүйесінде оқыту мен тәрбиеде белсенді өзара мекеметің оқу-тәрбие үдерісінің мен тәрбие мақсатының мазмұнының, формалары мен әдістерінің біртұтастық принципі; жоғары мекеметің оқу-тәрбие үдерісінің мәдениеттанушылық және этнопедагогикалық бағыттылығының принципі) және педагогикалық шарттарды айқындауға (студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру мақсатында оның төрт компоненті негізінде (эмоционалдық-мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, бағалау) оқу-тәрбие үдерісін мақсатталған педагогикалық ықпалға бағдарлау; жоғары мекеметің оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыруға жүйелілік, кешендік, тұлғалық-әрекеттік, этнопедагогикалық тәсілдің болуы; студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру үшін педагогикалық пәндердің және тәрбие жұмысының мазмұнына қазақ халқының мәдени мұрасын қосу; студенттерді педагогикалық ықпал ету объектісінен оқу-тәрбие үдерісінің белсенді субъектісіне ауыстыру) мүмкіндік берді.

## 2.2 Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың әдіс-тәсілдері

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында білім беру жүйесінің қайта құрылуы, оның адамгершілікке бағдарланып, мәдениеттен көрініс алуы адамның шығармашылық әлеуетінің ашылуына, рухани құндылық бағдарының қалыптасуына әсер етеді. Адамның руханилығын өз халқының мәдениетінен оқшау дамыту мүмкін емес. Мәдениет адамзат тұрмысының формасы ретінде өзінің көрінісінде көпжақтылықты байқатады. Соның бірі болып рухани құндылықтардың бірегей әлемін қарастыратын және соның негізінде адамның қалыптасуына әсер ететін халықтың мәдени мұрасы саналады.

Мәдени мұра мәдениеттің біртұтас жүйесінде маңызды орын алады. Оны аға ұрпақтың жасаған, өзінің көкейкестілігін әлі де жоғалтпаған құндылықтарының, іс-әрекет құралдарының бөлігі деп қарастыруға болады.

Халықтың мәдени мұрасына тұлғаны рухани қалыптастырудың құралы ретінде назар аудару тұрақты әдіснамалық негізге сүйенеді және мәдениеттің өзекті компоненттерінің бірі ретінде халықтың мәдени мұрасын философиялық ой елегінен өткізуге негізделеді.

Халықтың мәдени мұрасында халықтың салт-дәстүрлері, дүниетанымы, білімі, бала тәрибесіндегі тәжірибесі, эстетикалық, көркемдік құндылықтары көрініс алады. Оның тұлғаны қалыптастырудағы рөлі білім беру жүйесінің теориясы мен практикасында күннен-күнге артып келеді, соңғы жылдары қабылданған мемлекеттік құжаттарда қарастырылады («Қазақстан Республикасының этникалық мәдени білім беру тұжырымдамасы» (1996), «Мәдениет туралы» заңы (2000), «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы» (2004), «Қазақстан Республикасының әлеумет мәдени дамуының тұжырымдама» және т.б.).

Әйтседе рухани жетілген, эстетикалық көзқарасы дамыған тұлғаны тәрбиелеу тек рухани-эстетикалық мәдениеті жоғары ұстаздың ғана қолынан келетіні хақ. Осыған байланысты студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы негізінде қалыптастыру және оны жүзеге асыру әдістемесін жасау қажеттігі туындайды.

Болашақ мұғалімдерді тәрбиелеудің теориялық саласы А.В.Луначарскийдің, П.П.Блонскийдің, С.Т.Шацкийдің, А.С.Макаренко мен В.А.Сухомлинскийдің ғылыми еңбектері мен практикалық жұмыстарында көрініс алған. Тұлғаның эстетикалық мәдениетін (М.Р.Каган, А.Н.Буев, А.Г.Егоров, О.В.Лармин және т.б.), рухани мәдениетін (А.И.Арнольдов, Э.А.Баллер, В.А.Межуев, П.Н.Федосеев, Ю.У.Фохт-Бабушкин, И.Т.Фролов және т.б.) қалыптастыру мәселелері де бірқатар ғалымдардың еңбектерінде әдіснамалық тұрғыда қарастырылады.

Қазіргі ғылыми ізденістерде де тұлғаның эстетикалық-адамгершілігін қалыптастыру үдерісін зерттеуге қызығушылық артып, эстетикалық және адамгершілік мәдениетінің мәніне, мазмұнына, құрылымына түсінік беруде әртүрлі көзқарастар пайда болуда (Л.В.Алехина, Н.Л.Аринина, О.А.Зорова, Н.Б.Крылова, В.П.Матюхин, Л.П.Печко және т.б.). Олардың көзқарастары бүгінгі таңдағы бірқатар ғалымдардың (Г.С.Батишев, А.А.Бодалев, А.И.Бурова, В.В.Давыдов, И.А.Зязюн, Е.В.Квятковский, А.Н.Леонтьев, Б.Т.Лихачев және т.б.) тұлғаны тәрбиелеу, білім беру және дамытудағы ұсынылған тұжырымдамасына сәйкес келеді. Біздің жұмысымыз үшін бірқатар ғалымдардың (Б.Г.Ананьев, Н.В.Кузьмина, В.А.Кан-Калик, Л.В.Рувинский, В.А.Сластенин, Н.Ф.Талызина және т.б.) мұғалімдерді даярлаудағы процестің заңдылықтары мен оны қайта құру шарттары туралы айтқан тұжырымдамалары және мұғалімнің эстетикалық мәдениеті бойынша ұсынған теориялық моделдері аса пайдалы болды.

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде (М.Х.Балтабаев, қ.е.Ералин, С.А.Ұзақбаева, Б.Алмұхамбетов, С.Жолдасбекова, Ү.М.Әбдіғапбарова, Ш.Құлманова, Р.Дүйсенбінова, Қ.Ибраева және т.б.) эстетикалық тәрбиені қазақтың сәндік-қолданбалы өнері арқылы жүзеге асыру, қазақ халық

педагогикасының эстетикалық тәрбиедегі әлеуеті, болашақ мұғалімдерді қазақ халық музыкасын, қолөнерін тұлғалардың эстетикалық тәрбиесінде пайдалануға даярлау, қазақ халық өнері негізінде студенттердің көркемдік мәдениетін қалыптастыру проблемалары қарастырылады.

Қазақ халқының эстетикалық, көркемдік мәдениет, рухани-дүниетанымдық мәдениет, оның өзіндік ұлттық психологиялық ерекшеліктері, мазмұндық сипаты философтар мен мәдениеттанушылардың, психологтардың, педагогтардың еңбектерінде жан-жақты көрініс табады (Б.Қазыханова, Қ.Ж.Нұрланова, Н.Шаханова, К.Қаракөзова, А.Қасабекоов, Ж.Алтаев, Н.Джандильдин, А.Сейдімбек, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Қ. Бөлеев және т.б.).

Сонымен, аталған ғылыми зерттеулерге жасаған талдау қарастырылып отырған проблеманың бұрын-соңды педагогика ғылымында жүйелі түрде зерттелмегенін дәлелдейді. Студенттердің эстетикалық мадениетін қалыптастыру мақсатында қазақ халқының мәдени мұрасын меңгертуді ұйымдастыру: оқытушыларды студенттердің мәдени эстетикалық талғамы мен практикалық іс-әрекетін белсендіретін және олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін оқыту формаларын, әдістерін бағдарлауға; студентердің қазақ халқының мәдени мұрасын меңгерту барысындағы іс-әрекетін ұйымдастыруда орындаушылық әрекетінің шығармашылық ізденіске ұласуына; қазақ халқының мәдени мұрасын менгеру үдерісінде эстетикалық мәдениеттің барлық компоненттерін дамытуға; студенттерді қазақ халқының мәдени мұрасы түрлерімен жұмыс жасауда мақсат қоя білуге, деректі материалдар алып, оған эстетикалық талдау бере білуге, жұмыс сапасының өлшемдерін анықтауға, мәдени мұралар түрлерін сұрыптауға, жоспар құра білуге, әдістемелік тапсырмаларды ұйымдастыруға және орындауға, мәдени іс-шаралар нәтижелерін бағыттап, бақылауға, өздігімен дербес эстетикалық баға бере білуге үйретуде; қазақ халқының мәдени мұрасы түрлерін меңгеру үдерісінде, оған тікелей араласу үдерісінде, оны жасау үдерісінде студенттердің оған деген эстетикалық қызығушылығын арттыруға, онымен әсерленуге; қазақ халқының мәдени мұра түрлерін меңгеру барысындағы іскерлігі мен дағдысын мақсатты бірізділікте, кезеңдеп қалыптастыруға; оқу материалдары мен қазақ халқының мәдени мұрасы түрлерін меңгерту әдістемесін ұдайы жетілдіріп отыруына ықпал етті.

### 2.3 Жоғары білім беру жүйесіндегі студенттердің оқудан тыс қызметін ұйымдастыру процесін модельдеу

Тәрбие тәжірибесінің түбегейлі өзгерістері жалпыға мәлім болғандай, педагогикалық процеске қатысушылардың ойлау және әрекетінің жүйелі сипаты кезінде ғана мүмкін болады. Көптеген педагогикалық ұжымдар өзінің қызметін ұйымдастыруда жүйелі тәсілдерді пайдалана бастады, бұл тәрбиелеу жүйесі сияқты педагогикалық феноменнің тәжірибеде кеңінен орнығуына алып келді. Білім беру мекемелерінде оның болуы мамандарды даярлауға байланысты мәселелермен барынша сапалы айналысуға, және де

білім беру қызметін көрсету саласында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

Тәрбие жүйесі оқу процесіне қажет қосымша болып қана қоймай, қазіргі жағдайда шоғырландырушы рөлді орындай отырып, білім беру мекемесінің жұмыс істеуінің ең маңызды шарты болып табылады. Міне, сондықтан да тәрбие жүйесін құру кез-келген оқу орнының басты міндеті болып табылады.

Тәрбие жүйесін құру кезінде қандай аспектілерді назарға алу қажет? Тәрбие жүйесінің қалыптасуы мен даму мәселелеріне арналған зерттеулерді талдау, қалыптасқан тәжірибе мынадай аспектілерді бөліп қарауға мүмкіндік береді.

1. *Тәрбие жүйесінің мәнді ерекшеліктері*: 1) дүниетанымдық мәселелердің айқындылығы; 2) педагогикалық шарттардың сапасы (студенттер мен қызметкерлердің комфорттылығы; 3) білім беру мазмұнының мәдениеттанушылық негізделуі; 4) әлеуметтік мәні бар ортаның болуы; 5) инновациялар, ҒЗИ, ЖОО, және т.б. ғылыми, шығармашылық, әдістемелік және т.б. қарым-қатынастарды дамыту; 6) өзін-өзі басқарудың болуы; 7) тәрбиенің заманауи мазмұны.

2. *Тәрбие жүйесінің мазмұны:* 1) педагогикалық қызметтің мақсаты мен міндеті; 2) педагогикалық шарттардың сапасы (педагогикалық қызметтің принциптері); 3) қызметтің жүйені құраушы түрі; 4) доминантты компонент; 5) тәрбиенің заманауи мазмұны; 6) мамандардың моделі.

*3. Тәрбие жүйесінің құрылымы:* 1)тігінен құрылымдық қатар; 2) көлденеңі бойынша құрылымдық қатар;

*4. Тәрбие жүйесінің кезеңдері:* 1) модельді жасау (жалпы схема); 2) тәрбие жүйесінің қалыптасуы (нақтылану, бөлшектерді дәлелдеу); 3) тәрбие жүйесінің дамуы (түзету мен қосымша);

*5. Тәрбие жүйесінің нормативтік-құқықтық және кадрмен қамтамасыз етілуі.*

*6. Тәрбие жүйесінің тиімділігінің критерийі.*

Белгілі болғандай, тәрбие жүйесінің концептуалды моделі кеңінен таралған, бірақ та құру мен практикалық жүзеге асыру үшін модульді вариант қолайлы болып келеді.

Тәрбие саласындағы бағдарды іздеу педагогтардан мына сұрақтарға жауап беруді талап етеді: оқу орнының қызметінің негізіне қандай құндылықтар қалануы тиіс? Оқу орнының ең маңызды мақсаттары қандай?

Дүниетанымдық мәселелерді айқындап алмай, тәрбие жүйесін құру мүмкін емес. «Үздіксіз білім берудегі тәрбие концепциясында» мыналар дәлелденген, тәрбие негізіне XX ғасырдағы гуманистік психологияның ережелері, А.Н.Леонтьевтің және С.Л.Рубинштейннің және т.б. қызметінің теориясы, әлемдік және отандық педагогикада негізі қаланған гуманистік тәсілдер, дүниені түсінудің диалектикалығы қалануы тиіс.

Тәрбие жүйесінің тиімділігі білім мекемелеріндегі қатынастардың қаншалықты гуманистік екендігіне байланысты. Оқу орны қаншалықты заманауи құралдармен жабдықталғанымен, егерде студентке ол оқу орнында

оқу көңілсіз, оны топқа қабылдамаса, жатақханада рэкеттер мен үлкендік жасалса, егерде оқытушы әділетсіз және дарынсыз болса, әрине, ол кезде студенттер мен оқытушылар арасындағы өзара қарым-қатынас оқу-тәрбие процесіне жағымсыз ықпал ететін болады.

Студент пен педагог - оқу орнындағы басты тұлға, педагогтар мен қызметкерлердің жайлы болуы, бір жағынан, ал студентердің де барлық жағдайы жасалса, екінші жағынан, тәрбие жүйесініңқалыптасуы кезіндегі айқындаушы шарт болып табылады. Тәрбие жүйесінің қалыптасуымен кәсіби айналысушы, тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасарынан дұрыс педагогикалық бағыт жүргізуде табандылық пен икемділік талап етіледі.

Ұжымның әрбір мүшесі үшін достық қарым-қатынас, бір-біріне жақсылық ойлау ахуалын құру, әрине, кез-келген қызметті ұйымдастырудан гөрі қиындау. Мұндай қарым-қатынас ахуалына бұйрықпен, талап етумен қол жеткізуге болмайды, бірақ та реттеуге, түзетуге, қарым-қатынасты өзгерту ғана емес, міндетті түрде өзгерту қажет, бірақ та бұл ықпал тікелей емес, жанама, жұмсақ болуы тиіс.

Оқу орындарында гуманистік қарым-қатынасты қалыптастыру үшін студенттердің де, қызметкерлердің де жағымды орнығуы үшін мүмкіндіктерге ие болудың маңызы орасан зор. Өзін-өзі жүзеге асыру үшін көркем және техникалық шығармашылық, зерттеушілік жұмыс, көшбасшылықтың маңызы зор.

Мәдениеттің тәрбиелеуші маңызы шексіз. Адамзат құрған рухани және материалдық құндылықтарды студенттер аз уақыттың ішінде меңгеруі тиіс. Тұлға күш жұмсамай бұған қол жеткізе алмайды, бірақ та бұл күшті мәдениеттің әрбір студенттің мұқтажына айналатындай етіп, бағыттап, ұйымдастырып және әдістік жағынан дайындауы керек, немесе оқу орны өзінің тәрбиеленушілерінің тұлғасының қалыптасуына жауапты болады.

Сондықтан да студенттерді мәдениетке баулу керек, бұл процестегі педагогтың рөлі - көрінбейтін кадр сыртындағы режиссер сияқты, студент таңдау жасағанда, ол таңдауға педагог белгілі бір мөлшерде ықпал етеді.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыра отырып, бұған қалай қол жеткізуге болады?

• Көркем және техникалық шығармашылық, зерттеу және іздеу қызметі мәдениеттанушылық бағытта болуы тиіс.

• Көрнекті ойшылдардың, мәдениет, ғылым қайраткерлерінің өмірі мен шығарашылығына, әртүрлі кезеңдегі халықтардың өнеріне, тарихқа және ғылыми идеяларға көңіл бөлу кез келген сабақты, лекцияны, сөйлеген сөзді, іс-шараларды байыта түседі. Мұндай материалдарды жеке сабақтарға қосып қана қоймай, сонымен бірге бинарлық, интеграцияланған сабақтар да жүргізу қажет.

• Бөлімшелерде құрылған студенттердің шығармашылық топтары, уақытша шығармашылық ұжымдар мәдени іс-шаралардың біріккен жобаларын жүзеге асыруда және даярлауда баға жетпес көмек көрсете алады.

• Кураторлардың қызметін нақтылау қажет, олар сынып сағаты мен сыныптан тыс іс-шаралар жүйесін мәдениеттанушылық бағытқа сәйкес құруы тиіс.

• Жұмыстың барлық бөліктерінде ұсыныстар жасайтын және енгізетін көркемдік кеңес белсенді жұмыс істеуі қажет, ол холлдарды, вестибюльдерді және кабинеттерді әрлеуден бастап, қажетті деңгейде тәрбиелік маңызы бар іс-шараларды өткізу бойынша жұмыстар атқарады.

Әрине, мәдениеттанушылық тәсіл барлық педагогикалық мәселелерді шешпейді, бірақ та мәдениетке үнемі көңіл бөлу студенттің тұлғасының дамуына жағымды ықпал ету мүмкіндігін береді, сонымен бірге педагогтардың қызметін шығармашылық және кәсіби жағынан байыта түседі.

Студенттердің білім алуындағы оқу орнының рөлі өте маңызды, бірақ та әрбір педагог маманды қалыптастырудың жалғыз ғана орталығы емес екендігін жақсы түсінеді. Студенттердің айналасындағы әлеуметтік орта, сыртқы жағдайдың ықпалы, көп мөлшерлі және көпфакторлы, және де ортаның жекелеген компоненттері жағымды ықпал етеді.

Алда тұрған басты міндет, әлеуметтік ортаны тәрбиелеу мақсатында пайдалану болып табылады. Бұл процеске негізінен педагогтар мәдениет мекемелеріне, жастар ісі бойынша комитеттерге, жасөспірімдер істері бойынша комиссия және т.б. көмек сұрап, бастама көтереді. Мысалы, бөлменің жоқтығынан кештер өткізілмеуі, ал жастар сарайында кең залдар бос тұрғаны дұрыс деп ойлайсыз ба? Тағы бір мысал: бір оқу орындарында музыкалық аспаптарды шаң басып жатса, ал екінші бір оқу орындарының музыкалық аспаптар сатып алуға қаржысы болмағандықтан, кештер өткізе алмай отыр. Сондықтан да әлеуметтік ортаны зерттеп қана қоймай, сонымен бірге оны барынша зерттеу қажет.

Формалды емес шығармашылық бірлестіктердің жұмысына қатысу студенттердің тұлғасына айтарлықтай ықпал етеді, сондай-ақ олар кез-келген бастама үшін кең мүмкіндіктерге ие болады. Сондай-ақ, ашық әлеуметтік орта жағымсыз әсер ететінін де естен шығармау қажет.

Тәрбие жүйесін құруға бағдар алған білім беру мекемелеріндегі өзін-өзі басқарудың қалыптасуы мен дамуы педагогикалық ұжым тарапынан ерекше педагогикалық бағытты талап етеді. Студенттік өзін-өзі басқарудың мәні, бір студенттердің екінші біреулерге жетекші болуынан емес, қызмет процесінде – біріккен жұмыстың әртүрлі формалары мен түрлерінде олар гуманистік, демократиялық қарым-қатынастар тәжірибесін меңгеруінің маңызы зор.

Соңғы кездері оқу орындарында екі шектен шыққандық: өзін-өзі басқару органдарының толық болмауы, немесе қазіргі заманғы саяси қызметтің формаларын көшіріп алу: думалар, референдумдар, парламенттер, депутаттарды, делегаттарды сайлау және т.б. Ойынның варианты секілді, мұндай көшіріп алуға жол беріледі, бірақ та нақты өзін-өзі басқаруды мұндай жолмен құруға болмайды. Тәжірибе алмасуға болады, бірақ та оны өзін-өзі басқарудың дамуындағы қазіргі заманғы тенденцияларды ескере отырып, жергілікті жағдайларға байланысты шығармашылықпен қолдану қажет.

Тәрбие жүйесін жасау мен қалыптастырудағы ең нәзік те ең қиын сала – инновацияны ендіру болып табылады.

Ерекше көңіл бөлуді талап ететін бұл мәселе тез және жеке шешілуі мүмкін емес, яғни оқу орнының шеңберінде немесе тек оның қызметкерлерінің күшімен шешу мүмкін емес, өйткені мұндай күрделі процесс көптеген институттардың күштерін шоғырланыдыруды объективті түрде қарастырады.

Оқу орнында жаңа инновацияны ендіру соған сай шарттарды талап етеді. Олардың ішіндегі ең негізгілері мыналар:

- педагогтар мен студенттердің субъективті бағытының дамуы, ол олардың жаңалықтарға қатысуға интеллектуалды және моралдық жағынан дайын екендіктерінен көрінеді;
- педагог-әкімшіліктің, жаңалықты енгізушінің тұлғасына сенім білдіру, оның түбегейлі өзгерістер жасайтынын мойындау;
- белгіленген жаңаруларды енгізу мотивациясының дәлелдігі;
- инновациялық күш-қуаттың болуы;
- жаңалықтарды енгізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін материалдық-техникалық және қаржылық база;
- бүкіл ұжымның шығармашылық ұмтылысы, олардың қызметіне әкімшілік қолдау көрсетеді және бағыт беріп отырады;
- қызметкерлердің құзырлығы мен олардың педагогикалық қызметінің тиімділігі негізінен кәсіби-демографиялық сипаттамаларға: жасына, жынысына, еңбек өтіліне байланысты болады. Оқытушының педагогикалық жұмысының ең өнімді болатын кезі оның еңбек өтілінің 5 жылдан 18 жылға дейінгі кезең болып табылатынын баршаға мәлім (оқытушының жасы 27 мен 40 жастың арасы).

Жағымды өзгерістердің жолындағы келесі қадамға проблемалық талдау жатады.

Нені өзгерту қажет деген сұраққа жауап беру үшін, шешімі ең жоғары пайдалы нәтиже беретін маңызды проблемаларды бөліп алу қажет. Мұндай мүмкіндікке оқу-тәрбие процесі мен оның нәтижелерін талдау арқылы қол жеткізуге болады.

Проблемалық семинарлар мен әдістемелік кеңестер циклдарын өткізген жөн болады. Педагогика, психология, социология және медицина саласында ғылыми зерттеулер оқытуды ұйымдастыру қажет. Ғылыми және әдістемелік әдебиеттер қабылдау үшін қиын, тәжірибеде қолдану үшін нашар бағдарланғандықтан көбінесе пайдаланылмай қала береді. Осыдан келіп педагог - практиктердің ғалымдармен тікелей қарым-қатынас орнатуда төмен белсенділігі, оқу орнының педагог әкімшілігінің тарапынан сенімсіздік көрсетуі келіп шығады. Бірақ егерде кез-келген деңгейдегі педагог-әкімшілік өзінің алдында тұрған міндеттерді жақсы түсінсе, ол кезде ол ғылыми әдебиеттермен қалай жұмыс істеу керектігіне өзін ғана емес, бүкіл педагогикалық ұжымды үйретеді, және де ЖОО, ҒЗИ, мұғалімдер білімін жетілдіру институттарымен, ғылыми орталықтар ғалымдарымен, оның ішінде басқа да жерлердегі ғалымдармен іскерлік қарым-қатынас орнатады.

Тәрбие жұмысын қалыптастыру – көптеген факторлар ықпалымен өтетін ұзақ та күрделі процесс. Шартты түрде оның мынадай кезеңдерін бөліп қарауға болады: модельдерді жасау, жүйені қалыптастыру, жүйені дамыту.

*Бірінші кезеңде* ЖОО, ҒЗИ, мұғалімдер білімін жетілдіру институттарымен іскерлік қарым-қатынас орнату қажет; шығармашылық топты қалыптастыру; өзінің және мүмкіндік болса басқа территорияның тәжірибесін зерттеу қажет; оқу орнындағы жұмыстың жай-күйін бағалау және шешу үшін проблемалар тізімін құру керек; нақты жағдайды жақсы вариантпен салыстыру қажет; оқытушылардың теориялық және әдістемелік даярлығын ұйымдастыру; алынған нәтижелерді сараптамаға жіберу қажет.

*Екінші кезеңде* қызметтің жақсы түрлерін таңдау, бөліктерді нақтылау мен айқындау, нәтижелерді тексеру тетігін жасау мен нәтижелерді болжау; дәстүрлерді нығайту; жүйенің элементтерінің қызметінің сценарийін жасау міндеті тұр.

*Үшінші кезеңде* оқу және тәрбие жұмысының интеграциясы жолдары мен тәсілдерін іздеу қажет. ЖОО, ҒЗИ, мұғалімдер білімін жетілдіру институттарымен байланыс орнатудың маңызы орасан зор; дәстүрлер мен жаңашылдықтың арақатынасын ақылмен анықтау қажет, әйтпесе дәстүрден бас тарту жүйені құраушы байланыстардың бұзылуына алып барады, ал жаңашылдыққа көңіл бөлмеу – тоқырауға алып барады; бақылау-талдау қызметінің сипатын дұрыстау; педагогикалық процестің жай-күйі мен нәтижелілігі туралы толық және объективті ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

## 3 Жоғары оқу орнындағы тәрбие жүйесі жөніндегі білімдерді қалыптастырудың әдістемелік негіздері

### 3.1 Жоғары кәсіптік білім беру функцияларының тәрбие жүйесіне әсері

Кәсіптік білім беру қоғамның экономикалық, саяси, мәдени қызмет етуі мен дамуына және индивидтің тұлғалық қалыптасуына ықпал ететін қоғамдық, материалдық және рухани өндірістің барлық салаларының кадрлық потенциалын қайта жаңғырту және жетілдіруді қамтамасыз ететін ұйымдар мен мекемелердің жүйесі болып табылады.

Кәсіптік білім берудің әлеуметтік институтының объективті белгілері: оның *идеологиясы*, яғни кәсіптік білім берудің әлеуметтік құрылымдар жүйесіндегі рөлін, мәнін және маңыздылығын ұғынуы; заңдық, экономикалық, педагогикалық қарым-қатынастарды кәсіптік білім беру жүйесінде де, сондай-ақ оның басқа әлеуметтік мәдени институттармен қарым-қатынасы сферасында да реттейтін *нормалар мен нұсқаулар жиынтығы*; *формальді және формальді емес ұйымдар*, оның ішінде басқару және өзін-өзі басқару құрылымдары, әрекеттердің қабылдаған принциптерінің, нормалары мен ережелерінің жазбаша немесе ауызша кодекстері, сондай-ақ дәстүрлердің, салттардың және әрекет үлгілерінің жиынтығы.

Кәсіптік білім беру білімдер мен тәжірбиені ұрпақтан ұрпаққа беруді, әлеуметтік қоғам менталитетін қалыптастыруды, ұлттық мәдениеттің, әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастардың сақталуы мен дамуын жүзеге асыратын қоғамның іргелі институттарының (жанұя, өндірістік құрылымдар, ғылым, бұқаралық коммуникация құралдары және т.б.) қатарына кіреді; өзінің өмірін әрқашан қоғамдық институттар саласында, одан тыс емес, жүзеге асыратын әрбір адамның мотивациялар жүйесін жасауға және дамытуға ықпал етеді. Кәсіптік білім беру жүйесі басқа әлеуметтік мәдени институттармен бірге адам мен қоғамға қатысты бірқатар базалық функцияларды (функция – міндет, атқаратын қызмет) орындайды.

Кәсіптік білім беру функциялары.

Функциялардың бірінші тобы:

*Реляциялық*функция(латын тілінен *relatio*– жеткізу) білім алушылардың әлеуметтену және мәдениет әлеміне (білім деңгейі, кәсіпқойлану, азаматтық, адамгершілік қасиеттері, т.б.) ену процесінде ие болатын белгілі бір әлеуметтік рөлі мен тәрбиесін игеруге бағытталған.

*Регулятивті* функция(латын тілінен *regulare*– ретке келтіру, бағыт беру) кәсіптік білім беру бірлестігінің мүшесі – индивидтің әрекеттері мен қылықтарын әлеуметтік бақылау мен жүріс-тұрысының белгілі бір стандарттарын жасауға бағытталған.

*Аксиологиялық* функция(грек тілінен *axios*– құнды) кез-келген әлеуметтік институтта белгілі бір базалық құндылықтар жүйесінің болуымен байланысты, оған әлеуметтік институттың барлық мүшелері немесе көпшілігі қосылады.

Құндылықтар жүйесіндегі келіспеушіліктер институттың кризистік жағдайын көрсетеді және оның басқа функцияларын жүзеге асыруды тым қиындатады.

*Интегративті* функция (латын тілінен *integer*– тұтас) кәсіптік білім беру жүйесінің мақсаттары мен нәтижелерінде жекелеген әлеуметтік институттың табысты қызмет етуі ғана емес, бүкіл қоғамның мүдделері басым болуы тиіс дегенді көрсетеді.

Функциялардың екінші тобы:

Кәсіптік білім беру жүйесінің басқа әлеуметтік мәдени институттар қатарындағы ерекшеліктерін көрсетеді. Бұған білім беру, тәрбиелеу, дамыту, дүниетанымдық, инновациялық, экономикалық функциялар кіреді.

*Білім беру* функциясы– білім алушылардың (қандай да бір кәсіптік білім беру жүйесіне енгізілген) олар өмір сүретін және әрекет ететін әлем жөніндегі білімдер жүйесін қалыптастыру; экономика, өндіріс, әртүрлі материалдарды өңдеу процесі, ғылым, мәдениет негізге алатын іргелі ғылыми принциптерді оқыту және бекіту; кәсіптік қызмет субъектілері ретіндегі болашақ маманның жалпы кәсіптік және арнайы білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын қалыптастыру мен дамыту. Дәл осы функция оқытушылар мен студенттердің ғылыми білімдері, ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін таратуға қатысу арқылы жүзеге асырылады.

*Тәрбиелеу* функциясы– бұл тек кәсіби маңызды білімдер мен іскерліктерді ғана емес, сондай-ақ өмірлік мақсаттар мен принциптерді, білім алушылардың әлеуметтік-адамгершілік нормалары, құндылықтары, идеялары жөніндегі мәдениетке сәйкес ұғымдарын және соған сәйкес мінез-құлық стандарттарын (студенттердің оқу-танымдық, өндірістік, клубтық, профильдік және басқа әрекеттерінде, олардың оқытушылармен, «кәсіптік цех» өкілдерімен өзара әрекеттесуінде) қалыптастыру. Кәсіптік білім берудің әлеуметтендіруші нәтижесі білім алушылардың қоршаған әлемге, игерілетін мамандығына және өзіне деген эмоционалды-құндылық және нормативті-құлықтық қарым-қатынасы болып табылады. Бұл нәтиже болашақ кәсіпқойдың тәрбиелілігі мен табысты оқуынан тез анықталады.

*Дамыту* функциясы– бұл тек кәсіптік білімдер мен іскерліктерді беріп қана қоймай, сонымен бірге адамды тұлға ретінде дамытатын, оны өзіндік шығармашылық өмірге шынайы өзін-өзі жүзеге асыруға дайындайтын өзінше бір «адам институты». Кәсіптік білім алу кезеңінде адам дамуының бағдары денсаулықты нығайту және дене бұлшық еттерін жетілдіру, интеллект пен шығармашылық ойлауды, өзін-өзі ұғыну Мен-тұжырымдамасын, эмоционалды-ерікті және мотивациялық-қажеттілік саласын (оның ішінде студент үшін негізгі – табысты оқу-кәсіптік қызметке деген қажеттілік), қабілеттерді, соның негізінде – жұмыс істеу мен қарым-қатынас жасаудың жеке стилін дамыту болады. Сол уақытта қазіргі педагогика мен психология дамуды жеке тұлғаның белгілі бір идеалға сәйкес мақсатқа бағытталып, қалыптасуы ретінде қарастырмайды. Бұл функция жеке тұлғаның өзін дамыту үшін жағдай жасау, қызметтердің түрлерін таңдауға мүмкіндік беру және білім алушылардың таңдауына ұстаздың баға беру қатынасы арқылы жүзеге асырылады.

*Дүниетанымдық* функция – бұл білім алушылардың іргелі ғылымдардың қазіргі жетістіктеріне бара-бар тұтас дүниетанымын және әлемді сезінуін қалыптастыру. Жоғары мектепті бітіруші мақсатын ұғынатын қоғамдық еңбекке және мәдени шығармашылыққа, өзінің өмірін, өмір сүру және қарым-қатынас жасау ортасын құруға қабілетті болуы тиіс. Оның өмірінің негізгі шарты – әлемнің тұтас бейнесін ұғыну, адамның осы әлемдегі орнын, рөлін және атқаратын қызметін ұғыну, мұның бәрі адамның әлеммен агрессивті емес байланысын орнатуды, оның табиғатпен, мәдениетпен және өзіне деген қарым-қатынасын үйлесімді үйлестіруді болжайды. Онсыз адам күннен күнге күрделеніп келе жатқан әлемде бағдар жасай алмайды. Қазіргі таңдағы жаһандық процестердің себебі мен мүмкін болатын салдарын түсінбейді, табиғатпен және қоғамдық күштермен өзара әрекеттесудегі өзінің рөлін ұғына алмайды.

*Инновациялық* функция – бұл жаңа кластың кәсіптік және жалпы мәдени міндеттерін шешуге бағытталған идеяларды қалыптастыру, тарату және енгізу. Бұл функция ғылыми зерттеулерді (іргелі және қолданбалы) жүргізу арқылы, ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін тарату, инновациялық типтегі шағын кәсіпорындарды құру мен дамыту, инновациялық бағдарламаларды жүзеге асыру, қазіргі таңдағы ақпараттық технологияларды меңгеру және оны білім алушылардың қоғамдық өндіріс пен жеке тұлғаның шығармашылық дамуының әртүрлі салаларында қолдану мүмкіндігі арқылы жүзеге асырылады. Нақты бір кәсіптік білім беру мекемелерінің оқытушылары мен білім алушыларының осы функцияны жүзеге асыруға кірісуі, олардың зерттеу, жобалық-конструкторлық, технологиялық және басқа да шығармашылық қызметтерінің нәтижелілігі кәсіптік білім берудің басқафункцияларын табысты жүзеге асырудың маңызды шарты ретінде болады.

*Экономикалық* функция– бұл интеллектуалды жеке меншік; қызметтер, ең алдымен білім беру қызметтері; тауарлар нарығының қызмет етуі мен дамуына кәсіптік білім беру жүйесінің, оның ұжымдық және жеке өкілдерінің белсенді араласуы. Бұл функция қосалқы шаруашылықтардың, оқу-өндірістік цехтар мен кәсіпорындардың, тәжірибелік-конструкторлық учаскелері мен өндірістердің, ғылыми-зерттеу ұжымдарының қызметінде, сондай-ақ оқытушылар мен қызметкерлердің жеке қызметінде жүзеге асады – мұның бәрі қоғамдық байлықты экономикалық өсіру мен ұлғайтуға, сондай-ақ кәсіптік білім беру мекемелерін бюджеттен тыс көздер есебінен қаржыландыруды жақсартуға ықпал етеді.

Кәсіптік білім берудің айқын функцияларынан басқа латентті функциялары (латын тілінен *latens*– жасырын, көзге көрінбейтін) бар, мысалы, мәртебелік және саяси.

Сонымен, *мәртебелік* функциясы– бұл кәсіптік білім алуға, әсіресе жоғары білім алуға мүмкіндік беру, бұл сол уақытта белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болу дегенді білдіреді, ол мұндай білімсіз, оны растайтын құжатсыз болғанға қарағанда әлеуметтік бастама бойынша бір саты жоғары көтерілуге; кәсіби қызметтің ерекше тартымды саласына (дипломатия, банк ісі

және т.б.) жол ашатын «білім цензына» ие болуға; сол кәсіптік бірлестіктің ықпалды өкілдерімен достық байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

*Саяси* функцияда сол сияқты айқын емес, оның мәні мынада: әртүрлі жастағы топтардың ортақ мүдделерін көрсететін, оларды біріктіретін адамдардың көптеген бірлестіктері, ол кәсіптік білім беру жүйесінің заңдық талаптарын (мысалы, қызметті жоғарылату немесе мемлекет тарапынан материалдық қолдау көрсету) қоюда жүзеге асады. Мұндай талаптар өкімет органдары мен саяси элиталарға ықпал ете отырып *кәсіптік білім беру саласының*(кәсіби академиялық бірлестігі, ректорлар кеңесі, ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің шығармашылық одағы) *саяси жүйемен өзара әрекеттесуін*белсенділендіреді. Өзара қолайлы шешімдерді табу өкіметтік құрылымдарға мемлекеттік кәсіптік білім беру жүйесінде жұмыс істейтін адамдардың тілектерін жобалауға және осы латентті, жасырын функция айқын болуы мүмкін жағдайдың алдын алуға мүмкіндік береді.

Жекелеген кәсіптік білім беру мекемелерінің көбінесе бағдар жасайтын өзіндік функциялары:

- мүмкіндігі шектелген білім алушылардың қоғамдағы әлеуметтік-мәдени процеске бейімделуі;
- мінез-құлқы адекватты емес қоғамдағы және құқыққа қарсы білім алушыларды әлеуметтік реабилитациялау;
- бітірушілерді еңбек нарығына ену кезеңінде қолдау және т.с.с.

«Кәсіптік білім беру» ұғымының мазмұны, кәсіптік білім беру жүйесінің нақты-тарихи функциясының мазмұны әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени жағдайларға байланысты емес, сондай-ақ экономиканың сәттілікпен дамуының алғашқы шарты болып табылады. Осыған ұқсас өзара бір-біріне себепкер болу кәсіптік білімнің мәдениетпен және ғылыммен байланысын сипаттайды.

Алайда мұндай түсінік тым қарапайым, соған сәйкес болмысты бұрмалайды. Кәсіптік білім беру институты салыстырмалы түрде дербес және автономды, тіпті қоғамдық төңкерістердің ең кризистік жағдайларында да жеткілікті дәрежеде селқос және тұрақты. Сонымен бірге, білім беру жүйесі кез-келген қоғам шеңберінде – өзін-өзі рефлексиялауға, өзін-өзі тануға, өзінің даму векторын мақсатқа сай таңдау негізінде өз қызметінің бағытын өзгерутге қабілетті жүйе.

Осы тұрғыдан кәсіптік білім берудің әлеуметтік мәдени институтының күрделі қарым-қатынасына назар аударайық.

Кез-келген деңгейдегі білім алу – бұл сату-сатып алу объектісі емес, жеке табыстар мен қоғам табыстарын тұтастай қайта бөлудің күрделі экономикалық және әлеуметтік мәдени қатынастарының объектісі, сонда бұл қатынастардың ядросы әрбір адамның білім алуға құқығы болып табылады. Сонымен бірге мынаны ескеру қажет:

- білім берудің соңғы өнімін (меңгерген білімдер, іскерліктер, байқалған қабілеттер, жеке тұлғалық қасиеттер) білім алушылар да, білім берушілер де қалыптастырады, өйткені оқытылатын материалды меңгеру негізінде білім

алушының өз бетінше немесе педагог көмегімен ашқан жаңалығы мен ынтымақтастығы жатыр; білімнің сапасы мен құндылығына аталған екі субъект те тең дәрежеде жауапты, ал «өндіріс» пен «тұтыну» мұнда үздіксіз бірлікте болады;

- кәсіптік білім беру жүйесі тек нарық конъюнктурасына ғана емес, қоғам мәдениетінің даму дәстүрлеріне де ілеседі, соның арқасында іс-әрекет технологиялары, мәдени нормалар мен құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа беріледі, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер бірдей атаумен үдетіледі;

- кәсіптік білімге, әсіресе жоғары білімге сұранысты анықтайтын факторлар көбінесе бағалық емес сипатта, бұған бір жағынан халық шаруашылығының стратегиялық қажеттіліктері, екінші жағынан – жеке қызығушылықтар мен білім алушылардың бейімділіктері себепкер; олардың екеуі де бағаны есептеуге келмейді.

- білім беру либералды экономика болғанымен көбінесе өмірдің кәсіби, экономикалық, саяси және мәдени салаларында құзыретті және жауапты әрекеттерге, интеллектуалды жағдайларға қабілетті адамдарды тәрбиелеу арқылы демократияны дамытуға және сол арқылы еркін таңдау мен қоғамның саяси өміріне нақты ықпал етуіне көмектеседі;

- білім беру, әсіресе іргелі білім беру нәтижесі бірден байқалмайды; дәл осы оқыту мен одан пайда алу! арасындағы алшақтық білім беруді дұрыс бағалаумаудың, оқытушы еңбегін дұрыс бағаламаудың дамуына себепкер болып табылады;
- қазіргі таңда кәсіптік білім берудің негізі ғылыми зерттеулер болып табылады; сондықтан кәсіптік білім беру институтын тек мамандарды кәсіби дайындауды қамтамасыз ететін құрылым ретінде және нарықтық экономика заңдары бойынша дамитын білім беру саласы үшін қызмет көрсету секторы ретінде де емес, ғылыми бірлестік ретінде қарастыру керек.

Еңбекті қоғамдық бөлу негіздеріне, кәсіптік дайындау үшін мамандықтар мен жұмысшы мамандықтар тізімін қалыптастыру мен дамыту тенденциясына жасалған талдау «Еңбек - білім» байланысындағы алғашқысы еңбек саласы болып табылатындығын көрсетті, оған еңбектің кәсіби біліктілік құрылымы тән (қоғам дамуының объективтік заңдарына қарай), ал ол қайта жаңғырту процесінде дамиды. Нәтижесінде белгілі бір деңгейдегі және профиль бойынша білімі бар кадрларға деген объективті қажеттілік пайда болады, оны қанағаттандыру үшін қоғам соған бара-бар білім беру жүйесін құрады.

Қоғамдық еңбек жиынтығын талдау негізінде бастапқы, орта және жоғары кәсіптік білім берудің *мамандықтары мен кәсіптерінің тізімі* қалыптасады. Сол кезде әртүрлі салалар бойынша қалыптасқан (немесе қалыптасып келе жатқан) кәсіптік біліктілік құрылым, еңбек құрылымын өзгертудің әлеуметтік-экономикалық алғышарттары (техникалық профиль мамандықтарын интеграциялау, қызмет көрсету саласындағы мамандықтарды дифференциациялау, ғылым мен өндірістің жаңа салаларының пайда болуына байланысты жаңа мамандықтар мен кәсіптердің пайда болуы, ескірген

мамандықтар мен кәсіптердің жойылуы ) ескеріледі. Сондықтан, мұндай тізімдер жарияланып, қажеттілік бойынша жаңартылып отырады.

Кәсіптік білім мамандықтары білімдердің белгілі бір жергілікті саласы болып табылады, олар қызметтердің әр алуан түрін, оның ішінде жоғары немесе орта кәсіптік білімі бар мамандар атқаратын қызметтер мен әртүрлі деңгейдегі басқару, сынау-зерттеу, өндірістік-технологиялық, жобалау-конструкторлық қызмет түрлерін орындау кезінде қолданылуы мүмкін.

Кәсіптік білімнің бастапқы, орта, жоғары деңгейіндегі мамандықтар тізімін құру негізінде әртүрлі тәсілдер жатыр. Жоғары білім мамандықтары *объектілі-қызметтік*тәсіл негізінде анықталады, яғни бірінші орында маманның назары аударылуға тиіс объекті (мысалы авиациялық двигательдер мен энергетикалық қондырғылар, космостық ұшыру аппараттары мен жүрдек блоктар, сәулелі жүйелер және т.б.) .

Бұл саладағы инженер кез келген функцияларды – технологиялық конструкторлық, диагностикалық және т.б. орындай алады. Ол үшін неғұрлым маңызды қасиеттер жүйедегі объектіні, тұтастықты көре білу, оның ішінде жұмыстың нақты бөлігі мен объект тұтастығы арасындағы байланысты көре білу іскерлігі болып табылады.

## 3.2 Жоғары оқу орнындағы тәрбие жүйесінің бағыты мен мәні.

Жоғары мектептегі кураторлық.ЖОО барлық педагогикалық қызметкерлер тәрбие функцияларын орындайды. Куратор - ЖОО оқу-тәрбие жұмысының тікелей және негізгі ұйымдастырушысы, топтағы тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін кафедра меңгерушісі тағайындайтын ресми тұлға. Куратордың мынадай функциялары бар:

- тәрбиелеу - әрбір студенттің және тұтастай ұжымның дамуы мен қалыптасуына педагогикалық басшылық жасау;
- ұйымдастыру-әкімшілік - ЖОО құрамындағы ұйымдық бірлік ретіндегі топқа басшылық жасау, студенттердің жеке іс қағаздары мен басқа да құжаттарын толтыру;
- үйлестіру - тәрбие процесіне қатысушылардың арасындағы өзара әрекеттестікті орнату.

Куратордың функционалды міндеттеріне мыналар жатады:

- студенттерді жан-жақты зерттеу мен тәрбиелеу, оларға оқу мен дамуға, өзін-өзі анықтау проблемаларын шешуге көмектесу, студенттердің топ ішіндегі тұлға аралық қарым-қатынастарын дамыту, ата-аналармен өзара әрекеттесу және оларға бозбалалар мен қыздарды тәрбиелеуде көмек көрсету, педагогикалық мәселелерді шешуде оқытушылармен өзара әрекеттесу, студенттердің үлгерімін, сабаққа қатысуын және тәртібін бақылау.

Куратордың жұмысы тікелей айтқанда екінші мамандық, оқытушыға қарағанда өзіндік ерекше білімдерді, іскерліктерді және қасиеттерді талап ететін қызмет саласы. Куратор жұмысына қойылатын талаптар қазіргі таңдағы мектептегі тәрбие мақсаттарымен және мазмұнымен анықталады.

Университеттегі тәрбие мақсаты жеткілікті дәрежеде анық емес екендігі белгілі. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына көмектесу, жеке тұлғаның негізгі мәдениетін, өзін-өзі анықтау мен өзін-өзі көрсету қабілетін қалыптастыру - тәрбие мақсаты жөнінде педагогикалық әдебиет пен ҚР «Білім туралы» заңында шамамен осындай мағынада айтылады. Алайда, технологиялық деңгейдегі тәрбие жұмысына жасалған талдау куратордың тәрбиелік әрекеттерінің циклын бөліп көрсету мен сипаттауды талап етеді. Оны технологиялық цикл деп айтуға болады.

Бүкіл тәрбие жұмысы алуан түрлі педагогикалық жағдаяттар - болуға тиісті және ақиқатты жағдай арасындағы қарама-қайшылығы, проблемасы бар тәрбие процесі мен білім алушылар жағдайы түрінде куратордың алдында тұрған педагогикалық мәселелерді шешудің үздіксіз қатары болып табылады, бұл нәтижесі жаңа қасиеттерді, білім алушылардың жаңа жай-күйін қалыптастыру болып табылатын педагогикалық әрекеттерді талап етеді.

Куратор тек күнделікті болып жатқан жағдайларда ғана әрекет ететін ЖОО тәрбиешінің жұмысы тек ситуативті, жүйесіз болмауы маңызды, сонда ол өзінің жұмыс жүйесін қалай ұйымдастыруы, қайтып құруы тиіс. Сондықтан әдіскерлер куратордың тәрбие жұмысының циклын ұсынады, ол мынадай әрекеттердің жұмыс кезеңдерінің кешені, жиынтығы ретінде көрінеді.

1. Студент пен топ ұжымын зерттеу; демографиялық, медициналық психологиялық, педагогикалық мәліметтерді жинау (жанұя, әлеуметтік және материалдық жағдайы, денсаулығының жағдайы, даму деңгейі, тәрбиелілігі).
2. Топ үшін немесе жекелеген топ, студенттер тобы үшін оқытудың белгілі бір кезеңі үшін типтік және жеке тәрбие міндеттерін тұжырымдау.

Тәрбие жұмысын жоспарлау - студенттермен, оқытушылармен, ата- аналармен жұмыс істеу үшін оперативті құжат жоспарды жасау. Ол сол мәселелерді шешу бойынша міндеттер мен жұмыстардың тізімінен тұрады.

Қызметті міндеттер мен жоспарларға сәйкес ұйымдастыру, өткізу және түзету: кураторлық сағаттарды, экскурсияларды, жорықтарды, кештерді және т.б. өткізу.

Тәрбие нәтижелеріне талдау жасау мен оны бағалау, ол студенттердің тәрбиелік деңгейінен білінеді. Байқаулар, сұраулар, т.б. әдістер тәрбие нәтижесі жөнінде пікір айтуға және жаңа мәселелерді қоюға, сондай- ақ куратордың тәрбиеші ретіндегі кәсіби құзыреттілігі мен жеке тұлғалық өсуі жөнінде мәселелерді қоюға мүмкіндік береді.

Диагностикадан нәтижеге дейінгі бұл цикл әлеуметтік жүйедегі (адамдардың қатысуымен) басқаруға тән, тәрбие жүйесі сондай болып табылады. Оған кейбір қосымша түсініктер беріле отырып тәрбие жұмысының технологиялық процесі деп аталуы мүмкін және ыңғайлы болуы үшін төрт кезеңге біріктіріледі: а) диагностика, б) жоспарлау, в) жоспарды жүзеге асыру, г) нәтижелерге талдау жасау.

Дегенмен де, көбінесе, тәрбиеші оқытушылар өз жұмысын формальді жүргізіп, іс-шаралардың жүйесіз жиынтығына алып келіп, білім алушыларды жақсы білмей, мақсаттарды, мазмұнды, құралдарды жете түсінбей, нәтижелерді

жоспарламай өз жұмысын нашар ұйымдастырады. Сондықтан білім алушыларды тәрбиелеу алдын-ала ниет қылмай, кездейсоқ болады, яғни тиімділігі төмен болады. Басқаша болуы үшін топпен жұмыс істеудің технологиялық циклын және жекелеген білім алушылармен жұмыс істеу технологиясын жете түсіну қажет, оның әрбір бөлігін зерттеп, практикада оны меңгеру керек.

Куратор жұмысындағы диагностика – бұл топтың жекелеген студенттерін және бүкіл топты тұтастай кешенді зерттеу. Диагностиканың, студенттерді зерттеудің негізгі мақсаты студенттердің дамуындағы, біліміндегі, тәрбиесіндегі проблемаларды анықтау, міндеттерді тұжырымдау мен топпен жұмыс істеуді жоспарлау.

Студенттерге диагностика жасау мазмұнын былай келтіруге болады: студенттің және оның жанұясы жөніндегі демографиялық мәліметтер, студент денесінің өсуі және денсаулығы жөніндегі, жалпы және ерекше танымдық қабілеттері (зейін, ес, ойлау, қиял), эмоционалдық-ерікті және қажеттілік-мотивациялық сферасы, жеке тұлғаның бағыты, қызығушылықтары, қарым-қатынасы, құндылықтары мен концепциясы және ең соңында, мінез-құлқы, қылықтары жөніндегі мәліметтер.

Сонымен бірге, куратор және тұтас ұжым ретіндегі топ: топтағы тұлға аралық қарым-қатынастар, бірлік, қоғамдық пікір, құндылықтардың бірлігі және т.б.

Ғылым кураторға, тәрбиешіге диагностика жасау әдістерінің үлкен арсеналын ұсынады: бақылау, сауалнама әдістері (анкета, әңгіме, сұхбат) тестілер, құжаттар мен студенттердің жұмысына талдау жасау және т.б.

Бақылау фактілерді, жағдайларды студенттердің жүріс-тұрыс ерекшеліктерін жинау, суреттеуден тұрады. Әдістеме бақылау мақсаты мен объектісінің анықталуын талап етеді – қандай қасиеттер мен ерекшеліктерді зерттеу керек, сондай-ақ зерттеу ұзақтығы мен нәтижелерді жазу тәсілдері.

Кураторлық жазбаларды жүргізу ұсынылады, онда бақылау бойынша әрбір студент үшін жазуға арналған орын болады. Бақылау студентті нақты жағдайларда көруге мүмкіндік береді.

Анкеталар, әңгімелер және т.б. сауалнама әдістері студенттердің жеке тұлғалық қасиеттері, құндылықтары, қарым-қатынасы, іс-әрекет мотивтері туралы әр түрлі мәліметтер береді. Анкеталар формасы бойынша ашық (студент еркін жауапты тұжырымдайды) және жабық (ұсынған жауаптың ішінен таңдап алу керек) болады. Жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу үшін сондай- ақ құжаттарға (кітапханалық формуляр, медициналық карта), студенттердің шығармашылық жұмыстарына (шығармалар, суреттер) талдау жасау қолданылады. Социометрияны топтағы және тұлға аралық қарым- қатынасты, сондай-ақ тұлғалық қасиеттерді анықтау үшін қолданады. Тест жеке тұлғаның тума қасиеттерін өлшейтін немесе анықтайтын «құрал», стандартты сынақ. Педагог, қағидаға сәйкес, тестілеу кезінде психологтың көмегіне сүйенеді, бірақ кейбір әдістемелерді өз бетінше қолдана алады.

Тәрбие жұмысын жоспарлау. Топпен жұмыс істеу кезіндегі нақты проблемаларды - міндеттерді анықтап алып, педагог өзінің тәрбие жұмысының

бағдарламасын, жоспарын құрады - бұл топпен және/немесе жекелеген студенттермен, сондай-ақ кураторлармен және белгілі бір кезеңде (тоқсаннан бір жылға дейін) ата-аналармен атқарылатын жұмыстар мен мәселелер тізімі. Жоспарлау - куратордың тәрбие міндеттерін және оларды шешу құралдарын анықтау процесі. Жоспардың құрамы мен құрылымын педагог анықтай алады. Әдіскерлер куратордың жұмыс жоспарына мынадай бөлімдерді енгізуді ұсынады:

• топтың демографиялық және психологиялық-педагогикалық сипаттамасы;

• жұмыс бағыты және күнтізбелік мерзім бойынша жарты жылға арналған кесте-жоспар, онда топпен істелінетін нақты жұмыстар көрсетіледі;

• оқытушылармен және ата- аналармен атқарылатын жұмыс;

• студенттермен жеке орындалатын жұмыс.

Жоспарды жасауға кіріскенде педагог, куратор тәрбие жұмысын жоспарлаудың мынадай көздерін білуі және ескеруі тиіс:

• білім беру, тәрбие жөніндегі мемлекеттік, аймақтық және жергілікті құжаттар;

• тәрбиелеу және жоспарлау мәселелері бойынша педагогикалық әдістемелік нұсқаулар;

• университеттің оқу-тәрбие жұмысының жоспары;

• білім алушылар диагностикасы жөніндегі мәліметтер;

• куратор ұсыныстары, топ студенттері мен олардың ата-аналарының тілектері;

• әлемдегі, елдегі, қаладағы және ауылдағы күнделікті және болуы мүмкін оқиғалар;

Жоспарды құруға ата-аналар мен студенттер қатыстырылуы мүмкін. Куратор студенттердің қалауларын қолдап, сонымен бірге өзінің міндеттерін - даму мен тәрбиелеуді қамтамасыз етуді естен шығармауы тиіс.

Жоспарды жүзеге асыру (тәрбие жұмысын ұйымдастыру). Тәрбиелеуші мен студенттердің іс-әрекеті түрі мен формасы бойынша алуан түрлі. Педагогтар бірін-бірі қайталамай, әркім өзінше жұмыс істейтін сияқты болғанымен жаппай қолданылатын іс-әрекеттің неғұрлым зерттелген формалары бар, онда типтік қайталанатын әдістер, тәсілдер, құралдар, құрылым қолданылады. Бұл оларды белгілі бір дәрежеде технологиялық деп суреттеуге негіз болады.

Педагогтарға белгілі ұжымдық шығармашылық іс-әрекет әдістемесі технология талаптарына көбірек сәйкес келеді.

### 3.3 Кредиттік оқу жүйесі бойынша жүргізілген эксперимент нәтижелері

Тәжірибелі-эксперимент жұмысы Алматы технологиялық университетінің студенттерімен үш кезеңде (анықтау, қалыптастыру, бақылау) жүргізілді.

Экспериментке 227 студент қатысты, оның 117-эксперимент тобында, 110-бақылау тобында болды.

Анықтау эксперименті барысында анкеттік сауалнама арқылы төрт компонент бойынша (эмоционалды-мотивациялық, мазмұндық, бағалау, іс-әрекеттік) студенттердің қазақ халқының мәдени мұрасы саласынан эстетикалық мәдениетінің төмендігі айқындалды. Анкеттік сауалнама нәтижелері (эксперимент, бақылау топтары) студенттердің қазақ халқының мәдени мұраларынан тарихи-теориялық білімдерінің жеткіліксіз екенін көрсетті. Педагогика пәндерінен дәріс беріп жүрген оқытушылармен жүргізілген сұхбат та бұл саладан арнайы даярлықтарының жоқтығын байқатты. Бұны оқытушылардың сұхбат барысында берген жауаптары дәлелдейді. Мысалы, «Қазақстан жеріндегі тарихи-мәдени сәулет ескертікштерін білесіз бе?» деген сауалға: 20% - «иә», 10% - «ішінара білемін», 20% - «ойланған емеспін», 35% - «жоқ» деген жауап берсе, 15% - сұрақты жауапсыз қалдырды. Мұндай көрініс оқытушылардың бағдарламаға еңгізілген тақырыптармен ғана шектелетінін, студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің шешімін өздігімен дербес іздестірмейтіндігінен туындап отыр. Аудиториядан тыс ұйымдастырылатын жұмыс формаларына жасаған талдау да қарастырылып отырған мәселеге аса мән берілмейтінін дәлелдейді.

Біз осының бәрін ескере отырып, студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының бакалавриат мамандығы бойынша 0501119 – Шет тілі: екі шет тілі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына енген педагогикалық пәндердің типтік бағдарламаларына («Педагогика», «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Этнопедагогика», «Педагогика тарихы», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі») педагогикалық талаптарды ескере отрырып қосымшалар жасадық. Сонымен бірге педагогикалық пәндер стандарт бойынша екі жыл көлемінде оқытылатындықтан біз үшінші курс студенттеріне арнап «Қазақ халқының мәдени мұрасының эстетикалық мәдениетті қалыптастырудағы әлеуеті» атты элективтік курс даярладық.

Қосымшалар мен элективтік курс оқу үдерісіне кезеңдеп ендірілді. Бағдарламаларда көрініс алған қазақ халқының мәдени мұралары тақырыптың мазмұнына қарай нақты өлшемдер бойынша (деректемелердің түсінікті болуы, нақты құжаттарға негізделуі, эстетикалық құндылығы, эстетикалық танымдылығы, көркемдік стилі және т.б.) сұрыпталды.

Үш кезеннен тұратын қалыптастыру экспериментінің бірінші кезеңінде (1 курс) «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» пәні бағдарламасының бөлімдеріне арнап жасаған қосымшалар жүзеге асты.

Студенттердің анықтау эксперименті барысында берген жауаптарының нәтижесі, ұсыныстары ескерілді. Әсресе, мәдени мұраның жіктемесіне аса мән берілді, жікетемеге енген мәдени мұра түрлерінің тарихи-эстетикалық дамуы жолдары, өзіндік мазмұндық ерекшеліктері ашып көрсетілді. Халық мұрасының

ерекшеліктері әрбір облыстың, аймақтың өзіне тән ерекшеліктеріне қарай салыстырмалы түрде түсіндірілді. Сабақта республика аймақттарың дәстүрлі өнері көрініс алған видио филимдер пайдаланылды («Сары арқа әуендері», «Күй атасы – Құрманғазы», «Киелі аспап – қобыз» және т.б.). Семинар барысында студенттердің эстетикалық талғамын, танымын, көзқарасын дамыту мақсатында өздігімен дербес орындаған тапсырмалары интерактивті тақта бойынша талқыланып отырды. Қосымшаның әрбір соңғы сабағында әртүрлі іс-әрекеттердің көмегімен (жарыстар, дидактикалық ойындар, «Білім құмар» қалаларға саяхат ойыны және т.б.) оқу материалдарын меңгеру сапасын анықтау үшін аралық кесінділер жүргізілді. Мысал үшін, бірінші курстармен өткізілген танымдық ойын-саяхаттын әдістемесін қарастырайық.

Ұсынылған ойында студенттер Қазақстан Республикасының қалаларына және облыстарына «саяхат» жасады, назар аударарлық жерлерімен (ескертікштер, ғимараттар, сәулетті кесенелер, үйлер, музейлер, тарихи оқиғалар, ұлы ойшылдар, батырлар, табиғи байлықтар, табиғаттың сұлу көрністері (өзен, көл, тау, орман, аңдар, құстар), атақты әнші-күйшілер, жыршы-жыраулар, қорықтар, демалыс орындары, қолөнер түрлері және т.б.) танысты. Ойын барысында студенттер қосымша жаңа деректемелер мен де танысып отырды.

Ойынның шарты. 1.Бір қаладан екінші қалаға сұрақтарға жауап бергеннен соң ғана жылжуға болады. 2.Әрбір қалада берген жауаптар бес балдық жүйемен бағаланады.

Қала саны – бесеу. Бірінші қала – «Түркістан» («Жібек жолы»). Екінші қала – «Қызылорда» («Сыр елі – жыр елі»). Үшінші қала – «Ақтау» («Бекет ата»). Төртінші қала – «Көкшетау» («Оқжетпес»). Бесінші қала – «Семей» («Абай елі»). Әр саяхат нақты бір танымдық бағытты көздеді. Мысалы, «Түркістан» («Жібек жолы») қаласы бойынша студенттерге мынадай сұрақтар қойылды: 1. «Жібек жолы» өткен қалалардың тарихи атын ата? 2. «Жібек жолы» деп неге аталған? 3. Ахмет Иассауи сәулет ғымараты қай жылы салынды, салу тарихи туралы не білесің? Немесе «Көкшетау» қаласы бойынша: 1. Көкшетауды жер жәннаты деудің себебі неде? 2. «Оқжетпес» туралы аңыздың негізгі идеясы қандай? 3. Көкше табиғатының сулу көрінісін қандай ақындар жырлаған? және т.б. Мұндай танымдық ойындар студенттердің шығармашылық әлеуетінің ашылуына, ойлау әрекетін белсендендіруге, рухани-эстетикалық танымын жетілдіруге, танымдық қызығушығын арттыруға, білім қорын толықтыруға септігін тигізеді. Әйтседе, бірінші кесіндінің нәтижесі студенттердің қазақ халқының мәдени мұрасы түрлерінен білімінің әлі де болса таяз екендігін көрсетті. Мысалы, «эстетикалық мәдениет», «мәдениет» ұғымдарының мәнін анықтауда сауалнамаға қатысқандардың 12%-ы «Эстетикалық мәдениет» - адамның сыртқы сұлулығы мен ішкі рухани сұлулығының үйлесімділігі» десе, 37%-ы сұраққа жауап беруде қиналды. «Мәдени мұра» ұғымына 15%-ы – ата-бабамыздың ұрпағына қалдырған материалдық және рухани байлығы – мирасы» десе, 25%-ы толық жауап бере алмады.




Сурет 3 – Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы қалыптастырудың құрылымдық моделі

Кесте 3 – Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлері

| Компо-ненттері | Өлшемдері | Көрсеткіштері | Деңгейлері |
|---|---|---|---|
| Эмоционалдық-мотивациялық | Қазақ халқының мәдени мұрасына қызығушылығы мен эмоционалдық көзқарасының болуы | 1.Қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың әлеуметтік маңызын ұғынуы.<br>2.Қазақ халқының мәдени мұрасына қызығушылық таныту және оған жағымды қарым-қатынас орнатуы.<br>3.Қазақ халқының мәдени мұрасының тұлғалардың эстетикалық тәрбиесіндегі маңызын түсінуі.<br>4.Қазақ халқының мәдени мұрасын оқып тануда табандылық танытуы.<br>5.Қазақ халқының мәдени мұрасының эстетикалық әлеуетін әсерлі сезіммен эмоционалды қабылдауы. | Жоғары: қазақ халқының мәдени мұрасына ерекше қызығушылық танытады, эстетикалық мәнін жақсы түсінеді, эмоционалдық сезіммен қабылдайды, теориялық мазмұнын, әдіс-тәсілдерін жетік біледі, дәлелді баға бере біледі, практикада еркін пайдаланады, өздігінен дербес шығармашылық ізденіс танытады.<br>Жеткілікті: қазақ халқының мәдени мұрасына қызығушылығы бар, эстетикалық мәнін түсінеді, әсерленеді, мазмұнын, әдіс-тәсілдерін біледі, өздігінен баға беруге талпынады, практикада пайдаланады, қажет материалдарды іздестіруге талпынады.<br>Орта: қазақ халқының мәдени мұрасына ішінара қызығушылық танытады, эстетикалық мәнін түсіне бермейді, эмоционалдық сезімін байқатпайды, мазмұнын, әдіс-тәсілдерін оқытушының |
| Мазмұндық | Қазақ халқының мәдени мұрасынан теориялық білімінің болуы | 1.Қазақ халқының мәдени мұрасы мазмұнының эстетикалық әлеуетін түсінуі.<br>2.Қазақ халқының мәдени мұрасының құралдарын, әдіс-тәсілдерін білуі.<br>3.Қазақ халқының мәдени мұрасының эстетикалық құндылықтарының эстетикалық тәрбиедегі мүмкіндіктерін білуі.<br>4.Қазақ халқының мәдени мұрасының эстетикалық құндылықтары мазмұнын тұлғалардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдай білуі.<br>5.Қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы тұлғаларды тәрбиелеу мен дамытудың нәтижелі формалары мен әдістерін білуі. | |
| Бағалау | Қазақ халқының мәдени мұрасының эстетикалық әлеуеті мазмұнын қабылдауы және бағалауы | 1.Қазақ халқының мәдени мұрасының құралдарын біртұтас қабылдауы, оларға эстетикалық тұрғыда дәлелді баға беруі.<br>2.Қазақ халқының мәдени мұрасы құралдарының эстетикалық мүмкіндіктеріне, салыстырмалы түрде, баға бере білуі.<br>3.Қазақ халқының мәдени мұрасының көркемдік әлеуетіне логикалық бірізділікте мазмұнды баға бере білуі.<br>4.Қазақ халқының мәдени мұрасының халықтық сипатын талдай, бағалай білуі.<br>5.Мекеме тұлғаларының қазақ халқының мәдени мұрасына берген бағасын қорытындылай білуі. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Іс-әрекеттік | Оқу-тәрбие үдерісінде қазақ халқының мәдени мұрасын нәтижелі меңгеруге ықпал ететін негізгі іскерліктерді меңгеруі | 1.Тұлғалардың эстетикалық тәрбиесінде пайдаланатын қазақ халқының мәдени мұрасын жоспарлай білуі.<br>2.Оқу-тәрбие үдерісінде меңгертілетін қазақ халқының мәдени мұрасының нәтижелі формалары мен әдістерін таңдай білуі.<br>3.Іс-әрекеттерде пайдаланатын қазақ халқының мәдени мұрасын тұлғалардың эстетикалық қызығушылығына қарай таңдай білуі.<br>4.Оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланатын қазақ халқының мәдени мұрасына тұлғаларды әсерлі ендіре білуі.<br>5.Қазақ халқының мәдени мұрасы тақырыптарына өтілетін іс-шаралар. | көмегімен есіне түсіреді, өздігімен баға бере алмайды, практикада оқытушының бағдар беруімен пайдаланады, дайын материалды қолданумен шектеледі.<br>Төмен: қазақ халқының мәдени мұрасына қызықпайды, эстетикалық мәнін түсінбейді, әсерленбейді, мазмұнын, әдіс-тәсілдерін білмейді және білуге талпынбайды, өздігінен дербес ізденіс танытпайды, баға бере білмейді, дайын материалдарды орынды пайдаланбайды. |

Бұл кемшіліктерді біз қалыптастыру экспериментінің екінші кезеңінде (2 курс) «Педагогика» пәнін жалғастыру барысында және «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» мен «Этнопедагогика» пәндерін оқыту барысында ескердік. Қазақ халқының мәдени мұраларының көптеген түрлерін жүзеге асыруда (салт-дәстүрлер, ауызекі поэтикалық шығармашылығы, музхыка, сәндік-қолданбалы өнері, халық білімдері және т.б.) семинар сабақтарының, студенттердің өздігімен жұмысының (СӨЖ) мүмкіндігі мол болды. Жұмыс

барысында студенттер нақты бір тақырыпта іс-шаралар жоспарын құрып, сценарийлер жазып үйренді, іс-шаралар өткізу әдістемесін құрып дағдыланды.

Мәселен, «Этнопедагогика» пәні бойынша жасаған қосымшаны менгерудің соңында семинар-зерттеу жұмыс формасын пайдаландық. Жұмыстың бұл формасын ұйымдастыру әдістемесінің мақсаты – студенттердің өздігінен дербес жұмысын белсендендіру, зерттеу жұмыстарына эстетикалық танымдық қызығушылыған арттыру. Міндеттері: «Абай шағармаларының эстетикалық тағылымы», «Шоқан шығармаларының халық мұрасымен сабақтастығы», «Сәндік-қолданбалы өнердін тағылымдық сыры», «Ахмет Иассауи сәулет ғимаратының тарихнамасы», «Қазақ ертегісінің эстетикасы» тақырыптары бойынша материалдар жинау; олардың ғылымда зерттелу денгейін анықтау; авторлардың тұжырымдамалық идеяларын жүйелеу; эстетикалық мәдениетті, эстетикалық мінез-құлықты, эстетикалық танымды қалыптастырудағы рөлін айқындау; оларды студенттердің эстетикалық тәрбиесінде пайдалануға бйланысты ұсыныстар даярлау.

Жұмыс барысында студенттер үлкен қызушылық танытты, өздігімен дербес өздеріне бөлінген тақырыптар бойынша деректі материалдар жинады, оны сұрыптап жүйеге келтірді, мүмкіндігінше теориялық тұрғыда негіздеуге талпынды, даярлаған жұмыстарын студеннтердің алдында қорғады. Семинар-зерттеу жұмыс формасы студенттерді шығармашылық ізденіске баулыды, ғылымға дұрыс көзқарасын қалыптастырды, білім қорын молайтты, ізденушілік дағдысын орнықтырды.

Қалыптастыру экспериментінің үшінші кезеңінде (3 курс) біз студенттердің эстетикалық мәдениетін жетілдіре түсу мақсатында «Қазақ халқының мәдени мұрасының эстетикалық мәдениетті қалыптастырудағы әлеуеті» атты элективті курсты менгерттік.

Элективтік курстын мақсаты – қазақ халқының мәдени мұрасының эстетикалық құндылықтарын менгерту және оны кәсіби іс-әрекетте тиімді пайдалануға бағдарлау. Бағдарлама 45 сағатқа (1 кредит) арналған, оның - 20 сағаты лекция, 15 – сағаты семинар, 10 сағаты - өзіндік жұмыс (Кесте 2). Курстың мазмұны студенттердің «мәдениет», «эстетикалық мәдениет», «тұлғаның эстетикалық мәдениеті», «мәдени мұра», «мирасқорлық», «мұрагерлік» ұғымдарынан теориялық білімін шындады, халықтың ауызекі поэтикалық шығармашылығының, әндері-күйлерінің, салт-дәстүрлерінің, қолөнерінің, халық ілімінің, сәулет өнерінің эстетикалық тағылымдық мүмкіндіктерімен таныстырды, оны практикада тиімді пайдалану жолдары үйретті.

Элективтік курстың соңында алынған үшінші кесіндінің нәтижелері студенттердің эстетикалық мәдениеті қалыптасуының айтарлықтай жоғары деңгейге көтерлігендігін айғақтады. Мәселен, егер студенттердің бірінші және екінші кезендерде қазақ халқының мәдени мұрасына қызығушылығы болғанымен, оларға эстетикалық тұрғыда баға беруде біраз қиналыс білдірсе, «мәдениет», «эстетикалық мәдениет», «тұлғаның эстетикалық мәдениеті», «мәдени мұра» ұғымдарының өзара бірлігін саралап көрсетуде қателесіп

отырды, элективтік курсты меңгеру нәтижесінде студенттердің қазақ халқының дәстүрлі мәдени мұраларына деген қызылушылығы артып, рухани адамгершілік қасиеттері жетілді, эстетикалық талғамы, танымы дамыды. Студентттер меңгерген білімін педагогикалық практика барысында тиімді пайдаланды. Тұлғалармен сыныптан тыс іс-шаралар өткізу кезінде, өздігімен дербес жұмыс барысында нақтылы тақырып бойынша жасаған сценарийлерінің, жоспарларының көмегі мол болды.

Кесте 4 - «Қазақ халқының мәдени мұрасының эстетикалық мәдениетті қалыптастырудағы әлеуеті» элективтік курсының тақырыптық-мазмұндық жоспары

| | Дәріс мазмұны | Сағат мөлшері | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Дәріс | Семи-нар | СӨЖ |
| 1 | «Мәдениет», эстетикалық мәдениет», «тұлға мәдениеті» ұғымдарының мәні және олардың өзара байланысы. | 2 | 2 | 1 |
| 2 | Студенттердің эстетикалық мәдениетінің қалыптасуында қазақ халқының «Мәдени мұрасының» маңызы және ерекшеліктері. | 2 | 1 | 1 |
| 3 | Қазақ халқының прогресшіл салт-дәстүрлері негізінде студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. | 3 | 2 | 1 |
| 4 | Қазақ халқының ауызекі поэтикалық шығармашылығының студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы көрінісі. | 3 | 2 | 1 |
| 5 | Қазақ халық қолөнерінің эстетикалық мәдениетті қалыптастырудағы ықпалы. | 3 | 2 | 2 |
| 6 | Қазақ қалқының музыка өнерінің студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы мүмкіндіктері. | 3 | 2 | 2 |
| 7 | Халық ойшылдары мен ғұлама ағартушыларының шығармаларындағы эстетикалық мәдениетке қатысты пікірлері мен көзқарастары. | 2 | 2 | 1 |
| 8 | Қазақ халқының мәденим мұрасын тұлғалардың эстетикалық тәрбиесінде пайдалану формалары мен әдістері. | 2 | 2 | 1 |
| | Барлығы: 45 сағат | 20 | 15 | 10 |

Студенттердің қазақ халқының мәдени мұрасының эстетикалық құндылықтары саласынан білім қорының толығып, іскерлік тәжірибесінің жетілуіне аудиториядан тыс ұйымдастырылған жұмыс формаларының (кештер, дөнгелек стол, кездесулер, пікірталас, музейге саяхат, театрға саяхат, КТК (КВН) және т.б.) пайдасы зор болды. Жұмыс формаларын ұйымдастырып, өткізуге студенттер белсене араласты: сценарий құрды, материалдар жинады, концерттік бағдарлама даярлады, көрнекі құралдар сұрыптады, іс-шаралар өтілетін аудиторияны безендірді, хабарландыру жазды, студенттер газетін даярлады және т.б.

Тәжірибелі-эксперимент жұмысының соңғы бақылау кезеңінде қайта жүргізілген анкеталық сауалнаманың нәтижеснде студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру компоненттерінің даму денгейлері анықталды. Оның нәтижелері Кесте -3-те, ал қорытынды динамикасы Сурет-4-де көрініс алады.

Кесте 5 - Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру компонентерінің даму деңгейлерінің көрсеткіштері (%), (ЭТ-117, БТ-110)

| Компоненттер | Кезеңдер | 1- жоғары | | 2- жеткілікті | | 3-орта | | 4-төмен | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 117 | 110 | 117 | 110 | 117 | 110 | 117 | 110 |
| | | ЭТ | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ | БТ |
| Эмоционалдық-мотивациялық | Басы | - | - | 17,1 | 15,45 | 29,06 | 29,1 | 53,84 | 55,45 |
| | Соңы | 20,51 | - | 40,17 | 18,18 | 36,76 | 29,1 | 2,56 | 52,72 |
| Мазмұндық | Басы | - | - | 13,68 | 13,64 | 26,5 | 30,91 | 59,82 | 55,45 |
| | Соңы | 17,95 | - | 40,17 | 16,36 | 38,46 | 31,82 | 3,42 | 51,82 |
| Бағалау | Басы | - | - | 11,96 | 13,64 | 21,37 | 30,91 | 66,67 | 55,45 |
| | Соңы | 17,1 | - | 39,32 | 16,36 | 40,17 | 31,82 | 3,41 | 51,82 |
| Іс-әрекеттік | Басы | - | - | 15,38 | 15,4 | 33,34 | 33,64 | 51,28 | 50,91 |
| | Соңы | 20,52 | - | 41,02 | 17,28 | 35,9 | 36,36 | 2,56 | 46,36 |




Сурет 4 – Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру деңгейінің қорытынды нәтижесі (%)

Эксперименттің қорытынды нәтижесі: егер, эксперимент басында (ЭТ) жоғары деңгейді көрсеткен студенттер болмаса, соңында - 19,02%-ға жоғарлады, жеткілікті деңгейді басында - 14,53% көрсетсе, соңында - 40,16%-ға жетті, орта деңгейді алғашында - 27,5% көрсетсе, соңында - 37,82%-ға артты, ал төмен деңгейді басында - 57,9% көрсетсе, соңында ол 3%-ға төмендеді. Бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

Сонымен, тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижелері біздің ұсынған болжамымыздың, студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру моделінің және өлшемдері мен көрсеткіштерінің, деңгейлерінің дұрыстығын, әдістемесінің тиімділігін дәлелдейді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

1. Зерттеу проблемасының көкейкестілігі бүгінгі қоғамның білім беру жүйесіне, мазмұнына қойып отырған талаптардан туындайды.

2. «Мәдениет», «эстетикалық мәдениет», «тұлғаның эстетикалық мәдениеті» ұғымдарының генезисін зерделеу оларға берілген әртүрлі анықтамаларды, көзқарастарды жүйеге келтіріп сипаттама беруге, олардың мәнің ашуға, құрлымдық компоненттерін, функцияларын айқындауға мүмкідік береді.

3. Зерттеу проблемасының қазіргі жағдайын зерттеу, жалпы кәсіби және арнаулы пәндерді талдау, студенттер мен мекеме мұғалімдері арасында жүргізілген анкеттік сауалнама, педагогикалық практика барысында студенттердің әрекетіне жасаған байқаудың нәтижесі, жоғары мекептін оқу-тәрбие үдерісіне қазақ халқының мәдени мұрасының мүмкіндіктерін ендіру қажеттілігін дәлелдейді.

4. Қазақ халқының мәдени мұрасына жасаған талдау оның студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы әлеуетінің жоғары екендігін дәлелдейді.

5. Қазақ даласының ойшылдары мен ғұлама ағартушыларының шығарамалары олардың қазақ халқының мәдени мұрасынан нәр алғанын, оның эстетикалық тәрбиедегі мүмкіндіктерін жоғары бағалағанын және оларды өздерінің шығармалары арқылы жас ұрпаққа жеткізе білгенін дәлелдейді.

6. «Қазақ халқының мәдени мұрасын болашақ мұғалімдердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда пайдалану тұжырымдамасы» проблеманың тиімді шешілуін қамтамасыздандырады.

7. Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру моделі мақсатты, мәдени мұра түрлерін, оны меңгертуді үйымдастыру кезендерін, бағыттарын, қалыптастыру компоненттерін, принциптерін, өлшемдерін, деңгейлері мен шарттарын қарастырады.

8. Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері оның компоненттері бойынша даму деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді.

9. Педагогикалық шарттардың жиынтығы (мазмұндық, ұйымдастырушылық, әдістемелік) студенттердің эстетикалық мәдениетінің қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптасуының тиімділігін анықтауға септігін тигізеді.

10. Педагогикалық әдістеме жұмысы танымдық іс-әрекет барысында кездескен қарама-қайшылықтарды жоюда септігін тигізеді.

11. Педагогикалық пәндерге жасаған қосымшалар, элективтік курс бағдарламасы студенттердің қазақ халқының мәдени мұрасына қызығушылығын қалыптастыруға септігін тигізеді, өздігінен дербес эстетикалық шығармашылыққа бағдарлайды, өз іс-әрекетіне эстетикалық баға бере білуге дағдыландаырады, білім, іскерлігін шыңдайды.

12. Тәжиребелі-эксперимент жұмысының нәтижелілігі студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері бойынша айқындалады.

Зерттеудің нәтижесі бойынша мынадай **ұсыныстар** жасауға болады:

1. Қазақ халқының мәдени мұрасын студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда пайдалану тұжырымдамасын жоғары оқу орындарына ендіру қажет.

2. Қазақ халқының мәдени мұрасының әлеуеті бойынша сұрыпталған материалдарды оқу материалдарының мазмұнына енгізу керек.

3. Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру моделін оқу-тәрбие үдерісінде негізге алу керек.

4. Педагогикалық пәндерге жасаған қосымшаларды «Педагогика», «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Этнопедагогика», «Педагогика тарихы», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәндерінен дәріс беруде пайдалануға болады.

5. Элективтік курс бағдарламасын студенттердің білім, іскерлік, дағдыларын шыңдай түсу мақсатында үшінші курста пайдаланған орынды.

6. Тәжірибелі-эксперимент жұмысы бырысында тексерістен өткен әдістемені, қосымшаларды, әдістемелік нұсқауларды мұғалімдер білімін жетілдіру институтында пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысы күрделі және көпсалалы проблеманы жан-жақты ашып көрсетуді мақсат тұтпайды. Оның шешімі қазақ халқының мәдени мұрасын студенттердің эстетикалық талғамын, студенттердің танымын, студенттердің көзқарасын, студенттердің мұратын қалыптастыруда пайдаланудан көрінеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. 1.Убаева Ж.Қ., Тынынкулова Г.Ж. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттер білімін бақылауда жобалар әдісін қолдану. Ақтөбе қ.,2008.
2. "Основы кредитной системы обучент в Казахстане" Гамарник Г.Н., Абдрасилов Б.С. 1МОН РК. Астана, 2004.
3. Полат Е.С. Новые педогогические и информационные технологии в системе образования. Москва: Академт, 2001.
4. Қазақ рухани мәдениетіндегі қымбат қазыналар және өркенниеттілікке ұмтылыс хақында. Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы: Қазақ мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институты, 2000. - Б. 219-225.
5. Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру // «Қазақстан мектебі», №- 11-12, 2001. – Б.18–20.
6. Адамға әсемдік жарасады // «Ұлағат», №6-2001. - Б. 38 - 41 б.
7. «Ата-баба жолы» дәстүрінде жастардың эстетикалық мәдениетін қалып-тастырудың маңыздылығы // «Ұлт тағылымы», №6/2001. - Б. 13-19.
8. Әдептілік - әдемілік // «Қазақстан мектебі», №1-2002. - Б. 61-63 б.
9. Қазақ мәдениетіндегі ұлттық рухани өрлеудің қайнар көздері // «Ұлт тағылымы», № 1, 2002. - Б. 4-10.
10. Өнердің ұлы өнегесі // «Ұлағат», № 4/ 2002. - Б. 20-23 б.
11. Әсемдік сыры - әдептілікте // «Қазақ тілі мен әдебиеті» , № 6/2002. - Б. 56б
12. Тәрбие басы тіл // «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мекеметерінде». №1/2002. - Б. 6-8.
13. Эстетикалық мәдениет сабақтастығы хақында // «Қазақстан мектебі», №5/2002. - Б. 52-54.
14. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру // Қазақстан жоғары мектебі», №3/2002. - Б. 140-145.
15. Жақсыән мен күй жан азығы // «Қазақстан мектебі», №6/2002. - Б. 50-53.
16. Табиғат та сұлулықтың кәусар бұлағы // «Ұлт тағылымы», № 2/2002. - Б. 85-91.
17. Тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру // «Поиск-Ізденіс», №3/2002. - 207-209 б.
18. Болашақ маманның мәдениетін қалыптастыру // «Білім-Образование», № 3 (9)/2002. - Б. 25-26.
19. Студент жастардың мәдени тәрбиесінің тиімділігін арттыру мәселесі // Абылай хан атындағы ҚХҚжӘТУ Хабаршысы, № 1 (4)/2002. - Б. 35-37.
20. Адамның сырт көрінісі мен рухани жан тазалығының сұлулығына тәрбиелеу // «Ұлт тағылымы», №4/2002. - Б. 7-11.
21. Шетел тілдерін оқытуда студенттердің эстетикалық мәдениетін тәрбиелеу // «Қазақстан мектебіндегі шетел тілдері», №6/2002. - Б. 42-45.
22. Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру - зиялы адам тәрбиелеу шарты // «Ұлт тағылымы», №1/2003. - Б. 19-22.

23. Студенттердің көркемөнер әрекеттері мен шығармашылықтарын ұйымдастыру // «Білім-Образование», №4/2002. - Б. 21-26.

24. Студент жастардың мәдени тәрбиесінің тиімділігін арттыру мәселесі // Абылай хан атындағы ҚХҚжӘТУ ХАБАРШЫСЫ, № 1(4)/2002. - Б. 35-38.

25. Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру, тұлғаны жетілдірудің нәтижелі құралы // Абылай хан атындағы ҚХҚжӘТУ ХАБАРШЫСЫ, №1(5)/2003. - Б. 104-108.

26. Эстетикалық мәдениет және оның адам өміріндегі маңызы // Орта-Азия университетінің ХАБАРШЫСЫ, №2/2003. - 67-70 б.

27. Әсемдікке тәрбиелеуде ұлттық тағылымдардың маңыздылығы // «Сыныптағы тәрбие», 3/ 2003. - Б. 6-8.

28. Оқыту үдерісінде тұлғалардың эстетикалық тәрбиесін жетілдіру мәселесі // «Қазақстан мекеметеріндегі шетел тілдері», № 5 (17)/ 2004. - Б. 15-22.

29. Тұлға жастарды әсемдікке тәрбиелеуде клуб жұмыстарының маңыздылығы // «Сынып жетекшісі», №5 – 2004. - Б. 37-41.

30. Оқыту теориясы және практикасының эстетикалық аспектісі // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ ХАБАРШЫСЫ, «Педагогика ғылымдары сериясы», №4(11), 2005. - Б. 119-127.

31. Формирование эстетической культуры студенческой молодежи // Вестник Кыргызского Национального Униврситета им. Ж.Баласагуна: Серия 1. Гуманитарные науки. -Вып. 3. -Филология, Языкознагие, Государственный язык. - Б.: КНУ, 2005. - С. 41-42.

